

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

Құралай КҮДЕРИНОВА

***БІРГЕ және БӨЛЕК
ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕРДІҢ
ОРФОГРАФИЯСЫ***

**Алматы
2005**

ББК 81.2 Каз.я7
К 91

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми кеңесі
баспаға ұсынған

Жауапты редакторы – филология ғылымдарының
кандидаты *Н. Уәлиұлы*

Пікір жазғандар – филология ғылымдарының
докторы, ҚР ҰҒА-ның академигі *Ш. Сарыбаев*
филология ғылымдарының кандидаты *В. Тамаева*

КҮДЕРИНОВА Қ.

К 91 Бірге және бөлек жазылатын сөздердің орфографиясы. – Алматы: 2005. –
144 бет.

ISBN 9965-25-620-9

Монографияда қазақ тілі орфографиясының күрделі мәселелерінің бірі
сөздерді бірге, бөлек таңбалаудың теориялық негіздері көрсетіліп, бірге жазудың
формалды және семантикалық белгілері сараланады. Күрделі сөздердің бөлек
жазылуын айқындайтын әдіс-тәсілдер баяндалады.

Кітап ғылыми қызметкерлер мен аспиранттарға, студенттерге, жоғары оқу
орындарының оқытушыларына, сондай-ақ мектеп мұғалімдеріне арналған.

4602020400
К ~~00(05)-05~~

ББК 81.2 Каз. я7

ISBN 9965-25 -620-9

© Күдеринова Қ., 2005

*Бұл еңбегімді әкем
Әміреұлы Бимолданың
жарқын бейнесіне арнаймын.*
Автор

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін алып, қоғамдық өмірдің алуан түрлі саласындағы қызметінің жандануы, алдымен оның нормалануына, әсіресе жазу нормасын кодификациялауға деген талапты күшейтіп отыр. Жазудың ғарыш заманында коммуникация қызметін өз монополиясына айналдыруы жалпы жазуды зерттейтін грамматология саласының пайда болып, жазу теориясының дамуына, жазуды бейнеграфиялық жүйе ретінде қарауға жол ашты. Ал дәстүрлі жазу нормасы бар тіл қоғам мәдениетінің жоғары сатыда екенін көрсетеді. Жазудың маңызы туралы грамматолог А.А. Волков былай дейді: “Письменная словесность-важнейший предмет филологического исследования, т.к. языковая культура сохраняется, воспроизводится и приумножается главным образом в произведениях письменности. В условиях современности проблемы письма выходят далеко за рамки вспомогательных исторических и филологических дисциплин, изучающих письменные памятники: палеографии, дипломатики, эпиграфики, текстологии” (1. 3).

Жазуды нормалаудың бастапқы кездерінде интуитивтік сипат басым болатыны белгілі. Бастапқыда орфографиялық сөздіктер мен емле ережелері зерттеу нысанасына айналмай-ақ, тәжірибе негізінде түзіле беретін. Орфографияның өзі емле, тасымал тәртібін белгілеу дегенді ғана білдіріп, кейін нысанасы мен пәні бар тіл білімінің маңызды бір саласы екенін айғақтады.

Бұл ретте қазақ орфографиясының айтарлықтай тарихы бар. С. Аманжолов, І. Кеңесбаев басшылығымен 1941 ж., М. Балақаев редакторлығымен 1946 ж. жарық көрген алғашқы емле сөздіктері, әр он жыл сайын жаңаруы дәстүрге айналған қазақ тілінің орфографиялық сөздіктері (ары қарай ҚТОС) (1963,1978,1988), проф. Р.Сыздықованың екі дүркін өңделіп, үш рет басылған “Емле және тыныс белгілері жайындағы анықтағышы”, ондағы емле сөздігі орфография, қазақ грамматологиясы саласындағы маңызды еңбектер болып саналады. Ал ондағы шешуі қиын да, келелі мәселе қашан да сөздердің бөлек, бірге тұлғалануы болып келеді.

Жалпы, бірге, бөлек тұлғаланатын құрама сөздер ҚТОС- інің 30% бөлігін қамтиды. Бұл сандық көрсеткіш құрама сөздердің (қос сөз, қысқарған сөз, біріккен сөз, күрделі сөз) морфология саласында, сөздерді таптастыру аясында барынша зерттелуіне мүмкіндік берді. Бұл тұрғыда қазақ тіл білімінен Қ.Жұбанов, А. Ысқақов, М.Балақаев, Н.Оралбаева сынды ғалымдардың еңбектерін айрықша атауға болады. Ал композиттердің өзіндік белгілері мен ерекшеліктері туралы неміс тіл білімінен В.С.Вашунин, А. Л. Кирсанов, Г. Пауль, М.Д. Степанова,

Р.Поленц, француз тілінен А.П.Буянов, ағылшын тілінен О.Д.Мешков, А.В.Кунин, А.М.Смирницкий, орыс тілінен О.С.Ахманова, Л.Н.Комарова, М.М.Копыленко, А.А. Реформатский, В.И.Кодухов, Л.В.Щерба тағы басқа көптеген ғалымның еңбектері бар.

Ал құрама сөз түрлері: қос сөз, біріккен сөз, күрделі сөздердің бірінен негізгі айырым белгісі компоненттердің арақатынасы, соған лайық тұрпат межесі, яғни орфографиялануы жеке зерттеулерден бұрын орфографиялық сөздік, емле ережелері материалдарында қамтылып, арнайы зерттеу нысанасы ретінде қараған ғалымдар Ә.Ермековтің (1949), Г.Жәркешованың (1950) кандидаттық диссертацияларында біріккен сөздердің (ары қарай БС), дәлірек айтсақ, кіріккен сөздердің этимологиясына, лексикалық мағынасына көп көңіл бөлінді. Сөйтіп, орфографиялық сөздіктер мен анықтағыштарды түзуде сөздердің бірге, бөлек жазылуының ғылыми негіздерін іздеу мәселесі күн тәртібіне қойыла бастады. Ал жазу қызметі мейлінше артып отырған бүгінгі таңда сөздердің бөлек, бірге жазылуы графикалық шарттылық қана емес, құрылымдық, мағыналық деңгейдегі өзгерістерді көрсететін негізгі белгі екенін танытып отыр.

Сондықтан тілдің даму иерархиясының үздіксіздігі, лингвистикалық зерттеулердің тереңдеп, теориялардың ашылуы, тілдік универсалийлердің әсері құрама атаулардың жазылуын жаңа қырынан қарастыруды қажет етті. Тіл білімінің семасиология, ономасиология, морфология, фразеология, лексикология салаларындағы зерттеулердің теориялық деңгейі, жаңа тұжырымдардың пайда болуы аталған мәселеге басқа қырынан келуге итермеледі. Осыдан келіп, монографияның негізгі мақсаты тіл білімі дамуының жаңа деңгейін пайдалана отырып, сөздердің бөлек, бірге кодификациялануының негізін, уәжін, теориялық таянышын іздеумен сипатталады.

Еңбекте А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Тіл мәдениеті бөлімінде жүргізілген бірнеше жылғы зерттеу нәтижелері мен қорытындылар жинақталып, тиісті тілдік материалдармен дәйектеліп берілді. Ал бұның қазақ тілі орфография мәселелерін, оның ішінде сөздердің бөлек, бірге жазылу проблемасын теориялық негіздеуде, жазба тіл нормалары туралы лингвистикалық ұғымдарды нақтылауда айтарлықтай жәрдем ететіні сөзсіз. Сонымен қатар орфографиялық сөздіктерді, емле ережелерін түзуде, мектепке, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтардың орфография бөлімін жазуда, күнделікті баспасөз, баспа ісінің, көпшілік қауымның жазу мәдениетін көтеруде біршама септігін тигізеді деген ойдамыз.

Бұл еңбектің жазылу барысында және талқылау кезінде пайдалы пікір айтып, кеңес берген Институт ғалымдарына үлкен алғысымды білдіремін.

1. ҚҰРАМА СӨЗДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖАЗБАША МАНИФЕСТАЦИЯСЫ

Адамзат мәдениеті дамуының аса маңызды бір белесі жазудың шығуымен байланысты. Адамдардың белгілі бір қашықтықта тұрып, қарым-қатынас жасауына негізделген жазу өзінің филогенездік дамуында алғашқы бейнелеуші, кескіндеме таңбаларынан символдық қызметі басым идеограммаларға, одан фонемограммалар жүйесіне өтуінен өзінің басты қызметін – коммуникативтік қызметін – жетілдіруге, оңайлатуға, нормаландыруға ұмтылу үрдісін көреміз. Сондықтан жетілген жазу түрі – фонемографиялық жазудың шығуымен байланысты қаралатын емленің түп-тамыры, әріде, жазудың жалпы пайда болуында жатыр. Олай болса, орфографияның “дыбыстарды (фонемаларды) қандай әріппен беруді, сөздерді, оның бөлшектерін бірге, бөлек немесе дефис арқылы жазуды, бас әріптердің қолданылуын, тасымал тәртібін белгілейтін және емле мағынасында қолданылып, тыныс белгілерінің қойылу тәртібін көрсететін” (2. 304.) тіл білімінің маңызды саласы болып қалыптасуына әбден негіз бар.

Ал орфографияның жетілуі тіл білімінің фонетика, морфология, синтаксис, лексикология, семасиология, ономасиология, сөзжасам, фразеология, этнолингвистика салаларының дамуымен тығыз байланысты. Сондықтан осы салаларда қол жеткен теориялар мен нәтижелерді жазудың коммуникативтік қызметін жетілдіре беруге қолдану үздіксіз процесс саналамақ. Процесс барысында әрқилы проблемалардың туып отыруы заңды да.

Жалпы тіл білімінде бас әріптің қолданылуы, жеке дыбыстардың таңбалануы, тасымал тәртібі, сөздерді бөлек, бірге, дефис арқылы тұлғалау орфографияның негізгі мәселелері болып саналады. Бұның ішінде тіл-тілдің қайсысында болмасын шешімін таппай келе жатқан маңызды проблема – сөздердің бөлек, бірге тұлғалануы.

“Жұрнақтардың түбірге ұйқасу, жұрнақтардың тұтас жазылу мәселесі” (3) фонологиялық жазудың алғашқы тәжірибелерінде айтыла бастаса, бұл проблема жүйесі мен құрылымы жетілген бүгінгі орфографияның да өзекті мәселесіне айналып отыр.

Әдетте сөздердің бірге, бөлек таңбалануы әдебиеттерде күрделі сөз, құрама сөз, күрделі-құрама сөзден әр түрлі терминге ие болып жүрген, кемінде екі сөзден тұратын лексикалық бірліктерге байланысты айтылады. Сөздердің бұл тобы қазақ тіл білімінің морфология, сөзжасам салаларында едәуір зерттелді деп айтуымызға бүгінде толық негіз бар. Сондықтан екі және одан да көп сөзден тұратын номинативтік бірліктерді құрама сөз терминімен атай отырып, олардың қазақ тіл біліміндегі зерттелу жайын қысқаша сөз етеміз.

1.1. Құрама сөздердің зерттелу жайы

Қолына қалам ұстағандардың дені қашан да құрама сөздердің бөлек, бірге жазылуындағы қиындықтарға тап болып отырған. Ал оның қазақ тіл білімі қалыптасқанынан бері күн тәртібінен түспей келе жатқаны, бұл саладағы басы ашылмаған мәселелердің жиі кездесетіні – жалпы жұртшылыққа белгілі жайт. Сондықтан құрама сөздердің зерттелуі дегенде біз құрама сөздер тобындағы БС бен күрделі сөздердің (ары қарай КС) зерделенуін ғана сөз етпекпіз.

Қазақ тіл білімінде құрама сөздерді зерттеу, оларды кодификациялауға дәлел, уәж іздеу тарихы жоқ емес. Сөздерді бөлек, бірге тұлғалауға қатысты проблеманы шешу бір мақала, не монография көлемінде емес, жазу-сызуымыздың онтогенездік даму, өркендеу сатыларында сараланып, шешілетін болғандықтан, зерттелу тарихы азды-көпті шолу жасауды керек етеді.

А.Байтұрсынұлы (4. 153) құрама сөзді қос сөз терминімен атайды да, өзі түзген “бес дауыстың деп аталатын фонология жүйесі бойынша қазақ тілі дыбыс үндестігіне сәйкес келгенін бірге, “ауытқитынын” сызықша арқылы жазуды ұсынады:

<i>бала</i>	<i>басқұр</i>	<i>жел-бау</i>
<i>қолқа</i>	<i>аққала</i>	<i>жүк-аяқ</i>
<i>қалта</i>	<i>желкесер</i>	<i>Тілеу-бай.</i>

Себебі “А.Байтұрсынұлы бес инвариант фонеманың әрқайсысын бір-бір әріппен белгілейді. Сөйте отырып, әлгі әріптер арқылы әр фонеманың екі түрлі әуезін (жуан, жіңішке) сол фонеманың таңбасына сыйғызып береді. Сөйтіп, инварианттың варианттары үшін бас-басына өріп алмай-ақ, дәйекші арқылы жуан немесе жіңішке (дәйекше болмауы жуан, дәйекші болуы жіңішке оқуды) әуезде оқылатындай жазу жүйесін” (5. 14) жасаған. Сонда көпшілік қауым дауыстылары синтагмалық қатынаста тұрған *басқұр*, *қолқа* т.б. сөздерін дәйекші қоймай, біркелкі жуан оқиды да, *желкесер* сөзін дәйекші арқылы сөзсіз жіңішке әуезде қабылдайды. Ал дауыстылары бейүндес құрама сөздерді (*жүк-аяқ*, *жел-бау*, *Тілеу-бай*) сызықшамен бөліп, әрі бұлардың құрама сөз екенін, әрі дәйекші арқылы бірінші сыңарлары жіңішке оқылатынын ескертеді. Бұл арқылы ұлы лингвист түркі тілдеріндегі сингармонизм заңына қайшы келетін күрделі атаулардың дискреттілікке ие болмайтынын және жазуда сингармонизмнің лингвалдық түрін таңбалау дұрыстыққа әкелетінін көрсетеді.

Ғалым кіріккен сөзді азған сөз терминімен атайды. “Сөздің азып өзгеруі бар, айнып өзгеруі бар. Соңғысы дыбысы айнып бірде олай, бірде былай айтылуынан болатын өзгеріс” дейді А. Байтұрсынұлы (6). Ал дефисті қосарлық деп атайды. Кейін қосарлық қызметін кеңейтіп, “қосынды сөз бұрын қос сөз деп аталып еді, енді қосынды деп аталынатын қосарлық болды, ... қосалқы, қос, қосар, қосынды сөз бәрі қосарлық белгімен жазылсын” дейді. А.Байтұрсынұлы

сөздердің тұтас тұлғалануын өзі атаған қосарлық белгісімен ауыстырса, ол қазақ емлесін оңайлату мақсатынан шығады деп түсінуіміз керек. “Қазақ тілінде екі, үш, бес сөз бірлесіп, бір ұғым, бір мағыналы болып келуі жиі ұшырайды. Мәселен, *кете берер, кете берер ме, кете берер ме екен, кете бере алар ма екен, кете бере алмай отырғанымды-ау*. Осыларды бірге айтылғанына қарай, бір мағына көрсетуіне қарай біріктіріп, тұтастырып айтып, естілуінше тұтастырып жазу емлені оңайлатпайды” дейді ғалым (6).

Қазақ тіл білімінің құрама сөздерді зерттеу саласындағы бірден-бір толыққанды, ғылыми еңбек профессор Қ.Жұбановтың қаламынан туған деп айтуымызға бүгінде толық негіз бар. Ғалым БС-дерді кіріккен сөз терминімен атап, оған *белбеу, бүгін, биыл, келсап, таңертең, үйт, бүйт, кішкене* т.б. сөздерді жатқызады. Зерттеуші “Кіріккен сөз болған жердің бәрінің бірдей дыбыстық өзгеруі шарт емес, бірақ дыбысында өзгеріс бар сөз тіркестерінің кіріккен сөз болуы шарт” (7. 155) деп және “олардың бір екпінге бағынуы” кіріккен сөзді танудың ең сенімді жолы дейді (7. 223). Ғалым БС-ді қалыпқа түскен ортақ заңы жоқ, заңсыз қосынды дей отырып, БС пайда болуының ұзақ сонарлы процесс екенін, аралық жағдайда көбірек өмір сүріп, жалған көзқарас қалыптастыру мүмкіндігін ескертеді. “*Қарға* кара құс болғанмен де кара құс емес, ақ сары, *қарақұс*, кара құс болмағанмен де, *қарақұс*” (7. 224) деген зерттеушінің сөзі – кіріккен сөз жасалуының семантикалық жолының тамаша мысалы. Деректі мағынадан дерексіз мағынаға көшу кіріккен сөз жасаудың тәсілі екеніне Қ.Жұбанов *қолғап* сөзін мысалға келтіреді. Мұндағы *қап* сыңары мешок мағынасында емес, чехол мағынасында қолданылғандықтан, тіркескен сөз бірігетінін айтады ғалым. Ал бөлек жазылатын сөздерді күрделі сөз терминімен атайды да, ол бірліктердің жасалуының семантикалық жолын былай түсіндіреді. *Сары май, сары жапырақ* тіркестеріндегі *сары* сыңарының беретін мағынасы әр сатыда. “*Сары майдың* ақ көгілдір түрлері де кездеседі” (7. 225) дейді зерттеуші. Бұл пікірдің мәнісі былай. *Сары май* – әбден шайқалып, сүтінен мұқият ажыратылған, қойдың қарнына ұзақ уақыт сақтала сары түсін сақтаған, басқа тағамдық майлардан құнарлылығы өте жоғары май. Уақыт өте келе оның түсінің сап-сары, сары, ақшыл сары, ақ сары, көгілдір болуы емес, оның құнарлылығы, сапасының жоғары болуы мәнге ие болады. Бұл жерде “сары” сыңары *май* сөзінің әуелдегі ерекше белгісін абстракциялап қана көрсетіп тұр дейміз. *Сары май* тіркесі – денотатив, мұндағы *сары* – сигнификаттық компонент. “Сигнификат – денотат та емес, сондай-ақ ұғым да емес. Денотаттан айырмашылығы сол – ой субъективті қасиетке ие. Екінші сөзбен айтқанда, сигнификат нақтылы заттың белгісі мен түрлі қасиеттерінен қол үзген идеалды денотатқа сүйенеді” (8. 54). “Денотаттық мағына сөзді объектив дүниемен,

заттармен байланыстырса, сигнификаттық мағына оны ұғыммен, ой элементтерімен байланыстырады” (9. 30). “Мағынада бұл компонент денотаттық компоненттен қатар жүреді, тек оны ерекшелейтін нәрсе, бұл компонент денотаттың ерекше белгілерін абстракциялап бейнелейді” (10. 13). Бұл макрокомпонент мынадай жолдар арқылы сөз мағынасының бір бөлігіне айналады дейді М. Оразов, яғни идеалды немесе жалпы денотат арқылы, екінші гаосеологиялық бейне арқылы, үшінші қайта атау, төртінші ғылыми абстракция арқылы (10. 13). Сонымен, Қ. Жұбановтың айтуынша, *сары май* тіркесі – бүгін бір атау.

Ғалым мұрасында КС мына құрамнан тұрады (7. 227):

1) өзгерістерге түскен атау түбірлердің бірігуінен тұрған күрделі сөздер; 2) табыс жалғаулы сөз бен сабақты етістік негізінде пайда болатын күрделі сөздер; 3) анықтаушы мен анықталушылық қатынастағы күрделі сөз; 4) заттанған сын есім мен зат есім тіркесінен туған күрделі сөз; 5) күрделі жалқы есімдер; 6) қысқарған сөздер. Бір өкініштісі, ғалымның бұл айтқандарына келтірген мысалдары табылмаған.

Біріккен жалқы есімдердегі атрибуттық сөз тіркестерінің кері орналасу тәртібіне назар аударған Қ.Жұбанов оны сын есімнің заттану қасиетімен және мұндай жағдайлар тек сын есімдердің кісі аттарымен (*Айжарық, Таңжарық, Еділбай, Айсұлу, Күнсұлу*) ғана тіркесіп, оның белгісін, қасиетін, кәсібін, қоғамдық орнын білдіріп, әрі анықталушы мүшелер қызметінде жұмсалып қабілетімен байланыстырады (11. 20). Әрине, мұндағы *Айжарық, Күнсұлу* сөздерін оңай төркіндетуге болады: айдай жарық, күндей сұлу.

Қысқарған сөздерді де ғалым кіріккен сөздің бір түрі деп алып, оларды **әріп қиюлы** (*ССРО, МТС т.б.*), **буын қиюлы** (*ҚазТаг*), **аралас қиюлы** (*КазПИ, КазГУ*) деп бөледі.

Сонымен, проф. Қ.Жұбанов КС-дердің өзіндік өлшемдері деп мыналарды көрсетті: 1. Сынарлардың фонетикалық өзгеріске түсуі, алайда “кіріккен сөз болған жердің бәрінің бірдей дыбыстық өзгеруі шарт емес, бірақ дыбысында өзгеріс бар сөз тіркестерінің кіріккен сөз болуы шарты. 2. Бір мағынаны білдіруі, дегенмен де, “жалғыз мағынаны өлшеу қылумен анықтық таныла қоймайды. 3. Бір екпінге бағынуы.

Сөйтіп, БС-дердің өзіндік белгілері ғылыми негізде сараланады.

1938-1960 жылдары, яғни негізгі орфографиялық ереженің қалыптасу жылдары аралығындағы құрама сөздердің бірге- бөлек таңбалануына қатысты жарияланымдарға зер сала қарасақ, мынадай екі үрдісті байқауға болады.

1. Бір деммен, бір үйлесіммен айтылатын еркін, тұрақты сөз тіркестерін, күрделі атау, лексикаланған тіркестерді жаппай біріктіру (12). Бұған Қ. Жұбановтың БС-ді өзіне ұқсас басқа тілдік бірліктерден ажырататын негізгі белгісі деп екпінді атауы бірден-бір себеп болды. *Ақ көңіл, тас бауыр, жат бауыр, дем алу, қол қою, бас салу, бой ұру, ат салысу, ат қою, ат үсті қарау*

сияқты фразеологизмдер бір екпінге бағына айтылу себепті бірге тұлғалануы ұсынылды (13).

2. Емледегі бір ізділік қағидасын арқау еткен форма қуу үрдісі. Мұнда ішкі мағыналық сәйкестік, компоненттердің лексика-семантикалық арақатынасы, үйлесім сияқты сөздің ішкі формасына, мағыналық жылжуға назар аударудан гөрі, мысалы, *мал шаруашылығы* күрделі атауы бір екпінмен айтылмағандықтан бірге жазылатын болса (*малшаруашылығы*), онда осыған ұқсас *ауыл шаруашылығы, халық шаруашылығы, егін шаруашылығы* сияқты құрама атауларды да қосып жазу; *баспасөз* тәрізді сөздің қатарына *жарыс сөз, соңғы сөз, жаңа сөз, ескі сөз, кіріспе сөз, жазба сөз* сияқты лексикаланған тіркестерін қою; ар, -ер жұрнағының БС жасамдық қабілетіне регламент қоймай, *бір киер, бір тартар, бір қырқар* сияқты формасы бір сөздерді жаппай біріктіру; бір заттың атауы болған лексикаланған атаулардың (*іш киім, бас киім, аяқ киім, аққұман, қара құман, іш қалта, жер үй, тас қалта, жер төсек*) біреуі бірге жазылуына орай қалғандарын да бірге тұлғалау ұсынылды (14).

Ә. Ермаков өзінің “Қазақ лексикасындағы біріккен сөздердің семантикасы” атты кандидаттық диссертациясында құрамдары кірігіп кеткен, қазақ тілінің төл сөздерінің этимологиясын ашады. Автордың пайымдауынша, мына сөз сыңарлары сөйлемде қатар айтыла келе сөз тіркесіне, одан атаулық тіркестерге өтіп, БС-ге айналған. Мысалы: *қоян* – “қой сияқты аң”, *жылан* – “жылжымайтын аң, *жамбас* – “жанына бас”, *итмұрын* – “иттің мұрны тәріздес жеміс”, *жануар* – “жаны ару”, *жантаю* – “жанына таю”, *есіру* – “есі іріп кету” т.б. Изденушінің пікірінше, БС- дердің компоненттері универбтенбей тұрғанда көбінесе жалпы қолданыста жүреді де, процесс өткен соң, тіркес мағынасы бір нүктеге шоғырланып, жалқыланады. Осы жалқылану біртұтас тұлғаланатын сөздердің пайда болуына себепші болып отыр дейді ғалым. Және кейбір БС- дердің мағынасын ашады: *алтынкүрек* – “көктемде оңтүстіктен соғатын жел”, *қанатжуар* – “көктемнің алғашқы жылы жаңбыры”, *көгентүп* – “көгендегі қозылардың ең кенжесі”, *қымызмұрындық* – “алғашқы қымыз сауымының ішілуі”, *желбұйда* – “мұрындық пен бұйданың арасына желі болып тартылатын жіп”, *қырықжілік* – “мал етінен сыбаға” т.б. (15. 2-6).

Сонымен қатар автор БС-дердің ұқсату арқылы (*төстабан, қоян, текесақал, итмұрын*), және қызмет түрінің ұқсастығына қарай (*қолжұғыш, алжапқыш*) пайда болатынын көрсетеді (15).

“Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі біріккен сөздер” тақырыбынан диссертация қорғаған Г.Жәркешова тілімізде түбір деп танылып кеткен бірқатар сөздерді Э.В.Севортянның “Соотношение грамматики и лексики в тюркских языках” еңбегі негізінде құрамын қарап, жалпы мағынасын анықтайды. БС-дердің көбі араб, парсы, алтай, қырғыз, монғол тілдеріндегі мағыналас сөздермен қосарлана

біріккенін көрсетіп, қазақ тілі сөзжасам процестерімен байланыстырады (16. 10-11).

Автор БС-ге: “семантикалық бір ұғымды білдіретін, бір ғана сөйлем мүшесі бола алатын, бір фоноциямен айтылатын, дыбыс үндесу заңдарына әсер ететін сөздер біріккен сөздер деп аталады” деп анықтама береді (17. 2).

Бұл зерттеулерді қазақ тіл біліміндегі құрама сөз зерттелуінің I кезеңі деп тануға болады.

II кезең проф. А. Ысқақов зерттеулерімен жалғасады. Автор алғаш рет КС-дердің фонетикалық, морфологиялық, лексика-семантикалық факторларына бойлап, принципті мәселелерді алға тартады. “Күрделі сөз деп кемінде екі я одан да көп дара сөзден құралып, ритм ырғақ жағынан бір ұдай, лексика-семантикалық жағынан бір тұтас, лексика-грамматикалық жағынан бір бүтін тұлға болып бірлескен құрама сөзді” танимыз дей отырып, олар “практикалық тұрғыдан қарағанда жалаң сөздердің өресі жетпейтін қызмет аатқарады, олардың олқылықтарын толтырады, ал теориялық тұрғыдан, дара сөздермен жарыса өмір сүріп, сол дара сөздердің тууына негіз болып қызмет етеді” дейді (18. 120).

Ғалым БС-дер идиомалану, лексикалану (“сөздердің логика-семантикалық, грамматикалық байланыстары көмескіленбей, жеке тұрып та мағына білдіруі” (18. 122)), делексикалану (“күрделі сөз сыңарының дыбыстық өзгеріс нәтижесінде, я жиі қолданылу себебінен бастапқы мағынасынан ада-күде айырылу” (18. 122)) құбылыстары нәтижесінде жүзеге асатынын айтып, сондықтан да БС-дің кездейсоқ шыға бермейтінін орынды ескертеді. БС-дерге “компоненттері мағына жағынан да, форма жағынан да елеулі өзгерістерге ұшырамай-ақ, өзара бірігіп, жинақталған біртұтас лексика-семантикалық мағына білдіретін күрделі сөздер” (18.139) деп анықтама береді. Ал *қара ала, он сегіз, кемпір-шал* сияқты тіркескен сөздер мен қос, қосарланған сөздерде топтау грамматикалық мағынасы бар дейді.

Жалпы КС-дерді типке бөлуде компоненттерінің арақатынасы назарға алыну керектігін айтады. Компоненттердің арақатынасы деп “бірігу, қосарлану, тіркесу арқасында туған күрделі сөздің сыртқы фонетикалық тұр-тұрпаты мен ішкі семантикалық құрылымында, олардың араларында заң ретінде орнығып қалыптасқан қарым-қатынастардың нәтижесін, я оның жиынтығын айтамыз” (18. 129) деп анықтайды. Сөйтіп, проф. А.Ысқақов зерттеулерінде КС-дердің таптастырылуы, белгілерінің айқындалуы біршама сараланады.

Проф. М.Балақаев еңбектерінің қомақты да маңызды саласы – қазақ тілінің емле, орфография, *тіл* мәдениеті мәселелері (19). Әсіресе, ғалымның БС, оның белгілері, жасалу жолдары туралы айтқан көзқарастары – бүгінде осы төңіректегі зерттеу барысында басшылыққа алынатын құнды пікірлер қатарында. Автор қазақ тіліндегі БС-дердің негізгі белгісі деп, КС-дердің мағына тұтастығын атайды. “Біріккен сөздің бұрынғы мағыналары сақталады десек, бірікпегені, сақталмайды десек қаншалықты екенін айқындауға тиіспіз” (20. 203)

деп, сыңарларына талдау жасауды ұсынады. “Қазіргі білдіретін мағыналары ауыс, мүлде басқа ұғымға ие болып” (20. 204) кеткен *ақсақал, алаяқ, жанталас, нақсүйер, маубас, әңгіртаяқ, кәріқыз (өс.), соқыртеке (ойын), құбас, құралақан* сөздерін бірге таңбалайды. “Толық мағыналы екі сөздің тұтасып жымдасу нәтижесінде әдепкі лексика-грамматикалық мағынасынан айырылып (не күңгірттеніп), жаңа лексикалық, соған лайық жаңа лексика-грамматикалық мағына тудыратын сөздер бірлестігінің... сөз тіркесінің бір сыңары болуы олардың негізгі белгісі” (21. 50) дейді автор.

Ғалымның көзқарасы, бойынша БС-дер табиғи эволюциялық диалектика негізінде пайда болуы керек, яғни БС жасалу үшін “оның компоненттері алғашында белгілі мағыналық, синтаксистік байланыста жұмсалуды тиіс” (20.204) . “Қабысқан сөз тіркестері түйдекті топқа, одан біріккен сөзге айналу процесінде, бір сөзге айналғанда олардың біртіндеп синтаксистік байланысы ыдырап кетеді. Сол процестің ұзақтығынан, бірігу дәрежелерінің әр түрлі болатындығынан біріккен сөзді айырып тану қиын” (20. 205) дей отырып, ғалым БС-дің валенттік номинация болатынын айтады.

Қорыта айтқанда, проф. М.Балақаевтың БС-дің өзіндік белгілері, емлесі жайлы зерттеулері қазақ тіл білімінде өзіндік үлес салмағы бар қомақты зерттеулер болып табылады. Ғалымның: “Біріктіру – жинақылықтың белгісі. Жинақылық – мәдениеттіліктің нышаны. Мәдениетті елдің жазуы тілдегі сөз тұтастығын бұзбай, адамдардың психологиялық ойлау қабілетіне сәйкес болуға тиіс. Адамның жазу әрекеті мен көру әрекеті үйлесіп, қалыптасқан сайын тілдік сана-сезім күшейе түседі” (20. 207) деуі – жазудың психологиямен, физиологиямен тікелей байланыстылығын көрсетуі.

Проф. К.Аханов КС-дерді күрделі-біріккен сөз, күрделі- қос сөз, күрделі-қысқарған сөз, күрделі-құрама сөз деп таптастырып, КС-ді сөйлеу кезінде жасалмайтын, дайын тұрған тілдік тұлға деп таниды. Сөйтіп, автор КС бен синтаксистік сөз тіркестерді ажырататын өлшемдерді алға тартады. *Бозторғай, кәрі жілік* сөздерінде алдыңғы сыңар соңғы сыңардың сынын да, сапасын да, белгісін де білдірмейді дейді (22. 76). БС-ге “компоненттері мағына жағынан да, форма жағынан да елеулі өзгерістерге ұшырамай-ақ, өзара бірігіп, жинақталған біртұтас лексика-семантикалық мағына білдіретін күрделі сөздер” деген анықтама береді (22. 83). *Торы ала, қызыл ала, сары ала* сияқты тіркестерді ортақ компонентті КС-дер деп атайды (22. 86).

Проф. Р.Сыздықова қазақ тілі орфографиясының негізгі мәселелері емле, тыныс белгілері проблемаларымен ұзақ жылдар ден қоя айналысып, осы саладан бірнеше ғылыми мақалалар мен анықтағыштар жариялады. Ғалымның, әсіресе, бірге, бөлек жазылатын құрама атаулардың емлесіне қатысты ұстанған қағида, көзқарастары, білдірген пікірлері жылдар бойы басшылыққа алынып, құнын арттырған ұстанымдар. 50-жылдардың аяғына дейін орфографияда орын алған

бір зат не құбылысты білдіретін күрделі атауларды жаппай біріктіріп жазуға алғашқылардың бірі болып, негізді қарсылығын білдірген автор 1957 ж. фразалық «таулар мен лексикаланған атаулардың типін анықтап, бұларды біріккен заттық атаулармен қатар қоюға болмайтынын айтады (23). Автордың осы уәжді пікірінен кейін күрделі атаулардың жазылуы біршама бір ізге түсе бастағанын көреміз. 1960 жылы баспа бетін көрген “Қазақ тілі орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағышында” ғалым екі сыңары бірігіп, басқа зат, аң, құс, өсімдік, ағаш, құбылыс атаулары болып кеткен *кәріқыз, ақиық, бұзаубас, танатағар, алақоржын, өнеркәсіп, көзқарас, арасалмақ, көкжиек, кемпірқосақ, ешбір, бірнеше* сияқты күрделі атаулардың бірге жазылуын жүйелейді (24. 31). Аталған анықтағыш өңделіп, толықтырылып, 1974, 1996 жылдары тағы екі рет басылғаны белгілі. Соңғысында автордың БС қатарын молайту бағытында екенін көруге болады. Әсіресе, терминдік мәнге ие болған сөз тіркестерінің бірігуі баса көрсетілді. Фразеологиялық тіркестердің әр сыңарын қашан да бірге таңбалауды ұсынатын автор, енді саяси- қоғамдық терминге айналған *алауыздықтар, көзбояушылық, сөзбұйда, шығарыпсалма, алыпсатар, мұзойнақ, қағазбастылық, жұмысбастылық*, сияқты тіркестерді біріктіруді қостайды (25. 46).

Анықтағыштың үшінші басылымының тағы бір өзгешелігі – бірінші сыңары мал, аң, құс жалпы атаулары (*қой, сиыр, аю, қоян*), болмаса *тау, шөл, құм, дала* сияқты сөздер, екінші сыңары нақты өсімдік, аң-құс аты болса бірге жазылатынын көрсетуі: *құмбетеге, сиыржоңышқа, қойқарақат, итошаған, итбүлдірген* (25. 50). Бұл атаудың лексикалық және терминологиялық мағынасы дегенге сая- ды. Анықтағыштың тағы бір қол жеткен нәтижесі – **аралық, тану, сымақ, жай, хана, ақы, нама, хат, тас, бас** сыңарлы БС-дердің қатарын жүйелеуі (25. 55). Ғалым аталған форманттар мағынасының жалпылану, өзгеру процестерін көрсету арқылы толық мағыналы сөздің жартылай мағыналы сөзге ауысуын дәлелдейді. Проф. Р.Сыздықованың ғылыми жетекшілігімен жарық көрген ҚТОС-інің соңғы басылымында сөздердің бөлек, бірге жазылуы ғылыми негізде жүйелілік пен бірізділікке құрылғанын көруге болады.

“Күрделі сөздің біртұтас мағынасының қалыптасуында оның құрамындағы сыңарлардың атқаратын қызметін анықтау мәселесі қазір өте үлкен қиындық туғызып жүрген теориялық мәселеге жатады. Біріккен сөздер емлесінің дұрыс шешілуімен байланысты басқа да бірсыпыра мәселелер өз шешімін табатыны күмәнсіз” (26. 39). Бұл бағытта тілші-ғалым Н.Уәлиұлының еңбектерінен сөздерді орфограммалаудың ғылыми негіздерін ұсынатын алғашқы грамматологиялық ізденістерді көруге болады. Автор БС- дердің бір заттың атауы болуы, бір мағынаны білдіруі сыңарларының бірігіп жазылуына таяныш бола алмайтынын, мәселеге сондықтан жаңа қырынан, құрылымдық элементтер деңгейінен келу керектігін айтады. БС сыңарларының мағыналық қатынасын проф. М.М.Копыленконың фраза тіркес теориясымен анықтауды ұсынады. “Ол теория бойынша, экстралингвистикалық мәнге сәйкес келетін атау сыңары Д, (денотат1)-мен, экстралингвистикалық мәнмен тікелей емес, жанама байланысы

бар атау сыңарлар D_2 (денотат 2)-мен, “соларға ұқсас” деген сыңарлар K , (коннатат)-мен, ал синхрондық тұрғыдан мүлде белгісіз, уәждемесі жоқ деген атау сыңарлар K_2 -мен белгіленеді. Мұндағы семалар экстралингвистикалық мәннен (D_1) алшақтап ($D_2 K_2$) және одан қол үзген сайын (K_2) екі құрамды күрделі есім сөздерді бірге жазу үрдісі күшейе түседі” дейді автор. Сөйтіп, *ақ аю мен ақбөкен* сияқты бір үлгідегі сөздердің әр түрлі жазылу себебін іздейді (5. 148).

Автор БС-дердің жеке белгілері ретінде сыңарларының мағына көмескіленуін (*сайгүлік, ашудас*), екі сыңардың лексика-семантикалық контаминацияға түсіп, біртұтас мағына беруін (*өнеркәсіп, тауқұдірет*), сыңарлардың бүтіннің бөлшегі ретінде жұмсалып барып, бүтінге айналуын (*қосаяқ, бөрігүл, бозтікен*), бір сыңардың жалпы мағынаға көшуін (*әулиеағаш, ауданаралық*), екінші сыңардың әр түрлі грамматикалық тұлғада келуін (*тамыратпалылар, батысгерманиялық, көріпкел, жатыпатар*) көрсетеді (27. 67).

1989 жылы “Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі” атты монография жарық көрді. БС проблемасына қатысты қордаланған жайттарды тезге салып, зерттеу нысанын жаңа қырынан ашатын өзіндік ерекшелігі бар бұл еңбек Қ.Жұбанов, К.Аханов, М.Балақаев сынды ғалымдардың БС-ге берген анықтамаларын қорытындылап, “БС дегеніміз – о бастағы кемінде толық мағыналы екі сөздің тұтасып жымдасуы нәтижесінде, әдепкі лексика-грамматикалық мағынасынан айырылып, жаңа лексикалық, соған лайық жаңа лексика-грамматикалық мағына тудыратын сөздер бірлестігі” деп анықтама береді (28. 209).

БС-ге айналу процесін түсіндіруде зерттеушілердің мына схеманы басшылыққа алғанын көруге болады (28. 213, 215): **сөз – сөз тіркесі – лексикаланған тіркес – БС – кіріккен сөз**. Мысалы: *ағайын – алыс ағайын, жақын ағайын, араз ағайын, тату ағайын, ара ағайын, жамағайын*. Мұнда бір деңгейде тұрған лексикалық тіркестердің арасынан *жам(а)* сыңарының лексикалық мағынасы күңгірттеніп, жеке қолданыстан шығып қалғандықтан, *жамағайын* тіркесі БС-ге айналған. Зерттеушілер сөздің бір буынды болуы да БС тууына жағдай жасайды дейді (28.214). Аталған монографияның БС-ді сөзайналым деңгейінде қарастыруын жалпы теориялық мәселелерге қатысты қосқан үлес деуге болады.

Қазақ тіліндегі өсімдік атауларының құрамы мен құрылысын, семантикасын зерттеген проф. Б.Қалиевтің көп құрамды өсімдік атауларының жазылуы, сөздікте берілуі, әсіресе сөздердің бірігу тәсілі жайлы айтқан құнды пікірлері бар. Мысалы, біз зерттеуімізде БС-ді типтерге бөлуде, автордың біріккен атау ауыспалы мағынасының қолданылуы арқылы пайда болады дегенін - метафора, қызмет ұқсастығына байланысты дегенін – метонимия, негізгі белгісінің атауға ауысуы дегенін – синекдоха тәсілі деп қарастыра отырып, басшылыққа алдық (29. 45).

Сондай-ақ автор *аюдәрі, еркек, зәйтүн, мыңбас, сарбас, майқара* атауларының *аюдың ақ дәрісі, еркек шөп, зәйтүн шиты, мыңбас шырмауық, сарбас құрай, майқара жусан* сияқты көп құрамды атаудан ықшамдалғанын көрсетеді. Б.Қалиевтің өсімдік атауларының лексикалық және тер-минологиялық мағынасы туралы айтқан дәлелді көзқарастары өз кезегінде басшылыққа алатын құнды пікірлер дейміз. Мысалы, *ақбас жусан, көкбек жусандар* жусан түрлері емес, біреуі *алабота* туысына, біреуі шөптесін өсімдіктер туысына жататын өсімдіктер, сондықтан олар біріктіріліп реестрге шығарылуы керек дейді (30. 108) автор.

Сөйтіп, сөздерді бірге, бөлек тұлғалаудың уәждемесін іздеген қазақ тіл біліміндегі зерттеулерге азды-көпті шолу жасап, авторлардың кейбір тұжырымдарын таратып, саралауға тырыстық. Осы мақсатта бірқатар мәселелердің басы ашылғаны айқындалды. Олар – сөздер бірігуінің фонетикалық (Қ. Жұбанов), семантикалық факторы (Ә. Ермеков, М. Балақаев); сөздер бірігуінің арнайы форманттар арқылы және сөз тудырушы қосымшалар арқылы жүруі (Р.Сыздықова, Н.Уәлиев, Б. Қалиев); бөлек, бірге тұлғалауды коннотат-денотат теорияларын қолдану арқылы анықтау (Н.Уәлиев).

1.2. Құрама сөздердің таптастырылуы

Әдетте сөз өзінің құрамына қарай жалаң және құрама болып екіге бөлінеді. Жалаң сөз бір негізгі немесе бір туынды түбірден тұрады. Ал құрама сөз – кемінде екі түбірден құралып, бір ғана зат пен құбылыстың атауы болатын, номинативтік бірлік ретінде қаралатын сөз. Номинативтік бірлік сөздердің сөйлеу кезінде емес, дайын, тұрақты тілдік таңба ретінде жұмсала алуымен түсіндіріледі. Аталған топ А.Байтұрсынұлында қос сөз деп аталса (4. 183), Қ. Жұбановтың күрделі сөз деп алуы морфология оқулықтарында бұл терминнің қолданылу тұрақтылығын күшейтті (7., 18. 139, 22. 76). Алайда “кемінде екі я одан да көп дара сөзден құралып, ритм ырғақ жағынан бір ұдай, лексика-семантикалық жағынан бір тұтас, лексика-грамматикалық жағынан бір бүтін тұлға болып бірлескен құрама сөздер” (18. 120) өз ішінде **біріккен сөз, қос сөз, қысқарған сөз және күрделі сөз** деп (18. 130), төртінші типінде терминнің қайталануы біраз шатасулар әкелді. Осыны шешу мақсатында К. Аханов тіркескен сөздерге құрама сөз терминін еншілеп береді (22. 86) де, оларды сөз таптары аясында сипаттағанда қайтадан күрделі сан есім, күрделі сын есім атауларын пайдаланады. Сөйтіп, әдебиеттерде күрделі сөз термині тұрақталды деуге болады. Ал Н.Уәлиұлы К. Ахановтың құрама сөз терминін біріккен сөз, қос сөз, қысқарған сөз, күрделі сөз басын құрап тұрған топтың ортақ атауы етеді (27. 56)

Сөйтіп, біз де бір ғана зат пен құбылыстың атау бірлігі болып, екі сөзден құралған *өнеркәсіп, асқабак, кемпір-шал, сары ала, алып кел* сияқты сөздерді құрама сөз терминімен атаймыз.

80-жылдарға дейінгі қазақ грамматикаларында (31. 53) проф. А.Ысқақовтың “Қазіргі қазақ тілі (морфология)” оқулығын қоспағанда, БС-дер компоненттерінің бірігіп жазылуына орай дара сөз қатарында қарастырылған. Ал профессорлар А.Ысқақов пен К. Аханов қазақ тіліне қатысты өздерінің айтулы еңбектерінде құрама сөз қатарына біріккен сөз, қос сөз, қысқарған сөз және сыңарлары бөлек жазылатын күрделі сын, сан, зат есімдерді, етістіктерді қарастырады (18.,22). Тек А. Ысқақовтың ұсынған классификациясында құрама сөз арасынан фразеологиялық тіркестер де орын алады (18). Сонымен, А.Ысқақовтың “Қазақ тілі морфологиясы” мен К.Ахановтың “Тіл білімі негіздері” және “Грамматика теориясы негіздері” атты тілшілер қауымына әбден таныс еңбектерінен кейін, құрама сөздер жасалу тәсіліне, мағынасы мен құрамына, компоненттерінің арақатынасына және орфографиялануына қарай **1) біріккен сөз, 2) қос сөз, 3) қысқарған сөз, 4) тіркескен сөз** болып бөлінеді (32. 189).

Мұндағы әр түрлі терминге ие болып жүрген – бөлек жазылатын құрама сөздер. Мұны А.Ысқақов (18. 129), Ә.Ахабаев **тіркескен күрделі сөз** десе, Р.Сыздықова **лексикаланған тіркес** деп атаған (34. 42). Бүгінде *ортан жсілік, асықты жсілік, кәрі жсілік, жамбас жсілік*, т.б. тіркесімділігі **шектеулі сөздер** деп аталынып жүр (35. 107).

Ө.Айтбайұлы терминология пәні тұрғысынан “сөз тіркесі түріндегі терминдерді еркін тіркесті терминдер (*қызыл бұрыш, қара топырақ*), еркін емес тіркесті терминдер (*көне тіл, азамат соғысы*) және фразеологиялық терминдер” деп бөледі (36. 20-21).

С. Исаев әуелде оларды атаулы тіркес (*көр тыиқан, жарыс сөз, Арал теңіз*) деп атап, фразеологиялық және еркін тіркестен бөліп қарау керектігін ескертеді (37. 71-74). Кейін **тіркесті түбір** деген тың термин ұсынады (38. 21).

Ал профессор М. Балақаев бұларды түйдекті тіркестер (20. 193.) (бұларға күрделі етістік, күрделі есім, идиома, көмекші сөз бен негізгі сөздерді жатқызады) десе, түйдекті тіркес деп соңғы кездері тек негізгі сөз бен көмекші сөздің тіркесі аталынып жүр (39. 19).

Н.Уәлиұлы **күрделі сөз** терминімен атайды (27. 56).

Терминдерді аталған авторлар бекер ұсынбайды. Синтаксистік сөз тіркесі шекарасынан шығып, БС ұясына ене алмай жүрген аралықтағы сөздердің номинациялану, абстрактілену дәрежесі алуан түрлі. Проф. К. Аханов, А. Ысқақов, М.Балақаев сынды ғалымдардың *ауыл шаруашылығы, қалбағай омыртқа, аса таяқ, ауыз әдебиеті* (18. 129-133, 20.,22. 81-95) сияқты әр түрлі топқа жатқызылып жүрген тіркестерді күрделі зат есімге жатқызуы күрделі сөз сипатын одан ары айқындауға жол ашты.

Қолданылуы тұрақталған **күрделі сөз** атауы осы типтегі сөздерге лайық деп ойлаймыз: **біріккен сөз, қос сөз, қысқарған сөз, күрделі сөз**. Егер тіркесті түбір десек, осы қатардың бір ыңғай, үйлесімін бұзатын сияқтымыз, бұл – бір, екіншіден, мұндағы түбір атауы сөздердің түбір және туынды болып бөлінуіндегі түбір терминімен ассоциация болып, екіұштылық тудыруы мүмкін, үшіншіден, бөлек жазылатын бұл құрама сөздер тек түбірлерден тұрмайды. Ал тіркескен сөз десек, әсіресе күрделі тіркескен сөз десек, синтаксистік сөз тіркесі терминдерінен айырмашылығы болмай қалар еді. Проф. М.Балақаевтың түйдекті тіркестер термині де құрама сөз деген ұғымға сәйкес келмей ме дейміз: біріккен сөз, қос сөз, қысқарған сөз, түйдекті тіркестер. Түйдекті сөз деп тағы ауыстыруға болмайды: фразеологияда тұрақты тіркесті түйін тіркес, түйінді тіркес деп бөледі.

Сонымен, **біз осы дәлелдерді келтіре отырып, бөлек жазылатын құрама сөздерді күрделі сөз атауымен атаймыз**. Бұл құрама сөз типтерінің біреуінің бірігіп, екіншісінің дефиспен, үшіншісінің әріп, не буын қиюлы бірігуі, төртіншісінің бөлек жазылуына да байланысты, яғни құрама сөз термині күрделі сөздердің орфографиялық кескінделуі тұрғысынан ұсынылады. Сонда күрделі-құрама сөзге синтаксист: сөз тіркесі шеңберінен шыққан лексикаланған немесе шектеулі тіркес (*ортан жілік, бет күрделі орамал, қол орамал, асықты жілік*), күрделі етістік, күрделі сын есім, күрделі сан есім енеді. Сөйтіп, бұл қатар синтаксистік сөз тіркесі мен БС аралығындағы сөзжасам процесі болып қалыптасады.

Тілімізде кіріккен сөз терминіне ие, құрамындағы сыңарлары жылысу, жұтылу, элизия құбылыстарына ұшырап барып, негізі сіңіскен, семантикалық контаминацияға ұшыраған, этимологиялық талдау жасалмаса, сыңарлары танылмайтын сөздер бар. Әдебиеттерде бұлар құрама сөздің, оның ішінде БС-дің бір түрі ретінде қарастырылады. Әрине, *биыл, бүгін, тоқсан, сексен* сияқты сөздер бір кездері морфемдік жігі айқын БС болғанмен, бүгінде негіздері семантикалық, фонетикалық будандасуға (контаминацияға) ұшыраған, этимологиясы мүлде күңгірттенген кіріккен сөздер тобын құрайды. Кіріккен сөз терминін алғаш ұсынып, анықтаған – Қ. Жұбанов.

Сонда сөзайналым сатыларын былай көрсетуге болады: **түбір сөз – сөз тіркесі – (фразеологиялық, атаулық тіркес) – күрделі сөз – қос болмаса біріккен сөз – кіріккен сөз – туынды сөз – түбір сөз**.

Біз, проф. К. Ахановтың пікірін (22. 82) қоштай отырып, кіріккен сөзді құрама сөз қатарында қарастыру мейлінше шартты екенін ескертеміз. **Сондықтан құрамына қарай бөлінген жалаң және құрама сөздердің жалаң сөздері түбір, туынды, кіріккен болып үшке бөлінеді**.

Этимологиясы барынша айқын деген қазақ тіліндегі кіріккен сөздердің қатары мынадай: *биыл (бұл жыл), былтыр (бір жыл дүр), бүгін (бұл күн), әкел (алып кел), әкет (алып кет), сүйт (солай ет), тоқсан (тоғыз он), табалдырық*,

(табанға іл тұрық), сағалдырық (сағаққа іл тұрық) күндіз (Күлтегін ескерткіштерінде күнтуз формасында келеді (40. 6) және Ә. Ермаковтің көрсетуі бойынша, мына сөздер кіріккен сөздер: тапжылмау (табанын жылжытпау), айпарадай (айға барабар), айдын (ай түн), қарлығаш » (қара ала құс), көзайым (көз айдындық), айгөлек, албасты, алаңғасар, алабұрт, алдыңгүні, алмұрт, ашқарақ, тілемсектену (тіленіп, еміну), жантаяу (жанына таю), жәрдем (жар дем беру), кесапат (кесел апат), жиенишар (шар із деген сөз, сонда қыздан туған баланың баласы), сөзуар (сөзді қуар), кемтар (кемдік, тарлық), жалмауыз (жалмайтын ауыз), күнелту (күнді жөнелту), әттеген-ай (әттең гана-ай), ендігәрі (ендігіден ары), мәселенки (мәселен яки), әгәра-ки (егер яки), бертінде (бері таманда), әртінде (әрі таман- да), елтірі (өлі тірі), кәдуілгі (кәдімгі әуелгі), ынтызар (ынтықзар), ойбай (ой пәле ай), талтаяқ (талтаң аяқ), кимешек (киме жсек), әлденедей (алда нендей), бертін кел (бері таман кел) (15. 4); және есерсоқ, жедегабыл, жексұрын, мойнақ, сонікі, сүлесоқ, жарғанат, құлагер, беззат, есуас, түрегел, әпер, жезжзат, көгал (28. 211). БС жайындағы үлкен еңбектің иесі Г.Жәркешова Э.В. Севортяның “Соотношение грамматики и лексики в тюркских языках” еңбегі негізінде біраз БС-дің құрамын қарап, мағынасын анықтайды. Мысалы: абжылан (аб-моңғолша сиқырлау, арбау), ағайын (аға йүгүн), қарақат (қат алтай тілінде “жидек”), жамағайын (жам көне түркіше “тұсақ”, “алыс” (41. 175), шалап (аб парсыша “су”), абырой (аб, рой парсыша “су”, “бет”), қамқөңіл (қам арабша “қайғы”).

Кіріккен сөз дегеніміз – екі негізден құралып, дыбыстық, семантикалық контаминацияға түсіп, бір түбірлі сөз болып танылып кеткен, негізгі сіңіскен жалаң сөздер.

Ендігі сөз құрама сөздердің орфографиялық кескінделуі туралы. Емледе құрама сөз бөлек, бірге, дефис арқылы таңбаланады. Қазақ тілінің бір ерекшелігі құрама сөз компоненттері арасындағы мағыналық құрылымдық қатынас тұрпат межесінде (план выражения) мүмкіндігінше көрініс тауып отырады. Осы себепті құрама сөздерді морфологиялық таптастыру мен кескінделуі жағынан таптастыру сай келіп жатады. Сонда бөлек, бірге, дефис арқылы таңбалау құрама сөздердің визуалды белгілері болып та табылады.

Мұндағы бірге тұлғалауды грамматикалық бірліктердің бүгін тұлға екенін білдіретін тілдік құрылымның ерекшелігі деп алсақ, онда бірге тұлғалаудың мынадай деңгейлерін көрсетуге болады:

1. Дыбыстық деңгейдегі бірліктердің бірге тұлғалануы (түбір сөз ([т][а][с] – тас, туынды сөз ([ж][а][з][у][ш][ы] – жазушы), шылау сөздер).

2. Морфем деңгейіндегі бірліктердің бірге тұлғалануы (негізгі сөз бен қосымшалардың бірге тұлғалануы: [а] [у] [ы] [л] [д] [ы] [ң] [ауылдың; кіріккен сөздің бірге тұлғалануы: [б][и][ы][л] [биыл; қысқарған сөздің бірге тұлғалануы: [т][м][д] [ТМД, біріккен сөздің бірге тұлғалануы: [а] [с] [қ] [а] [з] [а] [н] – асқазан).

Мұнда соңғы деңгейдегілердің бірге тұлғалануы жазуда кодификацияланды деуге болады. Рас, түбір мен қосымшаның, сөз бен жалғаудың бөлек берілуі

үрдісі ХІХ ғасырдың жартысына дейінгі жазба мұраларда сақталып келгені бар, кіріккен сөздің де бірге жазылуында ала-құлалық байқалып отырды. Әйтсе де бұл қатардың бірге таңбалануы жазуды нормалаудың алғашқы тәжірибелерінде-ақ қалыпқа түсе бастағанын көруге болады.

“Азған сөз азған күйінде жазылсын”(6) деп, А. Байтұрсынұлы кіріккен сөздің орфограммасын ретке салса, “жұрнақтардың түбірге ұйқасуы.. жұрнақтардың.. тұтас жазылу мәселесі” (3) М.Чобанзаде мақаласында қойылады. Қысқарған сөздің қиюлы кіріккен, аралас кіріккен, буын кіріккен болып бөлініп, кіріккен сөздің бір түрі ретінде қаралуы олардың бірге жазылуына таяныш болды.

Ал біріккен сөздердің тұрпат межесі туралы, Қ. Жұбанов терминімен айтқанда кіріккен сөздің жаңа түрінің жазылуы туралы айтсақ, мәселе қашан да қиындықсыз шешілмегенін көреміз. А.Байтұрсынұлының өзі “бұрын бір өңкей болса, бірігіп жазылып, бір өңкей болмаса, қосарлық(-) пен жазылатын еді, енді бәрі де қосарлықпен жазылатын болды” (6) дейді. Бөлек жазылатын құрама сөздерді Ахаң үйір айтылатын сөз бен қосындыға айналған сөздер деп, арасына тәртіп жасау керектігін ескертеді (6). Сөйтіп, “сөздердің мағына жағдайына қарай бірге, бөлек жазылуы” (3), оның ішінде “бір екпінді, бір сынды (гармония), бір мағыналы қос сөздердің тұтас жазылуы”(3) айқындалды.

Ал бөлек тұлғалануды сөздің дербес тілдік бірлік екенін көрсететін синтаксистік құрылымның ерекшелігі (42. 52) десек, онда бөлек тұлғаланудың өзін мынадай бес сатыға бөлуге болады:

1. сөйлем мүшелерінің бөлек тұлғалануы;
2. сөз тіркесі деңгейіндегі синтаксистік бірліктердің бөлек тұлғалануы (*алтын сағат, күміс қасық, кеңсе құралы, сабақ үлгерімі*);
3. түйдекті тіркестердің бөлек тұлғалануы (*келе жатыр, сабақтан кейін, үйдің алды, егер де*);
4. фразеологиялық тіркестердің бөлек тұлғалануы (*ит әуре, мысық тілеу*);
5. лексикалық синтагмалардың, яғни КС-дердің бөлек тұлғалануы (*тандыр нан, ат қора*).

Біздің пайымдауымызша, **дефис** - (дефис терминін қосаралық сөзімен ауыстыруға болатын сияқты) теңдік белгісі. Сондықтан салалас құралған, мағына беру дәрежесі бір- бірімен парапар қос сөздер дефиспен жазылады. Шындығында, математикалық теңдік белгісі қойылуы қажет. Бұл кейінгі кездері баспасөзден, көркем, ғылыми әдебиет беттерінен бой көрсетіп те жүр. Дефистің теңдік белгісіне ойысуы, бір жағынан, дефистің сөзді ажырататын тасымал, сызықша белгілерінен шатастырылмауынан туса, екінші жағынан, қос сөз құрамындағы сыңарлардың, жоғарыда айтылғандай, сөзжасам қабілеттерінің тең дәрежеде болуынан келіп шығады. “Термин “дефис” – парадоксален. Он возник как знак разъединения, а стал, по преимуществу, знаком соединения” (43. 288).

Дефистің сөзді ажырататын мағынасын тире (сызықша) атқарады. Ал дефис сөзді жақындастыратын мағынасында қалды. Мысалы, бір кездерде

мерзімді баспасөз беттерінде *ой-тамыздық*, айдарымен мақалалар шығып жүрді. Кейін қос сөз БС-ге айнала бастады. *Қоражай, мекенжай* сөздерінің де осы жолдан өтуі дефистің сөзді жақындастырып, біріктіруге бейімдейтінін көрсетеді. Дегенмен, қазақ тілінде бұл жиі құбылыс емес. Орфографияда сөз тіркестерінің универбтелу сатылары, негізінен **босаралық, қосаралық** және **босаралықсыз** графемаларымен көрінуі тиіс. Ал ағылшын тілінде құрама сөздердің тұтас тұлғалануы қосаралықпен және босаралықсыз таңбалана береді (*honeymoon, blood-vessel, arm-chair*). Ағылшын тілінің американдық вариантында бірге жазу басым болса, британдық вариантында дефиспен көп таңбаланады. Алайда дефис кейде тілдің эстетикалық қызметін де атқарады (44. 132-133).

Қазақ тіліндегі құрама сөздердің тұрпат межесі (план выражения) мен мазмұн межесінің (план содержания) өзара үйлесім табуын кесте арқылы да көрсетуге болады (1-сурет). Сонда, орфографиялық кескінделуі тұрғысынан құрама сөздердің біріккен сөз, қос сөз, қысқарған және күрделі сөз болып бөлінуі ұғымдық, мағыналық деңгейлерден шығып, жазба тілдің таңбалық сипатына сай келеді.


Ал сөздерді бірге, бөлек тұлғалаудың негізі неде? Оның емледе принципті мәселеге айналып, дау туғызуы неліктен?

Тілдің коммуникативтік, когнитивтік қызметтеріндегі бұл проблеманың салмағы қандай? Енді осы сұрақтар төңірегіндегі пікірлерімізді таратып көрейік.

Құрама сөздер

Түрпат межесі
Тілдің графикалық бірлігі

Мазмұн межесі
Тілдің мағыналық бірлігі



1.3. Құрама сөздерді бөлек, бірге тұлғалаудың теориялық негіздері

Адамзат сөйлеу тілінің пайда болғанына қырық мың жыл болса, жазу тілі алғаш бұдан алты мың жылдай бұрын шыққан (45. 325).

Бодуэн де Куртенэ терминімен айтқанда бұл “жазу-көру” (писанно-зрительный) тілі абстракті ойлаудың пайда болуымен тығыз астасып жатыр. Осы абстрактіліктің шарықтау шегінде, б.э.д. VIII-VI мыңжылдықта қолданылған пиктографиялық жазудың шыққан мерзімі – ең алғашқы сурет өнерінде әр түрлі суреттерді бейнелеу қызметінен бірдеме жайында хабарлау қызметіне ауысу кезеңінен бастау алып, ол бейнелеуші кескіндеме таңбалар б.э.д. IV мыңжылдықтарда, яғни алғашқы қауымдық құрылыстан құл иеленуші құрылысқа өтер кезде идеограммалық жазуға, қазірде логограмма (logos, грекше сөз деген мағышада) деп аталып жүрген, мағыналық белгісін ғана көрсететін символдық қызметі басым таңбаларға ауыса бастайды. Мұнда сөйлеудің мазмұнын білдірумен бірге, оның бөлшектері – сөздерді, сөздердің синтаксистік орын тәртібін, кейбір жағдайда сөйлеудің фонологиялық жағын да ажыратып беру пайда бола бастады.

Сөйтіп, б.э.д. II мыңжылдықта енді адамзат графика, идеограммалардың жүйесінен бірте-бірте құтылып, фонемограммалар жүйесіне, сөйтіп, өздерінің салған кескіндемелерін түсініп, талдап қарауға көшті. Жазудың онтогенездік даму тарихындағы маңызды бір бетбұрыс та осы болып табылады. “Тілдің мазмұн межесін бөлшектеп бейнелеуден енді тұрпат межесін бөлшектеп, кескіндеу” (45. 327), расында да, ұлы жетістік еді. Сөйтіп, тілдің жазба формасы немесе жазба тіл (46. 12) өзінің тарихи дамуында бейнелеуші таңбасынан шартты, одан кейін тіптен уәжін жоғалтқан шарттылыққа ауысты (47. 241). Жазу адамдардың белгілі бір уақыт пен кеңістік алшақтығында тұрып, белгілі бір мазмұн мен мағына беріп (48. 7), қарым-қатынас жасай беру қажеттілігінен туындап, кейін өмірдің барлық саласында кең түрде қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беретін құралға айналды.

Әрине, жазу – қарым-қатынастың ауызша сөйлеуден кейінгі құралы. Ол сөз саптаудағы барлық мүмкіндіктерді ол бсре алмайтыны өз алдына, өте қарапайым деген тілдік қолданыстарды көрсете алмайды (49. 123).

Дегенмен жазудың саналы қоғамдағы қызмет ауқымының кеңейіп, коммуникативтік қызметті бүгіндей өз қолына алып бара жатқаны соншалық, енді ол өзіне тұрақты құрылымы мен жүйесі бар таңба ретінде қарауды қажетсінетін қарым-қатынас құралына айналып отыр. Белгілі қашықтықта тұрып қатынас жасаудың хат, жолдаухат, сәлемхат жолдары бүгінде компьютерленген, автоматтандырылған интернет, пейджерлік жүйесімен іске асырылады. Белгілі жазба дүниелерді тез, сапалы оқудың автоматтандырылған әдістері пайда бола бастады. Тіпті компьютер өзінің жадындағы материалдарды стильдік жөндеу, саралау сияқты бірқатар жұмыстарды алдын-ала енгізілген

бағдарлама арқылы атқара беруі – жазба тілдің жүйелі құбылыс ретінде қалыптасып үлгергенінің жемісі. “Жазу тілдік бірліктерді жеткізудің тұрпат межесін емес, мазмұн межесін көрсететін” (45. 327), соны айғақтайтын жүйелі таңбаға айналып отыр. Сондықтан жазу қажет деген мазмұнға жетілген нормасы бар форма болып қалануы тиіс дейміз.

Тілші ғалым Т. А. Амирова **жазба тіл мен ауызша тілге** былай деп сипаттама береді: “ (1) в плане выражения: (а) субстанцией совершенно разной природы; (б) формой во многих отношениях различной и, по-видимому, образующей вполне специфические системы; (в) парадигматическими и синтагматическими отношениями, во многом сходными и во многом различными; (2) в плане содержания: (а) субстанцией одной и той же природы, но не совпадающей в разных участках своего спектра; (б) формой, во многих отношениях сходной но не совпадающей и, по-видимому, так же образующей вполне специфические системы; (в) парадигматическими и синтагматическими отношениями, во многом сходными, но в ряде существенных черт отличными” (46. 36.).

Сондықтан ғалым жазба тіл жүйесінің құрылысы дыбыстау мен таңбалаудан бастап, таңбалау және оны дыбыстаумен, әрі тіл тұтынушыларға ортақ норманың қалыптасуымен аяқталатынын айтады (46. 117). Бұл сөзді дұрыс жазу және дұрыс айту нормаларының жиынтығына бастайды. Орыс лингвисті Л.В.Щерба бір сөзді әркім әр түрлі жазуына болады, өйткені беретіні бір мағына, бірақ та біз оларды тұрақты бір формасы арқылы ғана танып отыруымыз керек (50. 49) деген екен. Жазудың эволюциялық даму тарихы идеограмма типтері фразограмма, логограммалардан басталып, фонограмма типтері фонемограмма мен силлабограммаға өтуінің өзінде тілдің белгілі бір қағидалы нормасы бар форма іздеуі жатқанын көреміз. Фонологиялық жазуға дейінгі кезеңге С.М.Кузьмина былай деп сипаттама берген: “оно рассматривалось как средство передачи произношения, описывались отношения между буквами и кратчайшими единицами звучащей речи –звуками” (51. 7-8).

Сөйтіп, келе-келе жетілген жазу теориясы екі бөлікке: дұрыс жазу мен тыныс белгілерді дұрыс қолдануға бөлінді. Пунктуация жазудың жетілген кезінде пайда болды (52. 308).

Пиктографиялық жазу әр тілде сөйлейтін халықтар мен ұлыстардың бәріне ортақ тіл болғаны белгілі. Осы жазудан бізге математикалық таңбалар: цифрлар, қосу, алу, көбейту, бөлу, теңдік, үлкен-кішілікті білдіретін таңбалар, сондай-ақ, лексикалық, морфологиялық бірліктерді ажыратып, біріктіріп, дефис арқылы беру, сонымен қатар, нүкте, үтір сияқты пунктуациялық белгілер жетіп отыр. Л.В. Щерба бұларда жартылай дыбыстық, жартылай иероглифтік мағына бар дейді (53. 194).

Сонымен бірге идеограммалық немесе логограммалық жазудан бізге сөздердің, яғни логограммалардың тіркесіп қолданылуы жеткен сияқты. Мысалы, қытай тілінде “от” дегенді білдіретін *та* деген логограмма “әйел” деген

мағынадағы айқындауышпен тіркескенде “ана, шеше” дегенді, “екі ауыз” деген мағынадағы айқындаушымен тіркескенде “ұрсысу” дегенді білдіреді (54. 31-32).

Сонда қазіргі қытай тіліндегі көп буынды сөздер бір буынды сөздердің бірігуінен шығады. Ол бірігу процесінің дамуы кіріккен түбірлерге, одан негізі ажырағысыз түбірлерге және аффикстерге апарғанын тіл тарихы көрсетіп отыр. Сондықтан сөздердің бірге тұлғалануының негізі логограммалық жазу типінде, яғни тілдің ұғымдық сипатында жатқаны байқалады. Мысалы, “туу” деген мағынаны *құс және жұлдыртқа*, “жеу” мағынасын *нан және ауыз*, “жауын” мағынасын *жұлдыз және су*, “қарау” мағынасын *көз және садақ*, “ашулы” деген мағынаны *көз және ит* логограммаларын қатар қою арқылы түсіндірген. Сондықтан, біздің пайымдауымызша, бүгінгі тілімізде нақты атаулардан гөрі дерексіз атаулардың аффиксация және бірігу немесе аналитикалық тәсіл арқылы жасалуы басымырақ.

Орфографияның иероглиф немесе символдық принципінің жазба тілдің ақпаратты беруші мен қабылдаушы арақатынасын жақындастырудағы ролі күшті. Ол дыбысталуы бірдей мағыналары басқа сөздерді жазуда ажырату үшін қолданылады. Мысалы, *хал* сөзін *қал* атауымен шатастырмау үшін <х>, <қ> әріптерімен белгілейді. *Айжарық* жалқы атауын *ай жарық* предикаттық қатынастағы құрылымнан ажырату үшін, біріншісін бас әріппен және сыңарларын бірге таңбалайды. Сөйтіп, сөздерді бірге, бөлек таңбалауда символдық принцип араласатынын көреміз. Ал символдың таңбалар жүйесімен тікелей қатынасы бар екені белгілі. Ендеше жазу-сызуға таңба теориясы тұрғысынан келу орынды болмақ.

Жалпы, **таңба ұғымының** ауқымы кең. Ол – әдебиет, тіл, астрономия, архитектура, математика, экономика салаларында еркін қолданылады. Бұған ағылшын ғалымының мына сөзі дәлел: “наука и знаки–неотделимы друг от друга, поскольку наука дает в распоряжение людей все более надежные знаки и представляет свои результаты в форме знаковых систем. Человеческая цивилизация невозможна без знаков и знаковых систем, человеческий разум неотделим от функционирования знаков –а возможно, и вообще интеллект следует отождествить именно с функционированием знаков” (55. 38).

Тіл таңба болған соң, оның таңбалаушы және таңбаланушы екі жағы болады. Теориялық әдебиеттерде бұл туралы аз айтылып жүрген жоқ. Тіл өзінің қызметін ауызша және жазба формада атқаратыны белгілі. Біздіңше, таңбаның ассиметриялы екі жағы тілдің тек ауызша формасына ғана қатысты айтылып жүр. Мұнда мазмұн межесінің бірлігі – семема да, тұрпат межесінің бірлігі – лексема. Ал лексеманы одан ары бөлшектесек, фонема - тілдің ауызша формасының тұрпат межесі де, дыбыс – мазмұн межесінің бірлігі. Мұнда алғашқысы белгілі бір ақиқат, ұғымды берсе, сонысы сол құбылыс, зат туралы ұғымды атайды, яғни тілге таңба салады: тіл парадигмасындағы фонемалар тізбегі арқылы лексема ұйымдасады. Ауызша тіл тілдің өмір сүруінің бір формасы болса, жазба тіл (бүгінде коммуникативтік қызметі қарқындалу үстіндегі тіл)

екінші формасы ретінде таңбалар жүйесі болып қаралуы керек. Жазуға таңбалар жүйесі ретінде қарау көп мәселенің басын ашатын сияқты.

Осы тұрғыдан зерттеуіміздің нысанасы құрама сөздердің бірге, бөлек таңбалануындағы тірек-таяныш таңбаның жоғарыда аталған ассимметриялы екі жағы болуға тиіс деген тоқтамға келеміз. “Дыбысталған сөзді арнайы таңбалар жүйесімен хатқа түсірудің” (56. 240) негізін Н.Уәлиұлы дыбыс-фонема-графема-әріп қатынасы тұрғысынан түсіндіреді. “Инвариант-вариант теориясы тұрғысынан ауызша тілдің ең шағын дыбыстық тұлғасы фонема-инвариант, ал оның сөздегі репрезентантары – тілдік дыбыстар – варианттар болып табылса, жазба тілдің ары қарай бөлшектеуге келмейтін ең шағын тұлғасы – графема-инвариант, ал оның репрезентант варианттары әріптер болып табылады. Ауызша тілдің дыбыс құрылымындағы мағынаға әсер ететін ең кішкене тұлға – фонема және осы тұлғаның (единицаның) субстанциясы (материализациялануы), яғни сөз дыбыстары түрінде өмір сүруі, фонемалардың жазба тілде субстанциялануы, яғни таңбалануы (графема), ол таңбалардың билатериалдық сипатта болуы (мазмұн жағынан фонеманы білдіруі, тұрпат жағынан белгілі бір символ (сурет) түрінде болуы) ауызша тіл мен жазба тілдің байланысып анағұрлым тереңде, атап айтқанда, құрылымдық элементтердің деңгейінде екендігін байқатады” (5. 14, 15).

Сонымен, **жазба тілдің таңбалық сипаты, біздіңше, былай болып келеді. Мазмұн межесі – фонема** (“фонема абстракті единица болғандықтан, табан тірейтін негізгі дерек – дыбыс, дыбысталған сөз болуға тиіс, себебі фонема алдымен сөз дыбыстарында көрінеді, сөйтіп, абстракті единица дыбыс арқылы материалға айналады, олар белгілі бір дыбыстық құндақта өмір сүреді” (5. 15)), екіншіден, **морфема және олардың универб, предикаттық қатынас формалары болса, тұрпат межесі – әріп, әріптер, олардың кескінделуі** (бас әріп, кіші әріп, сонымен қатар, арнаулы әдебиеттерде берілетін курсив, асты сызылған немесе бояуын түрлендіріп, не қалыңдатып берген әріптер); және **әріптердің босаралықпен, қосаралықпен, босаралықсыз таңбалануы болып табылады.**

Бір қарағанда, әліпбиді білетін кез келген адам зат пен құбылыс атауын таңбалағанда көп қиындыққа тап бола бермейді. Тілдің ішкі заңдылығы, норма, ереже дегеннен бейхабар адам, мысалы, *орындық*, денотативін тұлғалағанда *орындық*, <орұндық>, <орұндүк> бір инвариант фонеманың тілде көрініс беретін әр түрлі манифестанттарын қолданса немесе *ақсақал* сигнификативін универб формасында емес, перифраза түрінде таңбаласа да, бұлардың жеткізуші тарапынан мазмұн межесі бір. Бұл арада айта кететін жай – сөзді айтушы мен сөзді естуші арақатынасы сияқты, сөзді жазушы мен сөзді естуші арақатынасы туралы мәселенің мәні зор екендігі. Осы арақатынастағы өзара тепе-теңдік, өзара келісім сақталмаса тілдің коммуникативтік функциясының бір қыры кемітіні аян. Сондықтан жазу-сызу өзінің о баста пайда болған күнінен бастап тұрпат межесін оңайлатуға ұмтылып келеді, мазмұн межесінде болып жатқан өзгерістер мен өзгешеліктерді барынша қамтуға ұмтылумен келеді

дейміз. Сондықтан норма, емле, орфография, оның принциптері деген мәселелер жазу-сызудың жетілген кезімен қатар шығып, бүгінде маңызын жоғары арттырып отыр.

Дегенмен тілімізден *айналу//айлану, ажым//әжім, күнә// күна, күнәкар//күнақар* сияқты метатеза, эпентеза құбылыстарына түскен әдеби варианттардың жарыса қолданылып, күрделі атаулардың бірге, бөлек тұлғалануының алуан түрлілігі көптеген жылдар бойы сақталып, тіпті кейде маңызды мәселеге айнала қоймауын көреміз. Бұл орфографиядағы дәстүрлілік принципімен байланысты сияқты. Тілдік таңба қарым-қатынастың бірнеше жолдарына түсіп, денотативтік және сигнификативтік жиілікке (денотативная частотность) ұшыраса, таңбаның тұрақтылығы артады. Мысалы, *кіна* сигнификативін 1988 жылғы орфографиялық сөздік деп осы формамен беруді қадағаласа да, тілді тұтынушы *кінә, кінәнің, кінәге* формасымен таңбалауды “тастамайтыны” тіліміздегі жазу-сызудың жетілуінің бастапқы кезеңдеріндегі дәстүрлілікке байланысты. Сол сияқты *қолған* денотативін жазу-сызуда бірден осы формада, яғни морфема жөніндегі дауыссыздардың ассимиляцияға ұшыраған, біріккен формасында көрінуі, осы үлгідегі басқа тіркестердің жазуда бөлек таңбалануына кедергі болмады (*киіз қап, кесе қап, аяқ қап, уық қап*). Тек орфографиялық сөздіктің соңғы басылымында ғана бұларды универб тұрпатымен беру ұсынылды.

Сонымен, жазу-сызудың зерттеу нысанымызға қатысы тұрғысынан келгенде форма мен мазмұнның маңызы ерекше екенін байқаймыз. Жазудың тұрпат межесі жазудың мазмұн межесін дәл ашып көрсете алмаса, тілдің коммуникативтік қызметі әлсіреп, адамдардың ойлау қабілеті тоқырауға ұшырайды. Тұрпат межесі таңбаның мазмұн межесін қашан да дәл бейнелеп, қанағаттандырып отыру керек. Бұл – әсіресе морфемалардың бөлек, бірге таңбалануына байланысты. Ал морфемалардың бөлек, бірге таңбалануы ұғымдық деңгейден көрініс беретіндіктен, бұны орфография көлемінде шешіле қоятын шарттылық деп түсіну өзін жоққа шығарды. Мысалы, емлеміз қалыптасуының алғашқы кезеңдерінде “бір зат не ұғымның атауы” болған, “бір деммен айтылатын” КС-дердің бәрін біріктіру жөн деп саналынды. Бірақ *ауылшаруашылығы, атойсалды, бойұрды* сияқты біріктіріліп жазылған форма мазмұн межесіне жауап бере алмады. Кейін мазмұн межесін толық ашатын біріккен күрделі атаулар қалдырылып, бірігуі күмәнді деген басқа күрделі атаулар бөлек жазылатын формаға көшті. Одан барып емледе бірізділік болу керек деген қағидамен, барлық күрделі атаулар бөлек таңбаланса, КС-ге қатысты мәселелер шешілетін сияқты болды. Бірақ бұл тұрпат мазмұн межесіне тіпті қайшылық әкелгендей болды. Сөйтіп, форма мазмұн деңгейіне бойлауға әкелді: сөздің мағыналық жақтарына назар аудару басталды. Мысалы, бір кездері ажыратыла беріліп келген *қосауыз* денотаттық атауы бүгінде бірге жазылады, яғни жазудағы

тұрпат межесі – босаралықсыз жазу. Тұтас интенционалдық ұғым болған *қосауыз* сөзі өзінің тіркес түріндегі тұрпат межесін “қанағат қылмай”, жаңа форма іздейді: *қос ауыз* болып бөлек жазылу мазмұн межесін дәл бере алмайды. Сөйлем түріндегі (“оқ шығатын екі тесігі бар қару”) ұғым *қос ауызды мылтық*, тіркесі түрінде формаға түсті, кейін дифференциалды сема атау дәрежесіне жетіп, *қосауыз* универбке айналды: сөз босаралықсыз жазыла бастады. Сонымен, тілдің даму жүйесінде БС- дер, алдымен семантикалық тұтастыққа жетуі шарт болады. Бұған диахрония тұрғысынан да көз жеткізуге болады.

Бүгінде негіздері кірігу процесіне жан-жақты ұшыраған *сексен, тоқсан* сан есімдері Орхон-Енисей ескерткіштері мәтнінде *segiz on, тоғыз он* тіркесі түрінде (57. 143), *күндіз* үстеуі *күнтүз* формасында беріледі (40. 273). Ал армян жазуы қыпшақ ескерткіштер тілінен *бұл күн, ол тур, білек жүзік, белдің бағы* тіркестерінен біріккен *бүгін, отыр, біләзүк, белбағ* универбтерін көруге болады (58. 10, 89).

Аталған ескерткіштерден, сонымен қатар, *Ұлхатун, Ұлходжа, Махмуд Қашқаридың* “Китаб Диуани-лұғат ат- түрк” еңбегінен *Жанбалық, Беибалық, Семізкенд* сияқты бірігіп жазылған топонимикалық атауларды кездестіреміз (57. 83,143). Орта түркі жазба мұралары М.Қашқаридың “Диуан-лұғат-ат-түрк”, Жүсіп Баласағұнның “Құтадғу білігі”, Рабғузидың “Қисса ул-анбия”, Саиф Сараидың “Ту- листан-бит-турки” туындыларында енді адам аттарының біріккен тұлғасы жиі кездесе бастайды (*Күлбаршын, Бекбулат*) және *segiz on, тоғыз он* сандарының дыбыстық коннотацияға жан-жақты ұшыраған *сексен, тоқсан* формалары еркін қолданысқа түседі (57. 185,194). “Қазақ әдеби тілінің тарихи көздері” атты монография авторлары “жаңа атты көргенде берілетін сый-сияпат” мағынасындағы *байғазы* атауын БС деп тапқан. *Бақ* сөзі Орхон-Енисей ескерткіштері мен М.Қашқари мен Ж.Баласағұнидің жоғарыда аталған еңбегінде “қарау, көз салу” мағынасында жұмсалған екен. Осыдан келіп, *бақ, қазысы, байғазы* формасы шығады деп көрсетіледі (57. 188). Бүгінде БС қатарынан табылып жүрген *ыиқыр, қызғыш* сөздері XIII-XV ғ. жазба нұсқаларында *іч құр, қыз құш* тұлғасында жүр. *Қат* негізі қазіргі қазақ әдеби тілінде *қарақат, қызылқат* атауларының бір сыңары қызметінде ғана жүргені болмаса, жеке сөз формасында кездеспейді. Ал орта ғасыр ескерткіштерінде *қат, қатланды*, яғни *жеміс, жемістенді* сөздері кең қолданыс тапқан (57. 192). Л.В.Будаговтың “Сравнительный словарь турецко-татарских наречий” еңбегінде *кара гат, саб қар гат* (смородинник), *қазр қат* (смородина с зелеными ягодами), *қызыл гат, жыр қызыл гат* (костяника), *сар гат* (песчаный щипль) сияқты түрлері кездеседі (59. 150).

XVIII-XIX ғасырлардағы ресми іс-қағаздар стилінде *ақсақал, гарызнама* сөздері универб формасын қабылдай бастайды (60. 141).

Сөйтіп, толық мағыналы лексикалық тұлғалардың бірігу үрдісі қарқынды түрде жүрді дей алмасақ та, процестің басталуы нәтижелі еді. Осы тұста ескеруді керек ететін бір жай бар. Ол – орта ғасыр ескерткіштеріндегі қосымшаның негізден бөлек берілу үрдісі (61. 118). Алайда проф. Р.Сыздықова

бұл үрдістің бірізді емес екенін айтады, яғни қосымша бірде негізге қосылып жазылса, бірде бөлек таңбаланған. Алғашқы қазақ газеттерінің тілінде де жалғау, шылау, қосымшалардың бөлек, бірге жазылуында заңдылық байқалмайды. Ілік, көмектес септігі бөлек берілсе, керісінше *соң, зой, ма, ме* тағы басқа жалғаулық, демеулік шылаулар бірге жазылған. Көп жағдайда көмекші етістік пен негізгі етістіктің арасы ажыратылмаған (*айтбаучеді, жүредекен*) (62. 59-60).

Ал орта ғасыр жазбаларында БС-ге айналған *бүгін, биыл* композиттері – *бұл жыл, бұл күн* деп бөлек тұлғаланған (62. 60). Және *атиабар, қолғаб, айырбас, ағайын* (62. 100) *қонағасы, дәріхана, мектепхана, кітапхана, атхана, басмахана* сияқты біріккен атауларын көруге болады.

Қадырғали Жалаиридің “Жами ат-тауарих” туындысында есімдіктер мен сан есімдердің біріккен түрі көп кездеседі екен (63. 101), мұндағы *қачан, қайсы* сөздері – *қай шақ, қай сол* тіркестерінен пайда болған біріккен сөздер.

Бір жағынан, жазба тіл дамуында сөздердің әр түрлі таңбалануы көпшілікке ортақ жазу нормасының қалыптаспағанына байланысты екені анық. Бұған сауат ашқан көпшіліктің ресми- іс қағаздар, публицистика, көркем әдебиет саласына қалам тартуы себеп болды. Орыс графикасы да бұл мерзімде нормативті сипатта болғаны бар, әркім, жазумен айналысқан кез-келген көпшілік, өзінше орфография жасап алды. Сөйте тұрғанмен, күрделі-құрама сөздердің жазылуында белгілі принцип сақталып келгенін байқауға болады: бірге жазылатын атау сөз сыңарлары ортақ мағына берсе және олар өзара үндесу заңына бағынса құрама сөздер бірге таңбаланған. Проф. К.Ш.Хұсайынов “шын мәніндегі күрделі сөз дербес элементтердің дауыс үндестігіне түсіп, өзара кірігуі, бір бүтінге айналуынан туады. Сондықтан түркі тілдерінде күрделі сөз сирек кездеседі. Оның себебі түбірдегі дауыстылардың көп өзгеріске ұшырай бермейтіндігі, тұрақтылығынан” (64. 172) дейді.

Қазақ тілінің дауыс үндестігі заңына бағынып, дыбыстық контаминацияға жан-жақты ұшыраған құрама сөздер ғана сондықтан бірге тұлғаланатын еді: *қарлығаш, ағайын, жомарт, жүгірмек* (62. 60). К.Ш.Хұсайынов негіздер қосылуының фонетикалық үш тәсілін көрсетеді (64. 107): 1. Үндесу заңы алғашқы сыңар ықпалымен болады. Мысалы *сексен, тоқсан*. 2. Үндесу заңы екінші сыңар ықпалымен болады. Бұл процесс екінші сыңар мағынасының үстемдік алу жағдайында жүреді (64. 109). 3. Жалпы фонетикалық контаминация негізінде пайда болады: *солай етіп > сөйтіп, білектің жүзігі > білезік*. Бұл бағытта проф. Ә.Жүнісбек: “эксперименттік бақылау дауысты дыбыстардың көп өзгеріске ұшырай бермейтінін, өзгеріске түссе де, әр сипатта келіп, буын түрінен, интонация мен фонетикалық қоршауға тәуелді болатынын, ашық дауыстыларға қарағанда қысаң дауыстылар өзгеріске көп ұшырайтынын көрсетті; екі- үш негізден тұратын күрделі сөздердің фонетикалық ерекшелігін тексергенде өзгеріске тек дауыстылар ғана емес, барлық дыбыстар түсетіні белгілі болды” (65. 60-65) дейді.

Ал жазба тіл өркендеп, функционалдық стиль тармақталған сайын құрама атаулардың бірігуі фонетикалық фактор араласуынсыз жүре берді. Мұнда таңбаның билатериалдық сипаты жатқанын көру қиын емес.

Проф. С.М.Исаев бұл бағытта “Қазақ тілі лексикасының дамуы, баюы әртүрлі жолдармен болып отырды. Соның бірі тіліміздің ішкі мүмкіндіктерінің негізінде дамуы” дейді (66. 183).

Сонымен, түркі жазба ескерткіштер мәтінінде болсын, жазу нормаларының алғашқы тәжірибелерінде болсын, жалпы, сөздердің бөлек, бірге таңбалануы тілдің ішкі мүмкіндіктерінен, ішкі құрылымынан шығып жататынын көруге болады. Ол таңбаның екі жақты сипатына сәйкес келеді. Ал таңбаның ассиметриялы екі жағы адам миының сол жақ жарты шары хабар қабылдаушы, оң жақ жарты шары хабар беруші қызметінен келіп туындайды (45. 154- 173). Сондықтан жазуда тілдік таңбалардың белгіленуі, фонеманың графемалануы, екі жақты сипаттың – мазмұн межесі мен тұрпат межесінің – өзара үйлесуінен шығады.

2. БІРІККЕН СӨЗДЕРДІҢ ОРФОГРАММАСЫ

Сөздердің бөлек, бірге таңбалануы – адамның психофизиологиялық табиғатына әсер ететін “көру-жазу тіліндегі”(Ф.Соссюр) ерекше құбылыс. Кейде сөздердің бөлек, бірге таңбалануын этностық ерекшелікке балайтын көзқарастар да табылады. “Проблема”национальная специфика словосложения” включает в себя самые разнообразные вопросы, от мировоззренческих до вопросов конкретной словообразовательной техники” (67. 153).

Тіпті неміс оқымыстысы Л.Вейсгербер неміс тілінде сөздерді біріктірудің өнімді тәсіл болуын ұлттық ойлаудың абстракті сипатының күштілігіне теңгереді. Дискретті емес бірлікті көру, бейнелеу адам санасының жоғарылауынан, ой тұтастығы мен ұғым бірлігінен, жалпылық пен абстрактіліктен өрбитіні рас. Алайда тіл мен ұлтты бұл тұрғыда байланыстыруға тіптен болмайды. “Сөз жоқ, сөздерді біріктіру тілдің өзіне ғана тән айрықша белгісін көрсететін және оны басқа тіл табиғатынан ерекшелей алатын тілдің ұлттық сипаты болып табылады” (67. 11).

2.1. Біріккен сөз және оның құрылымдық мағыналық ерекшеліктері туралы

БС проблемасы тіл-тілдің қайсысында болмасын күрделі мәселеге айналып отыр. А.А.Реформатскийдің 1937 жылы “орфографияның ешбір проблемасы сөздердің бірге, бөлек, дефиспен жазу мәселесіндей қиындық тудырмайды” (68. 76) деген сөзін бүгін де қайталауға болады. Дегенмен, орыс, батыс еуропа тіл біліміндегі зерттеулерге барлау жасап, БС- дердің шығу тегі, өздеріне тән белгілері туралы айтылған көзқарастарға азды-көпті тоқталып өту қажет.

Тілдің зерттелетін ауқымы тереңдеп, оның микроқалтарыстарына дейін сөз болып жатқан бүгінгі орыс тіл білімінің өзінде орфографияның бұл өзекті мәселесі әлі күнге дейін шешімін таба қойған жоқ. 60-80 жылдардың арасында бұл салада бірнеше іргелі зерттеулер жүргізіліп, еңбектер жарық көрді (69).

Алайда осы зерттеулердегі пікірлерді саралау барысында байқағанымыз - құрама сөздердің орфографиясы туралы пікір, ғылыми ұстанымдар әлі де болса бір жерден танылып, бір арнаға сая қоймайтыны.

Орыс орфографиясында сөздердің бір-бірінен ажыратыла таңбалануы XVII ғасырдың аяғына қарай ғана түпкілікті шешілді, дейді А.Н.Гвоздев (70. 104). Олай болтын, "сөзді қабаттастырып айту арқылы сөз жасау – жаңа сөз туғызудың ең ескі және бірден бір тәсілі" (71. 157) болуы да сондықтан. Және осы тұста КС-дердің жасалу жолы да айқын көрініп тұр.

КС пайда болу процесін көрсеткенде орыс тіл білімінде мынадай схема-қайшы ұсынылады. КС сөйлемдегі алатын орнынан келіп шығады – КС-дердің табиғатын түсіндіру үшін оны синтаксистік сөз тіркестерінен оқшау алып ажыратып қарау керек (72). Және осы схема арқылы КС болмасын айқындап береді: ең алдымен, КС пайда болу үшін оның сыңарлары зат немесе құбылысты түсіндіру мақсатында, сөйлемде қатар келуі керек. Екіншіден, олар анықтауыш-анықталғыш, толықтауыш-толықталғыш, пысықтауыш-пысықталғыш қатынаста тұруы тиіс. Үшіншіден, олар деректі және дерексіз заттың, мөлшер, мезгіл, көлем, сын, сан атауларының қажетін тұрақты, қайталап айтқанда, "тұрақты контекст" (73. 200) құрап, өтеп тұруы қажет. Осы тұрақтылық негізінде "үлкен және кіші деңгейде "қолтықтасқан" сөз тіркестері" (74.144) тіл тезінде өнделіп, мүжіліп кеміп, өзгереді. Сөйтеді де, ол ұғымымызда бар бір ғана зат, я құбылысқа атау болып қалыптасады. "Сөйлемнен тыс, тек соған керекті құрылыс материалы ретінде қаралатын сөз тіркестері сөздер тәрізді болады да, тілдің номинативті құралдарының саласына, заттарды, құбылыстарды, процестерді белгілеу құралдарының қатарына енеді" (75. 3).

Енді ол – белгілі бір денотатқа атау болғаннан кейін сыңарлары арасындағы синтаксистік байланыс (анықтайтын–анықталатын, толықтайтын – толықталатын, пысықтайтын – пысықталатын) әлсірей бастайды. Сөйлемнен сөз тіркесі, сөз тіркесінен КС, одан БС, БС-ден сөз, сөзден түбір, түбірден морфема, морфемадан дыбыс пайда болу ретімен енді синтаксистік байланыс орнына мағыналық байланыс орнайды. Жоғарыдағы авторлардың КС-ді синтаксистік сөз тіркесінен ажыратып алу керек, оларды « салыстыру дегеннің өзі артық дегендері – КС сыңарлары арасында ешқандай синтаксистік қатынас қалмауы керек деген сөз.

Орыс тіліндегі БС-дің өзіндік ерекшеліктеріне келетін болсақ, әдебиеттерде ең бірінші ауызға алынатыны – БС-дің о, е, и ұластырғыш дауыстылармен келуі (76); екінші, табыс септігіндегі зат есім мен есімшенің бірігуі арқылы (*серусодержащий*) және зат есім мен сын есімнің кері байланыста бірігуі арқылы (*металлоорганический, резуположительный*,

азотфиксирующей) (77. 139); және бірінші сыңары үстеулерден болған көсемшелі, есімшелі оралымдар (78.126): *быстрорастворимый, вышеупомянутый, густонаселенный, дав-нопроишедший, долгоиграющий*; белгілі бір приставкалармен (*обер, уни, мини*) келетін БС.

Жалпы орыс тілінде КС пайда болуында сөз валенттілігіне ерекше назар аударады. “Күрделі сөз лексикалық, морфологиялық, синтаксистік валенттілігі бар кем дегенде екі сөзден тұрады. Осы валенттіктердің тұтасып жымдасуы нәтижесінде күрделі сөз пайда болады” (79. 115). “Сөздің ішкі валенттілігі деп күрделі сөз сыңарлары семантикасында өзара ыңғайлас элементтердің болу сипатын атайды. Валенттіліктің формалды (этимологиялық, фонетикалық, морфологиялық) және семантикалық деген екі түрі болады. Соңғысы құрастырушы сыңарлардың өзара мағына сәйкестігінен шығады” (70.151). Сөздердің валенттілігі мағыналық бірлікті қалыптастырады. “Күрделі зат есімдердің пайда болуы, негізінен құрастырушы компоненттердің бір- бірімен тіркесе алу қабілетінен туындайды” (81. 121).

Әдебиеттерде екі сөз бір мағынаны беру үшін композиттің жалпы мағынасы оның бөлшектерінің мағыналарының қосындысынан тұруы керек (82. 24), немесе бір сыңары жеке тұрып мағына беру дәрежесінен айырылған болуы керек (73. 200), болмаса бір не, екі сыңары да ауыспалы мағынада қолданылуы керек (81. 119) делінеді. О.С. Ахманова БС-дің жалпы мағынасы құраушы сыңарларының мағынасынан өрбіп шығады, фразеологиялық тұтастыққа қарағанда БС-ге идиомалану мүлде тән емес деп көрсетеді (82.18). Сөйтіп, автор БС-дің мағынасы оны құраушы элементтердің мағынасынан тумады: БС-дің мағынасы семантикалық оқшаулануға ұшырайды деген пікірге қарсы дау айтады.

Орыс тіл білімінде компоненттердің лексикалық өлшемін жоққа шығаратын пікірлер де бар (83). Ғалымдар екі компонент бір-бірімен қандай мағыналық қатынаста тұрғанын білу үшін алдымен олардың негізгі белгілерін анықтап алу керек болады, кейбір заттар мен құбылыстардың негізі белгілерін арнайы сала мамандарынан алу керек болады, алайда заттар мен құбылыстарды талдау барысында бір саланың өз ішінде потенциалды белгі болып бірнеше белгі танылуы мүмкін, ең соңында дұрыс таңдау дегеннің өзі дұрыс емлені шатастыруы мүмкін дейді. Ал атаудың ғылыми (потенциалды) мағынасы негізінде сыңарлардың бірге, бөлек тұлғалануы уәжделетін көбінесе өсімдіктану терминдері екен (84. 41).

Сонымен, орыс тіліндегі БС-дің негізгі өлшемі болып, біріншіден, жоғарыда аталған олардың морфологиялық жағынан өрнектелуі болса, екіншіден, ең сенімді белгісі болып, олардың тұтас тұлғалануы аталады (85. 301). Мысалы: *грубоотталкивающий, грубоотталкивающего, агитпункт, агитпункта, космовидение, космовидением* т. б.

Сонымен, орыс тілінде БС-дер тұтас тұлғалану үшін, алдымен екі компонент ұластырғыш дауыстылармен, я болмаса, көсемшенің жұрнақтарымен немесе буын санының шектеулігімен ерекшеленуі керек.

Орыс тілінде БС-ді айырудың енді бір өлшемі бар. Ол – компоненттер арасындағы қатынас: сыңарлар сабақтасып тұрса сөздер бірігеді, салаласып тұрса компоненттер қосаралық арқылы бөлінеді (82. 18; 76. 139; 74. 145). Басқаша айтқанда, композиттің бір сыңары жартылай мағыналы сөз болса сөздер бірігеді. БС жасалуының соңғы стадиясы ретінде орыс әдебиеттерінде БС-дің бір екпінге байлаулы болуы көрсетіледі. Негізінен, БС бен сөз тіркесін ажыратудағы екпіннің ролі неміс тілінде күшті: *die Feststellung, feste stelle*.

Тіпті орыс тілінде бір кездері біріктіру дегеннің өзіне қарсы пікірлер бой көрсеткен. Сөздерді біріктіру олардың морфологиялық құрамын күнгірттендіріп, дербес сөздердің мағынасын жұтандандырады, сөздер өз табиғи жолымен тұтас тұлғалы бірлік болмай жатып, оларды біріктіру қиянат (85. 298) деуінен орыс тіліндегі БС-дер жасалуының табиғаты түркі, оның ішінде, қазақ тілінен өзгеше екенін аңғарамыз.

Ал неміс тілінің сөзжасамында аналитикалық тәсілдің, композиттердің орны ерекше болғандықтан, сөз тіркестерінің өзі предикаттық қатынастағы, предикаттық емес қатынастағы құрылым және детерминативті композит болып үшке бөлінеді (86. 100).

Бұл формалардың арасындағы айналым процесі үнемі композит формасына, атаудың универб тұлғасына келіп ұласады. Мысалы: *das Waldhaus > das Haus im Walde > das Haus steht im Walde* (87. 59).

БС-дің сөзжасамдағы маңызы, негізінен осыдан, композиттердің бойына ұғым белгілерінің жинақтала орналасуынан шығып жатады. Сондықтан оларды неміс тілінде дефинициялық сөзжасам деп те атайды. “Дефинициялық сөзжасам дегеніміз – зат пен кұбылыс белгілерінің атауға трансформация жасауы: *Kindesliebe > Liebe des Kindes zu semen Eltem*. Күрделі сөздің дефинициясы ретінде лексеманы түсіндіретін сөйлем, сөз тіркесі құрылымдарын алуға болады. Мұнда композит семантикасы мен оны түсіндіретін сөйлем семантикасы сәйкес келеді” (88. 21,31).

Атаудың универб формасына ұмтылу уәждемесін іздеген неміс тіл білімінде бірнеше еңбектер бар (89).

Онда композит тууының мынадай қажеттіліктері аталады: атау қажеттілігі; атауларды уәждендіру қажеттілігі мысалы, *perron* деген уәжсіз атауды *Sahnsteiq* уәжді универбімен атау тиімді саналады; тілді үнемдеу қажеттілігі; омонимдерді азайту қажеттілігі (86., 25).

Сөйтіп, неміс тілінде предикаттық, предикаттық емес қатынастағы құрылымдар а) идиомалану дәрежесі жоғарылағанда, ә) зат есім-зат есім, сын есім-зат есім үлгілерінің атауыштық қызметі актуалданғанда, б) кумулятивтік мағыналары атау сипатына көшкенде, в) типтенгенде БС-ге айналады (86. 7-13; 90).

Неміс тіліндегі БС-дер қосымшалары редукцияланған негіздер қосылуы арқылы жүзеге асады: *Geneimrat > Geneimerat > der Geneime Rat*, яғни “композитті біріктіруге қосымша грамматикалық мағынамен түрленбеген сын есімнің түбір формасы қатысады” (91. 18).

Және екі негіздің арасын [s] фонемасы ұластырып тұруы арқылы пайда болады: *augenblicksbildung* т.б. Және екі сыңардың да ауыспалы мағынада қолданылып, бір денотаттың атауы болуы себепті БС туады: *Silberpappel* (*серебристый тополь*), *Blindschus* (*холостой выстрел*), *Stattenante* (*задающаяся сетка*), *Graukopf* (*седой человек*), *Grundschnabel* (*Молокочос*), *Schlafmutze* (*человек в ночном колпаке*) т.б. Негізінен неміс тіліндегі БС-дердің басты айырма белгісі лекеманың бір екпінге бағынуы болып отыр.

Сөзжасамдағы композиттердің өнімділігі сонша, кейде окказионализмдердің көбеюіне, нормасыздыққа әкеліп жүр. Неміс тілінде оларға арнайы термин де берілген: **Augenblicksbildung** (бір сәттік жасалым), **Einmalbildung** (бір мезеттік жасалым), **Gelegenheitsbildung** (кездейсоқ жасалым). Ал нормаланған композиттердің өзі узуалды, жартылай узуалды, жартылай окказионалды, окказионалды деп бөлінеді (86. 28-40).

Ал француз тілінде КС-дер анықтаушы-анықталушы қатынаста емес, керісінше орналасатындықтан композит құрайтын жартылай суффикстер жартылай префикске қарағанда көбірек. Сондықтан соңғы компонент эллипсиске ұшырамайды (92. 16).

Негізінен, француз тілінде сөздерді біріктіру тәсілінен гөрі суффикстердің орны айрықша. Ағылшын тіліндегі КС (словосложение, сложное слова) О.Д.Мешков, А.М.Смирницкий, М.В.Арнольд, П.В.Царев, Г.Марчанд, Ю.Найда, И.В.Василенко, А. В.Кунин, О.Есперсен т.б. ғалымдар тарапынан зерттелді. Алайда бірауызды пікір жоқтың қасы деп айтуға болады. “Проблема идентификации сложного слова английского языка является чрезвычайно сложной и может, очевидно, “претендовать” “на звание” одной из сложнейших в лингвистической науке” (67. 25).

КС-дің негізгі белгісі деп графикалық белгісі, яғни тұтас таңбалануы аталады (44.129). Ал тұтас таңбалану деп ағылшын тілінде күрделі сөз компоненттерінің босаралықсыз, босаралықпен және қосаралықпен таңбалануы танылады. Сондықтан сөздердің бірге, дефис, бөлек орфографиялануындағы ала-құлалық өзекті мәселеге айнала қоймайтын сияқты. Ал тұтас тұлғаланудың өзі фонетикалық (сөздер тіркесінің бір, не әлсіз екі екпінге бағынуы: *hоeyтооп*, *bloodvessel*), морфологиялық (**o**, **i**, **s** жалғаулықтары арқылы: *craftsman*, *handiwork*), семантикалық белгілерден шығады (44. 136). Композиттердің мағыналық қатынасын зерттеуде семдік таядау, ішкі валенттілік теориясы негізінде, трансформациялық әдіс, сөздердің алыс, жақын мағыналық деңгейлері негізінде талдау әдіс-тәсілдері қолданылады. Алайда әдебиеттерде қолданылған әдіс-тәсілдерден маңызды нәтиже шыға қоймағаны айтылады (93. 18, 30, 48, 54).

“Противоречивость смысловой структуры сложного слова – обращенность одновременно к миру вещей и к миру слов, а также имплицитная мотивированность – и делает анализ смысловой структуры сложного слова особа трудной проблемой” (93. 80). КС үлгілері деген мәселеге де күмәнді көзқарас бар. Ағылшын тілінде кейде ешбір БС моделіне сыймайтын құрылымдар пайда болып жатады. Бұның бір себебі ағылшын тілінде

оказионалды композиттердің әдеби стильге ене беруіне регламент қоймаудан шығады.

Сонымен, сөздердің бірге, бөлек тұлғалану проблемасы тілдік универсалийге айналып, орфографияның өзекті мәселелерінің бірі саналады. Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, тіл-тілде құрама сөздерді бірге тұлғалауда мына тілдік факторлардың әсері барын көреміз;

–тұлғалық фактор: құрама сөз сыңарлары грамматикалық, формаларының элизия, редукциялануы, екі сыңар ұластырғыш жалғаулықтардың болуы, сыңарлардың фонетикалық контаминацияға ұшырауы, бір екпінге бағынуы;

–мағыналық фактор: сыңарлар мағынасының лексика- семантикалық контаминацияға түсуі, ортақ мағына беруі;

Сөйтіп, тіл-тілдің өз табиғатына сай КС жасалымдары болатынын айта отырып, ойымызды О.С.Ахманованың мына сөзімен қорытындылаймыз: “реально разработать для разных языков классификации имеющихся в них “экзо-центрических” “конструкций” и выяснить для разных языков реальные границы “свободы” соединения тех или других элементов” (82. 21).

2.2. Біріккен сөз және оларды бірге тұлғалаудың формалды белгілері

Жоғарыда, біз қазақ тіл біліміндегі зерттеулер жайын сөз еткенде БС-дің өзіндік белгілері мен өлшемдерінің саралануы бір арнаға сайғанын көрсеттік. Ол – қазақ тіліндегі БС-дің **-ар, -лар, -лық, -ғыш** қосымшаларымен келуі және **тану, жанды, құмар, ақы, ара, жай, хана** сияқты кейбір лексикалық бірліктердің грамматикалануы негізінде жасалуы. Біз БС-дердің бұндай тұлғалық ерекшеліктерін бірге тұлғалаудың формалды белгілері деп аламыз. Және БС жасауда қосымшалардың сөз ұластыратын қызметі оларды ұ л а с т ы р у ы ш т а р деп, ал лексикалық бірліктердің сөз жасау қызметі өздерін қ ұ р а с т ы р у ы ш т а р деп формалды белгінің өзін екіге бөліп алуға мүмкіндік береді.

Сонымен, қазақ тілінде БС жасаудың мынадай **ұластыруыш қосымшалары** барын байқаймыз: **-ар,- лар -лық, -ғыш,- ты, -ыс, -ма, -қ, -қы.**

-ар, -ер қосымшасы негізінде **біріккен сөздер**. ҚТОС-індегі (1988) БС-дердің бір алуаны есімшенің предикаттық мәнде болжалды келер шақ мәнін беретін - **ар, -ер, -р** жұрнағымен келеді. Бұл қатардың дені салт- дәстүрге байланысты атаулардан, бірлі-жарым қару-жарақ, өсімдік аттарынан тұрады: *ауызашар, алтыбасар, атбайлар, атсоғар, атұстар, бесіккесалар, босағаттар, бірасар, бірбайлар, біртартар, біртүйер, біркиер, доланкесер, езутартар, есікашар, ешкіемер, желайдар, желімайлар, жембасар, жерсоғар, жертесер, жолашар, итырылдатар, кекілбасар, кертартар (көне қару),*

көрпеқимылдатар, көрсебасар, күлиашар, күнбағар, күнқағар, күншығар, күнқабар, кіндіккесер, қазанбұзар, қаптесер, қолкесер, қолтықсүйер, қолұстатар, қонысмайлар, қосбасар, құдатартар, ұұсқонар, қызқаиашар, мойынтастар, некеқияр, оққағар, отқасалар, сауытбұзар, суағар, сутартар(құс), сіргежияр, сіргемөлдіретер, тойбастар, тоқымқағар, тұсаукесер, тілаиашар, тілқияр, тіскебасар, ұйқаиашар, ұлтабар, ұябасар, үкітағар, шаңбасар, шаиципатар, шөпжияр, шыбынқағар, шыңқетер, бақанаттар, батаиашар, батаоқыр, биебайлар т.б. және адамға қатысты ұғымдардан тұрады: алаңғасар, атишабар, алыпсатар, атқамінер, басбұзар, баскесер, елкезер, беткеұстар, беткеишығар, естияр, жайбасар, жанашыр, жанкүйер, жанқияр, жатыпатар, жолбасар, көлжұтар, таусоғар, тілазар, ізаиашар, ізбасар, нақсүйер, нансоғар, қаніишер, қаныпезер, орынбасар, тоқ етер т.б. Мұндағы этнографиялық атаулар тұрақты түрде зат есім мен сабақты етістік тіркесі болып келсе, адамға қатыстылары атау, барыс жалғаулы субстантивтер мен салт етістік бірігуінен, әрі етістіктердің тіркесуінен құралады. “Негізінде **-ар, -ер** жұрнағы заттың, құбылыстың бойында бар, соған тән, сондықтан үнемі болып тұратын, іс-әрекетті, қимыл-қозғалыс, жай-күйді білдіретін, түркілік дәуірден бар қосымша” (39. 128). Есімшенің жұрнағымен бұлардың бәрі зат есім табына өтеді, заттанады (*тіскебасар, ұйқыашар, ізбасар, оққағар, біркиер, атқамінер*), терминдік, номенклатуралық мәнде жұмсалады (*алыпсатар, алтатар, бесатар, кертартар, көлжұтар, таусоғар, нақсүйер, шыбынқағар*). Сонда “-ар аффиксімен келетін синтаксистік үлгінің қолданылу аясы тарыла бастауы” (39. 129) оның сөзжасамдық қызметінің ауысуына байланысты екен. Тілімізде осы типтес сөз тіркестері бар. Мысалы: *мал сауар мезгіл, күн батар уақыт, орманға барар жол, көлге түсер кез*. Мұнда алғашқы екі сыңар мен соңғы сыңардың арасында анықталушы – анықтаушы қасиет бар, ал бірінші сөз бен екінші сөз меңгеріле байланысады. Алғашқы екі сөз жеке қалып, толық мағына бермейді, ал терминдік, номенклатуралық мәнге ие болған *алтатар, бесатар, біркиер, ізбасар* атаулары *мылтық, киім, адам* деген соңғы сыңары жасырын қалса да, алдыңғы екеуі бірге таңбаланып, бір заттың атауы болады. Мұны есім сөздер мен етістіктердің қораланбай, жөнтектеліп жүрген дәуірінен қалған қалдық болуы мүмкін дейді Г.Жәркешова (17. 42). Тұрақты қайталанатын іс-әрекет субъектінің, объектінің дифференциалды бір семасына айналады. Ол сема субъектінің өзін белгілейді. Субъектінің іс-әрекетті “ішіне алып тұруы”, яғни эндоцентрлеуі есімшенің **-ар, -ер, -р** жұрнағымен іске асады. Негізінен, бұл процесс **-қыш, -ғыш, -атын, -етін** жұрнағымен де көріне береді. Алайда **-ар, -ер** жұрнағының ауыспалы шақты беру мүмкінділігі предикатық қатынасты заттандыруға бейім. Сонымен, субстантивтену үш элементтен тұрады десек, *босағаны аттау* -тасымалданушы, әдісі – есімшенің жұрнағы және форманың универбтенуі, нәтижесі, яғни транспозит – *босағааттар*.

-лық қосымшасы негізінде біріккен сөздер. Соңғы жылдары баспасөз, ғылыми, көркем әдебиет беттерінде **-лық** тұлғасымен келетін КС-дерді біріктіріп жазу дағдыға айналды, емледе орнықты. Белгілі терминолог *Ө.Айтбайұлы*

"терминжасауда -лық жұрнағының қызметі ерекше. Ол терминдік мәнге икемделіп тұрған таза қазақы сөздерге де еркін жалғанып, терминжасаудың өнімді бір түріне айналды" дей отырып, бұл жұрнақтың терминжасауға қатысының біркелкі болмағанын айтады (36. 143). Біз де осы негізде –лық қосымшалы БС-дер алғашында қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық терминдерді құраса (*ауызбірлік, аулишаруашылық, батысгерманиялық, бесжылдық; бүкіләлемдік, бүкілқазақстандық, бүкілодақтық, бүкілресейлік, бүкілхалықтық, дүниежандылық, дүниежүзілік, екітілділік, жалпақшешейлік, жалпыеуропалық, жалпыхалықтық, жартыжылдық, жатжұрттық, жетіжылдық, жүзжылдық, көптілділік, қосазаматтық, қосөкіметтілік, құдайжасампаздық, құдайіздемпаздық, малшаруашылық, мектепшілік, онжылдық, онкүндік, ортағасырлық, тұраралық, түрішілік, халықшаруашылық*), кейін *жанкүйерлік, жанқиярлық, жантүршігерлік, жаншошырлық, жатбауырлық, жүрекжұтқандық, кеңпейілдік, көзбайлаушылық, көзбояушылық, көңілжықпастық, көпсөзділік, көрсоқырлық, көреалмаушылық, кісіқызығарлық, кішіпейілділік, құлиеленушілік, тұқымқуалаушылық; шалаөткізгіштік, шаласауаттылық* т.б. сияқты фразеологиялық тіркестер негізінде пайда болған дерексіз атауларды жасауда активтенді дейміз.

50-70-жылдарда функционалдық стильдердің барлығында **-лық** жұрнағының сөзжасамдық қызметі мейлінше артқаны белгілі (39. 80; 94. 49; 98. 9). Жұрнақ сөз таптарының барлық түріне жалғана беретін болды. Олар “тек лексикалық мағынасы басқа жаңа сөз туғызып қоймай, олардың бәріне де бірдей жалпы абстрактілі қасиеттерін анықтайтынын байқатты” (38. 220). Бұл үрдістің негізсіз емесін ғалымдар **-лық** формасының түркі тілдерінің барлығына ортақ аса көне жұрнақ болғанымен, әсіресе КС тіркестерінің құрамында жиі қолданылғанымен көрсетеді (39. 83). Осы негізде **-лық** жұрнағының номинациялық тұтастықты берік қалыптастыратын қасиеті – құрама сөз сыңарларын ұластыратын қызметі – оның полисемантикалық қасиетіне байланысты ма дейміз, яғни **-лық** жұрнағында меншіктілік, арнау, өлшем, жинақылық, бір заттың бойында екінші заттың болуы (39. 80) және бес нақты заттық ұғым білдіретін, әрі төрт сын есім тудыратын формасы бар (95. 260).

Сөздердің бірігуі әуелі олардың номинативті тұлғада көрінуіне байланысты емес. Сонда субстантивтенуі аяқталмаған, сөйлемде анықтауыш қызметінде жұмсалатын сөздердің бірігуіне не себеп болады? Бұл арада тағы да қазақ тілі біріккен құрама атауларының табиғи (спецификалық) ерекшелігі көрініс береді, яғни компоненттер өзара мағыналық контаминацияға түсуі керек, мағыналық бірлік шеңберіне топтастырылуы керек екен. Жоғарыдағы тіркестерде осы процесс қалай жүзеге асады?

КС-дің екі сыңары да кең мағыналы жалпы есімдер, әрі олар бір макросемантикалық өріс лексемалары: *дүние, әлем, бүкіл, қос, жүз, екі, жыл,*

өкімет, құдай, халық, еуропа т.б. Кең мағыналы екі жалпы есім сөйлеу үрдісінде жиі қайталана, өзара мағыналық толықтырулар жасайды. Келе-келе екінші сыңарынсыз өзінің жалпы мағынасын беруден қалады. Мысалы: *дүние жүзі, жүз жыл, бүкіл әлем, жалпы халық*. Осы кезде -лық формасының меншіктік мағынасы сөз ұластырушылық (27. 65) қызметте көрініп, екі сыңардың бірігуіне әкеледі. Сөйтіп, көп мағыналы қосымшалардың қосалқы қызметтері пайда бола бастайды, яғни мұнда -лық жұрнағының бұрын ескерілмейтін сөз ұластырушылық қызметі айқындалады. Біріктіру абстрактілік тұтастықпен астаса номинациялық тұтастықтан шығады. *Дүниежандылық, екітілділік, көптілділік, қосазаматтылық, қосөкіметтілік* сөздерінің заттық ұғым білдіруі – лық жұрнағының -ды сын есім тудыратын қосымшадан кейін келуінен. Егер үстіне тағы бір -лық формасын үстесек, посесивтік мағынасы пайда болады: көптілділіктік көбімізге тән, яғни бұл жерде “-лық”-тың жасырын қалған посесивтік формасы сөздердің бірігуіне мүмкіндік берген.

Сонымен, -лық тұлғалы қоғамдық-саяси, әлеуметтік- экономикалық терминдердің бірігуіне тағы да мағыналық тұтастық негіз болған.

-лар қосымшасы негізінде біріккен сөздер. Жануартану, өсімдіктану туыс ахау терминдерінің жиынтық ұғымын бір формаға түсіруде -лар қосымшасы “маманданды” деуге бүгінде толық негіз бар. “Тіл өзінің барлық қызметін толыққанды атқара алу үшін оның дамуының әр сатысында жаңа сөздер мен қолданыстарды жасайтын өнімді тәсілдер пайда болып отыруы керек” (82. 12).

-лар қосымшасымен келетін термин сөздердің қатары төмендегідей: *ағашкеміргіштер, азқылтықтылар, ашатұяқтылар, балыққоректілер, баскөкіректілер, бассүйексіздер, бауыраяқтылар, буынаяқтылар, бірұялылар, бітеумүйізділер, даражарнақтылар, дарагүлділер, есекаяқтылар, ескекаяқтылар, еттұмсықтылар, жақауыздылар, жарғаққанаттылар, желбезектыныстылар, желекқанаттылар, жұпжапырақтылар, жылықандылар, иықаяқтылар, көпаяқтылар, көпқанаттылар, крестгүлділер, күрделігүлділер, қаттықанаттылар, қолқанаттылар, қосжарнақтылар, қосжұпаяқтылар, қосқанаттылар, қосмекенділер, қуысмүйізділер, тамыратпалылар, тамыраяқтылар, тамыртүйнектілер, тамыржемістілер, шатыргүлділер, тұзуқанаттылар, тұзутұмсықтылар, ерінгүлділер, көпүйлілер, қосжыныстылар, шатыршагүлділер, мұртаяқтылар т.б.*

Алғашында бұлар *желбезек тынысты балық, тамыр түйнекті өсімдік, аша тұяқты жануар* болып мағынасы жағынан туынды, құрамы жағынан күрделі сын есім негізді құрама атау болып қалыптасады. Кейін дифференциалды семаның (желбезек тынысты) атау құрамында нақты көрініс табуы оның өсімдік, балық, жануар архисемаларының эллипсиске ұшырауына әкеледі. Және аз қылтықтылық құрттардың үлкен бір тобына ортақ, тән болмаса дифференциалды сема атаудың сыңарына айнала алмас еді. “Ерекше белгі, көзге

атжасапқыш) түсіріліп, біріккен – құрама сөздердің бір қатарын құрайды. Олар, атап айтқанда, мыналар: *сабынсалғыш, өнертапқыш, пішенжасинағыш, сиясорғыш, сүәлиегіш, сусептегіш, сусепкіш, сутартқыш, сыдыражсыртқыш, тасжарғыш, тасұсатқыш, тасүккіш, төсекжасапқыш, тісжұғыш, шаңсорғыш, шаңтұтқыш, шаңсұрткіш, шыбынқұғыш, алжасапқыш, астықүтегіш, атжасапқыш, ауруқоздырғыш, әуебүріккіш, әуеозаңдатқыш, бензинқұйғыш, бензотасығыш, газәлиеуіш, газтазалағыш, гүлсалғыш, дәнжарғыш, дәнсепкіш, дәнтазалағыш, дәнұсатқыш, дәнкентіргіш, дыбысалғыш, еттартқыш, жасйтартқыш, жүксалғыш, жүкүтегіш, картопеккіш, картопсорттағыш, картопүккіш, кеспекескіш, күлсалғыш, күшәлиеуіш, күнтартқыш, кіржұғыш, қағазтескіш, қамыриләуіш, қаржсыртқыш, қарәлиеуіш, қартазартқыш, қашықтықәлиеуіш, қолжұғыш, құмбүркеуіш, құмшайғыш, құмшайқыш, қызылшайқонарғыш, қылжұғыш* т.б.

Әдетте **-ғыш, -гіш** жұрнағы етістікке жалғанып, белгілі бір істі үнемі жүзеге асыруға қабілеті барлықты бағдарлататын адамға қатысты атауларды (*күлгіш, білгіш, сенгіш, жазғыш*) құраса, *сүзгіш, сытырғыш, салқындатқыш, түкіргіш, сорғыш* дегендерде белгілі бір амалдарды жүзеге асыруға керекті құрал-сайманды білдіретін зат есімдер жасайды (18. 44). Сонда лексикалық қордың үштен екісін құрайтын термин сөздер (98. 168) осы үлгімен жасалады екен. Мұнда предикаттық қатынастағы тіркеске (*суды әлиеу, қарды тазарту, сабынды салу*) зат есім тудыратын **-ғыш, -гіш** жұрнағы жалғануы табыс септігін жасырын қалдырып, күрделі ұғымды даралауға, сөйтіп, тіркестің бірігуіне жағдай жасаған. Екі сөзді “қолтықтастырған” **-ғыш** жұрнағының мұндағы қызметі орыс тіліндегі “о” – дауысты ұластырғышына сәйкес деуге болады. Терминдердің жай сөзден бір айырмашылығы сөйлемнен тыс тұрып та өзінің дербес мағынасын беруі (99. 51) десек, жоғарыдағы сөздер бұл талапқа сай келеді. Ал сөздердің терминденуі – олардың бірге таңбалануының бір шарты. Негізінен, аспап, құрал, техника түрлері бір ғана қызметке арналып жасалады. *Еттартқыш* машинасының атауына біз *тиязтартқыш, майтартқыш* деген вариант ұсына алмаймыз. Әрине, егер реалийде ондай денотаттар бар болса, атау да болады. Біріккен денотативтердің бір мағыналы бір денотаттың атауы болатыны сондықтан. Бұл тұрғыда БС-дердің экстралингвистикалық “әлемнен” тікелей бастау алатынын жоққа шығаруға болмайды. “Как бы ни старались некоторые исследователи провести водораздел между лингвистическим и экстралингвистическим, “мир слов” неотделим от мира вещей” (100. 26).

Сонымен, бұл қатардағы бірігіп жазылуға тиісті КС-дердің дені арнайы қызметі бар, құрал-техника атауларын қамтиды. Тілімізде осы тәсілмен келетін адамға қатысты “бейімділік” семантикасын білдіретін сөздер бар. Мысалы: *мақала жазғыш, сөз сөйлегіш, өсек тасығыш, сурет салғыш, кітап оқығыш* т.б. Қоғам

өндіргіш күшінің жанды бөлігі жан-жақты болуымен ерекшеленеді. Адам өндірісте кірпіш қалағыш болғанмен, бұл – оның бір ғана қыры. Және мұндағы “сөз ұластырғыш қабілеті бар” дейтін **-ғыш** жұрнағы **-қор**, **-қой**, **-құмар** жұрнақтарымен синонимдес болып, адамның бейімділігін көрсететін сияқты. Егер бұған **-ақ** демеулігін тіркесек, пікіріміз дәлелді бола ма дейміз. Мысалы: “Өзі сабақ оқығыш-ақ”. Және бұл синтагмалық құрылымдардың бөлек таңбаланатын негізгі себебі аталған тіркестер бірінші сыңарынсыз да қолданыла береді: *жазғыш, оқығыш, сөйлегіш* т.б. Сонымен, мұнда **-ғыш** жұрнағының деректі есім тудыру қабілеті тіркесті субстантивтендіріп тұр. Әрине, бұл БС-дердің өз пайда болу жолы бар. Алдымен олар тіркес түрінде бір ұғымды беріп (*етті тартатын құрал, қар тазартатын машина*), дүркін-дүркін қайталана, кейін лексикаланған атауға ұласады (*ет тартқыш*), соңында екі сыңар біріккенде ғана бір мағыналы нақты денотатты меңзейтін терминдік атаулар қалыптасады. Тілімізде терминдік мәнде жұмсала отырып, бөлек таңбаланатын **-ғыш** формалы атаулар кездесетіні де сондықтан. Өндіріске, тұтынуға жана еніп келе жатқан құрал-сайман атауларын бөлек жазу дағдысы бар сияқты. Мысалы: *су тазартқыш, су өшіргіш, су жылытқыш* атаулары бүгінгі күні бөлек тұлғаланып жүр. Бұл олардың қызметін анықтап, нақтылап көрсетуге тырысудан шыққан. Уақыт өте келе, атаудың қолданыс өрісі кеңігенде сыңарлар мағынасы контаминацияға ұшырайтыны айқын.

-ты қосымшалы біріккен сөздер. Соңғы уақытта қазақ тіліндегі предикаттық қатынастағы тіркестердің бірігуі **ты-** қосымшасы негізінде іске асырылып жүр. Оның ішіндегі баспасөз, көркем әдебиет беттерінен *шаруабасты, балабасты, етекбасты, жұмысбасты* тұрақты тіркестерінің бірігіп тұлғаланғанын көреміз. Мысалы: *Ауғанбайдың әйелі бала- бастылау, салақ адам* (Соқпақбаев Б. Бастан кешкендер.). *Тасқорғаннан келісімен өзі де жұмысбастылыққа салынып, мұның хал-күйін назарынан тыс қалдырғанына өкінішті болатын* (Байтанаев А. Қайнар.). *Мынау балаңыз жұмыс істеймін дейді, алден шаруабасты болса, қарайып қалады ғой* (“Лениншіл жас”). *Өз ортасынан Абай үнемі етекбастыны, қара күйіті, қарсылықты көп көрумен күң кешеді* (Әуезов М. Абай).

Бұларды ҚТОС-інің соңғы басылымы тұрақты тіркестердің тұрпат межесіне сай бөлек тұлғалайды. Мұнда - **ды** формалы бас етістігінің: “бір нәрсенің көбейіп, молайып, қашпауы, үсті-үстіне қарқындана үдей түсуі, жеңіп бағындыру” (ҚТТС, II т.122-6.) мағынасы бар. Ал **-ды** жалғауының ашық рай нольдік формасын, осы шақ қосымшасын, әрі мезгіл білдіретін сөз қатысуымен келер шақ мағынасын беруі сөйлемнің баядауышы қызметіндегі негізгі етістікке және етіс формаларына жалғанып, субъект іс- әрекеттің сөйлеу ситуациясына жақын мезгілде ғана болып өткендігін сөйлеуші жақ тарапынан шындыққа сай келу- келмеу ыңғайында баяндап білдіруі (101. 63), яғни жедел өткен шақ

мағынасын беруі, этимологиялық жағынан есім-етістік негізінде жатқандығы (102. 42) осы қосымшаны субстантивтенудің бір тәсілі етеді (103. 64).

Жедел өткен шақтың зат есім орнына жұмсалып, сөйлемде анықтауыш, толықтауыш қызметінде қолданылуы жиі құбылыс. Мысалы: *Кеше келдіге салып, бүгін күтпеді. Болболдың астына алып, шайымды да ишкізбеді. Ол ауырып қалдыдан басқа ештеме айтпады.* Әрине, **-ды** формасы жалғанған тіркестің бәрі субстантивтеніп, предикаттық қатынас универб формасына ене бермейді. Ол үшін екі сыңардың өзара тіркесуі тұрақты қайталануы керек. Және дерексіз зат есім жасайтын **-лық** жұрнағын кедергісіз қабылдау тіркестің универбтенуін тездетеді. Мысалы: *балабастылық, етекбастылық, жұмысбастылық, шаруабастылық, қағазбастылық, кісібастылық, қонақбастылық.* ҚТОС-інің соңғы басылымы **-ты** – қосымшалы тіркестерді біріктіру процесін бастап бергенін көруге болады. Атап айтқанда, мына құрама сөздер бірігіп жазылу тұрпат межесіне ие болды: *немкетті, немқұрайлы, сүйкейсалды, әлімжетті, жүребітті, көкейтесті, көкейкесті,* т.б. Осы бағытта, біздің ойымызша, *иықбасты болу, бөксебасты болу, күйекасты болу, күнқақты болу, құлақкесті құл, өзекжарды уайым, пышақкесті тыйылу, сусоқты болу, атсоқты болу, желқақты болу* фразеологиялық тіркестерінің алғашқы екі сыңары біріктірілуі қажет. Грамматикалық формалармен (**-лық, -лы**) оңай түрленген бұл предикаттық қатынастағы тіркестерде белгілі бір қалыпты білдіретін номинациялық атау мәні актуалданады. ҚТОС-і *қағазбастылық пен шаруабастылық* сөздерін бірге тұлғалайды. Олай болса, бұл сөздердің қатары *балабастылық, етекбастылық, кісібастылық, қонақбастылық* атауларымен толығы алады. Оларды *бауыр басты* (“жақын тартты, үйреніп кетті”); *бетіне басты* (“өрескел қылықты салық етті, ұялтты”); *еңсені басты* (“көңілді көтертпей қамықтырды”); *жаза басты* (жаңылысты); *желін басты* (“мінезін жөнге келтірді”); *қара басты* (“жолы болмады”) сияқты фразеологиялық оралымдардың тұрпат межесімен таңбалау дұрыс емес.

-ма қосымшалы біріккен сөздер. Қазақ тіліндегі БС-дердің енді бір қатары етістіктен зат есім жасайтын **-ма, -ме** қосымшасымен келеді. “Өнімділігі жоғары қосымша қатарына кейінгі кезеңдерде терминжасам процесінде актив “мінез” таныта бастаған **-ма, -ме, -ыс, -қы** жалғауларын да қосар едік” дейді бұл бағытта Ө.Айтбайұлы (36.140,144). Атап айтқанда: *айкезбе, ақжайма, алыпқашпа, алыпқашпа, баукеспе, елкезбе, жерқазба, жерқойма, жолжазба, жолсілтеме, иекартпа, кенкөтерме, сүнтізбе, қазанаспа, қазанжаппа, қарынбұрма, қолжазба, сарсолма, сөзтізбе, суырыпсалма, шығарыпсалма, ізжазба.* Мұнда екі сыңардың арасын аталған қосымша ұластырып, универбті заттандырып тұр.

-ыс қосымшалы біріккен сөздер. Етістіктен зат есім жасайтын **-ыс** қосымшасының енді бір қызметі тіркескен сөзді ұластыруда көрінеді. Мысалы, *беталыс, бетбұрыс, бұқатартыс, демалыс, жанбағыс, жүзтаныс, итжығыс, иткірмес, көзтаныс, көзқарас, күнбағыс, күнбатыс, күнкөріс, күншығыс, қазантолмас, қантөгіс, құлаққағыс, көкөніс, өгізтартыс, серкетартыс* сөздерінің белгілі бір ойын, зат, ұғым атауы болып қалыптасуы екі сыңардың бірігіп қана бір денотаттық атау жасау қажеттілігінен туындайды, сөйтіп номинация процесін **-ыс** жұрнағы аяқтайды.

-қ қосымшалы біріккен сөздер. Тілімізде *бөройнақ, жынойнақ, қанойнақ, қантылиқ, қанұйық, қолсоқпақ, құсойнақ, қызойнақ, мұзойнақ, ойтамызық, ойтолғақ, сақинасалмақ, тақиятептек* сияқты изофеттік тіркес, зат есім мен сабақты етістік тіркесіне **-қ** қосымшасы жалғанып, заттанған БС-дің бір жүйелі қатары бар. Мұнда екі сыңардың біреуі жеке қалып, БС-дің жалпы мағынасын бере алмайды, ал аталған жұрнақ тіркесті заттандырып, атауыштық қызметке жұмсап тұр.

-қы қосымшалы біріккен сөздер. Сөзжасамда сирек болса да **-қы** жұрнағының БС жасау қызметі артып отыр. Олар, негізінен *ақауатқы, ауасүзгі, ауақыздырғы, буқыздырғы, етшапқы, жарықтүсіргі, майқайырғы, мұзқатқы, өрмектартқы, суқашыртқы* сияқты құрал, аспап атауларын, ішінара *ойтүрткі, көзтүрткі* сияқты дерексіз сөздерді жасайды.

* * *

Сөз құрастыруыш тұлғалар. Лексикалық бірліктердің бір емес, бірнеше денотатив құрамында қайталанып, мағыналық, дамуға түсуі, сөйтіп БС жасаудың бір элементіне айналу нәтижесі теориялық әдебиеттерде әр түрлі терминге ие болып келгені бар: “морфемдік сатыдағы жұрнақ”, “жұрнақ дәрежесіндегі сөз”, “маманданған” формант, “грамматикалық тұлға”, “комбинирлеуші тұлға”, “аффиксоид” т.б. Және кейінгі кездерде бұл сипатты бірліктерді атауда **аффиксоид** термині тұрақтала бастағанын көруге болады (104. 13).

Қазақ тіліндегі мұндай сипатты сөздердің өзіндік ерекшелігі оларды құрастыруыштар деген топ аясына жинақтап, мағыналарының дерексіз –жалпы – нақты бүтіннің бөлшегі) сипатына қарай: **аффиксоидтар, стандарт тұлғалар** және **жинақтаушы тұлғалар** деп үшке бөлуге мүмкіндік беретін сияқты. Мұндағы **аффиксоид** дегеніміз **нақты мағынасынан дерексізденіп, қол үзе бастаған, кей реттерде дербес те қолданыла алатын, бірақ көбінесе тіркескен сөзіне селбесіп, БС жасайтын делексикаланған бірліктер болып табылады.** Неміс тілінде мұндай функциядағы сөздердің сөзжасамдағы орны ерекше. Қазір неміс тілінде 20-дан аса аффиксоид бар делінеді (81. 78). Ал ағылшын тілінде морфемдік дәрежедегі жұрнақтарды мойындаған біржақты

көзқарас аз. 1200 сөз жасаған “man” сөзін аффиксоид қатарында енді-енді қарай бастады (105. 65).

Француз, қытай тілдерінде де бұл құбылыстың сөзжасамдық ролі артып отыр. Қазақ тіліндегі морфемдік сатыдағы жұрнақтар туралы ең алғаш айтқан автор М.Балақаев (20.207). Жалпы бір денотативке байлаусыз, көп денотативке ортақ лексикалық тұлғалардың морфемдік дәрежеге өту құбылысы түркі тілдерінде жоғары екендігі мойындалған құбылыс. Ал аффиксоид сыңарлы БС-дерді құрама сөз қатарында қарастыру уақыт өте келе өзін қайта таптастыруды қажет ететіні күмәнсіз. Себебі олардың қосымша дәрежесіне өтіп, туынды түбір жасаудың тәсіліне айналуы мүмкін.

Сонымен, қазақ тіліндегі БС жасайтын аффиксоид құрастыруыштардың қатары мыналар: *тану, құмар, жсай, жсанды, хана, аралық*.

Хана сыңарлы біріккен сөздер. Парсы тілінен енген *хана, нама* сөзі жұрнақ ретінде қазақ тіліне лексикалық элементтің құрамында тұрып енді де, кейін төл элементтей біржола сіңісіп, қазақ сөздеріне де жалғана бастады (106. 122).

Хана – жұрнағының “үй”, “бөлме” мағынасын беруі - қазақ даласында жаңадан еніп келе жатқан “қоғамдық жалпыхалықтық тұтытудағы ортақ-орын, мекен” ғимараттарын атауға, сөздің ресмилік сипат алуына қолайлы болды. Атап айтқанда: *асхана, аурухана, зибадатхана, дәретхана, дәріхана, диетасхана, емхана, етхана, жатақхана, жсылыхана, мәйітхана, масахана, перзентхана, төлхана, ұстахана, шашлықхана, бажсыхана, балахана, баспахана, күмхана, жындыхана, зертхана, зияратхана, құймақхана, сырсахана, дәмхана, қымызхана, көшетхана, кірхана,; кітапхана, қасапхана, қоңыраухана, құжатхана, құсхана, күтхана.* Бұлардың ішінде жаңадан жасалған бірліктер де бар: *дәрісхана* (аудитория), *құжатхана* (паспортный стол), *кірхана* (прачечная). *Хана* жұрнағы кейбір жазушылардың стильдік ерекшеліктерінде болмаса (*Қалдыбай ханасының тұсынан өте бергенде, қорадан шыққан әйел: – Аға! – деді* (О. Бөкеев, Үркер.)), “тұрғын үй, мекен-жай, арасы қабырғамен бөлінген үйдің өз алды бір бөлмесі” (ҚТТС, 10т. 56-6.) мағынасында дара қолданылуы жиі емес.

Құмар сыңарлы біріккен сөздер. Араб, парсы тілдерінен енген *-қой, -кеш, -қор* жұрнақтарымен қатар, құмар сөзі де ”ынтық, ынтызар, асық” негізгі мағынасының үстіне (*Мені қандай күм билеп бара жатқанын білмеймін, әйтеуір Ұлболсынды көруге құмармын* (І.Есенберлин. Ғашықтар.)), “әуес, үйір, күштар, қызықтағыш” ұғымын беріп, мынадай БС-дер құрамында кездеседі: *аңқұмар, араққұмар, арызқұмар, атаққұмар, атқұмар, әзілқұмар, әнқұмар, әңгімеқұмар, баққұмар, бәлеқұмар, білімқұмар, даңқұмар, дүниеқұмар, етекқұмар, жырқұмар, қалжыңқұмар, қартаққұмар, кітапқұмар, мансапқұмар, қалжыңқұмар, қанқұмар, қонаққұмар, құлыққұмар, мансапқұмар, мәжілісқұмар, нәпсіқұмар, өсекқұмар,*

пайдақұмар, сәнқұмар, соғысқұмар, сөзқұмар, тәттіқұмар, сауыққұмар, шайқұмар т.б.

Құмар сөзі бірнеше мағыналық бірліктерге негіз болып, ол формалар, әсіресе әдеби стильде жиі қолданылады. Мысалы: *құмарлан* (*Кедей қызы арзан деп құмарланба* (Абай)); *құмарландыр* (*Өмір барлық гүлін ашып, адамды өзіне баурап құмарландыра түседі* (С.Мәуленов. Жер нәрі.)); *құмарлы* (*Екі асық құмарлы бір жолдан қайта алмай, жолықса ол зарлы, сөз жөндеп айта алмай* (Абай.)); *құмарлық* (*Ғашықтық құмарлықпен ол екі жол* (Абай.)); *құмарпаз* (*Мен аңшылыққа көп әуес те емеспін, ал құмарпаздар аң аулауға барайық деп қолқаласа, кет әрі де жасамаймын* (Ә.Жылқышиев. Айтолқын.)); *құмарпаздық, құмарту* (*Ғашықтаймын, құмартам* (Қ. Аманжолов.)); *құмартушылық*.

Сөйтіп, көпшілік қолданыстағы *құмар* сөзін барыс жалғаулы зат есімге “ынтық, ынтызар, асық” мағынасында тіркескен оралымдардан табуға болады екен. Сонда дербес мағынасы көмескіленбеген сөздің аффиксоид қатарына өтуіне нендей тілдік факторлар негіз болады? Біздіңше, олар төмендегідей: 1) барыс септік жалғауының жасырын тұруы; 2) “құмар” сөзінің сигнификаттық, яғни ұғымдық мағынасы; ол белгілі бір затты атамайды, субъектінің хал-күйінен хабардар етеді. Егер ол “ынтызарлық” ұғым бірнеше денотатқа қатысты айтылса (*араққа құмар, әнге құмар*), оным танықтық бағыты күшея түсіп, сөз жалпы мағынаға көше бастайды. Семантика тұрғысынан сөз мағынасының кеңеюі дегеніміз – сөз мағынасын идеографиялық, стилистикалық, эмоционалдық сипатта ашатын, дәлдейтін бірқатары дифференциалдық семалардың көмескіленуі. 3) *құмар* сөзінің өзімен мағыналас **-қой, -қор** жұрнақтарына қарағанда әмбебаптық қабілеті басым. **-Қор** жұрнағы тек жағымсыз ұғым береді де (*араққор, дүниеқор, мансапқор, пайдақор, шайқор, ызақор, жемқор, жалақор, пәлеқор т.б.*), **-қой** қосымшалы сөздер юморлық сипат беріп, өте жағымсыз әсер қалдырмайды (*жеңісқой, әуесқой, арызқой, жеңсікқой, сауыққой, сәнқой, даңққой, әзілқой, қалжыңқой*). Ал *құмар* аталған екі жұрнақтың да орнын ауыстыра алады: *араққұмар, пайдақұмар, арызқұмар, сәнқұмар т.б.* Әрі **-қой, -қор** жұрнақтары жалғана алмайтын сөздерге де жалғана алады: *атқұмар, әзілқұмар, әнқұмар, әңгімеқұмар, баққұмар, кітапқұмар, аңқұмар, сөзқұмар т.б.* Бұл құбылыс *құмар* сөзінің бүтіндей қосымша қатарына өтіп болмағанын және дербес мағынасынан толықтай алшақтамағанын да көрсетеді.

Жай сыңарлы біріккен сөздер. Толық мағыналы сөзден аффиксоид қатарына өткен тағы бір тұлға –*жай*. “Жай” тілімізде “қора және соның қасындағылар” мағынасында “қора-жай” қос сөзінде көрінді. 70-80 жылдары “мекен- жай” (адрес) атауында орын тепті. 80 жылдардың ортасында қос сөз біріге бастады. Біріккен *мекенжай* кең түсініктегі V “орын” мағынасын берді. *Орынжай* деген тіркес те бар. Сөйтіп, “жай” өзінің валенттілігін арттырып алды да, әр текті атаулармен оңай селбесіп, тіпті менгеріп кетті. Мысалы, *жағажай,*

саяжай, әуежай жаңа атауларындағы “жайдың” *жаға, сая, әуе* сөздерімен тіркесетін тіпті реті жоқ сияқты. Негізінде, бұл сөз – көп мағыналы, ҚТТС-інің көрсетуі бойынша, он бес омонимдік қатар құрған тұлға (ҚКТС, 3т. 514-б.). Бәріне ортақ жалпы мағынасы – белгілі бір орын, мекен-тұрақ, дәлірек айтсақ, жалпы кеңістіктің көлемі белгісіз бір нүктесі. Мысалы: *Ызғарлы аяз жан иесінің бәрін де жауратып, жүдеу тарттырып, жылы жайды іздеткендей* (Әуезов М. Қараш-қараш.). *Осыған қарайлас жай тапты* (“мекен тепті; жерленді”); *жаны жай тапты* (“рақатқа бөленді, көңілі орнықты”); *жайына қалды* (“ескерілмеді”); *жайына кетті* (“өз алдына жүрді”) деген сияқты фразеологиялық тіркестер де бар. Сонымен қатар *жай* бірнеше сөз формаларға негіз болған: *жайбарақат, жайғау (шаруаны жөн-жөніне келтіріп істеу), жайғасу, жайдақ, жайдарылану, жайдары, жай-жағдай, жай-күй, жайлау, жайлы*. Бұдан *жай* тұлғасының сөзжасамдық, сөзтудырушылық ауқымы кең екені аңғарылды. *Жай* белгілі бір мекен орын мағынасын беруде өзі анықтайтын, нақтылайтын атаумен тіркесе отырып, стандарт мағына, яғни көп денотатқа ортақ мағына береді. Сөйтіп, қазіргі қазақ тіліндегі *әуежай, егінжай, еружай, жағажай, жылыжай, кемежай, қонақжай, қонысжай, қоражай, малжай, мекенжай, панажай, саяжай, тұрақжай, орынжай* КС-дері бірігіп жазылу формасына ие болды. Бір жағынан, бұл процестің тездетуіне тіліміздегі “шаруаға бейім”, “қонаққұмар” мағынасындағы *қонақжай, шаруажай* сөздерінің болуы да себеп болған сияқты. *Қыстың қар-сызы шаруажай адамды тым риза ете қоймады* (Қыдырханов У. Шаңқай.). *Бір мезеттен кейін буы бұрқыраған таба нанды қонақжай үй иесі асыға- үсіге дастарқанға турап жатты* (Көпішев Қ. Ер жүрек.).

Ара, аралық, сыңарлы біріккен сөздер. “Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер” тақырыбындағы диссертацияның авторы А.Алдашева: “аударманың имплицитті-эксплицитті ролі сөз біріктіруге әсері бар формалдық белгі; *..аралық, тану* сөздерімен жасалған күрделі сөздердің біріктіре жазылуы - аударманың эксплицитті әсері” (107. 33,107) дейді. Осы бағытта орыс тіліндегі *меж, между* арнайы форманттарының сөзжасамдық қабілеті, қазақ тілінде де тілдік аналогиялық құбылыстардың қалыптасуына түрткі болғаны анық. “Терминологиялық материал қазақ тілі терминологиясының ең негізгі екі жолға сүйене отырып жасалғанын көрсетеді. Оның бірі – тілімізде бұрыннан бар сөздерді терминдік мәнде қолдану болса, екіншісі жаңа терминдерді қазақ тілінің сөзжасам мүмкіндіктерін пайдалана отырып жасау” (36. 125). Сөйтіп, *ара* сөзінің терминқұрастыруыш қатарына өтуі препозицияда да, постпозицияда да екінші сыңармен бірге таңбалану формасына ие болуымен көрінеді. Мысалы,

арақатынас, арақашықтық, аражік, арасалмақ, арагідік, арақатыс; екеуара, өлара, өзара, ішінара т.б. Аралық, сөзінің арнайы формантқа айналуы халықаралық сөзінен бастау алып, ауыларалық, буынаралық, жоларалық, еларалық, сыныпаралық, колхозаралық, континентаралық, клеткааралық, қабатаралық, қалааралық, мекемеаралық, мемлекетаралық, облысаралық, салааралық, пәнаралық, мектепаралық сияқты атаулармен жалғасады. *Аралық*, сөзі – “екі зат, не құбылыстың арасындағы орталық жер, екі орта” (ҚТТС, Іт.) тура мағынасында жұмсала отырып, сол екі заттың, не құбылыстың бір-біріне байланысына, қатынасына, ыңғайластығына, ұқсастығына меңзейді. *Аралықтың* сөзжасамдық қабілеті сол, ол кез келген сөзге жалғана бермейді. Сондықтан әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси кешенді нысандар (*мектеп, ауыл, мемлекет, сала*) төңірегіндегі жалпы атаулар осы формантты постпозицияда алуға бейім. **-лық** жұрнағының сөз ұластырушылық қызметі де соңғы позициядағы аралық сыңарын біріктіруге әкеледі.

Тану сыңарлы біріккен сөздер. Емлемізде тану сыңарлы БС-дердің жүйелі қатары бар. Олар – *абайтану, ағаштану, әдебиеттану, әуезовтану, гизбраттану, дүниетану, жануартану, жаратылыстану, жертану, шоқантану, мағжантану, кинотану, көлтану, қоғамтану, мектептану, мұражайтану, ормантану, өлкетану, өнертану, театртану* сияқты қазақ тілінің төл сөзі негізінде пайда болған термин сөздер. *Таны* етістігіне қимыл атау жұрнағы жалғану арқылы жасалған “танудың” бір мағынасы “затты жан-жақты тексеріп, ажырату, айыру, зерттеу” (ҚТТС, 8т. 585-6.) десек, осы тура мағынасында нысанамен тікелей предикаттық қатынас жасай (*Әуезовті таны*) орналасуы анықтық күшін азайтады. Бұл табыс жалғауының элизияға ұшырауына бастайды. Сөйтіп, анықтық танықтық, бағытына қарай жылжиды. Әуезовті тану жеке субъектінің әрекетін көрсетсе *әуезовтану* сөзі ортақ іс, ортақ әрекетті меңзейді. Сөздердің сондықтан терминдік, ресмилік сипаты басым. Сонда *тану* сыңарлы бұл топ белгілі бір нысанды тексеретін, ажырататын, зерттейтін ғылым саласы терминдерін құрайды. Терминдік лексиканың ерекшелігі туралы Ө.Айтбайұлы: “терминдер, біріншіден, жалпы әдеби тілдің ерекше қызметі бар бір тармағы болып табылатын тіл единицасы, екіншіден, ол белгілі бір нысан мен ұғымдар атауы, үшіншіден, терминде анықтағыштық белгі басым болуы керек, өйткені белгілі бір ұғымның мазмұны осы анықтағыштық қызмет арқылы айқындалады. Ал бұл бір ұғымды келесі бір ұғымнан айырып, тану үшін және сол ұғымды арнайы бір классификациялық қатарда қарастыруға мүмкіндік жасау үшін қажет” (36. 125) дейді.

Жанды сыңарлы біріккен сөздер. Лексикалық бірліктердің маманданған формант дәрежесіне өтуінің тағы бір мысалы – *жанды* сөзінен көрінеді. ҚТТС-і мұның мағынасын “құмар, әуес ” деп берген (ҚТТС, 3т.). Ал *жанды* сыңарлы құрама сөздердің берер мағынасы басқаша. Мысалы: *ақынжанды, әйелжанды, дүниежанды, ержанды, жсаужанды, итжанды, қызылжанды, малжанды, балажанды*. Мұндағы кейбір композиттердің ғана тірек компонентін құмар сыңарымен ауыстыруға келеді: *ақынқұмар, әйелқұмар, дүниеқұмар, жсауқұмар, қызылқұмар, малқұмар, балақұмар*. Синонимдес екі аффиксоидтың қатар қолданыс табу себебін біреуінде бір зат, құбылыс, жалпы нысанаға деген әуес, құмарлық, соңына түсу мағынасы белең алуынан, екіншісінде “жаны соның үстінде, жаны сонымен бірге” сияқты экспрессивті реңк сипат алуынан деуге болады. Субъект тарапына ұнамды көзқарас туғызады. Сондықтан аффиксоид қатарына өткен - *құмар* сөзімен қатар, бұл сөздің де жартылай жұрнақ дәрежесіне жетуіне негіз бар.

* * *

Стандарт құрастыруыштар. ҚТОС-індегі 2800-дей БС-дің ішінде *басы, хат, гүл, от(ы), жегі, ақы, балық, қап, ауру, той* компонент БС-дер жүйелі түрде бірігіп жазылған. Бұл қатардың сандық та, сапалық сипаты – тіркескен сөзге ортақ белгілі бір стандарт мағына үстейтін, бір денотативке байлаусыз, көп денотативке ортақ, бір семантикалық аймақтағы лексемаларды құрайтын, жекеде қолданыла алатын сипаты – оларды формалды белгінің стандарт құрастыруыштарына топтайды.

Хат сыңарлы біріккен сөздер. *Хат* сөзі өзінің “адамдардың бір-біріне жазысқан хаты” деген тура мағынасынан айырылып, белгілі бір құжаттың ресми атын білдіруге жұмсалса, стандарт мағыналы БС жасайды: *сенімхат, қолхат, түсінікхат, келісімхат, үндеухат, жолдаухат, тілхат, қатынасхат, құснихат, талақхат*. “Сірә, алғашқы кезде бұл қызметте *хат* пен *қағаз* сөздері жарыса қолданылған болуы керек, өйткені кейде *сенімқағаз* деген тіркес те кездесіп қалады. Кейін келе сөз жасаушылық жүк *хат* сөзіне ауысып, тұрақтала бастаған тәрізді” дейді проф. Р.Сыздықова (25. 55). Расында да, мұнда *хат* сыңарының “біреуге немесе, бір мекемеге хабар жіберу үшін жазылып қойылған, не жөнелтілген мәтін” ретінде емес, “сөз ретінде қағаз бетіне түсірілген графикалық таңбалардың жүйесі, жазу” (ҚТТС, 10т.) (*Ертегі болмаса да хатта қалған аузында шежіренің қартта қалған* (С.Сейфулин.)) мағынасы ресми іс-қағаз құжат семантикалық аймақ лексемаларымен мағыналық будандасуға (контаминацияға) түсуіне, сөйтіп сыңарлардың бірге тұлғалануына негіз болған. Ал *хат* сөзі “жалқы жазылған дүние мағынасында келіп, алдыңғы сөз сол жазылғанның сипатын білдіріп тұрса, бөлек жазылады: *ашық хат, жасырын хат, жабық хат, заказды хат* (25. 56).

Қап сыңарлы біріккен сөздер. Лексикалық мағынасы кеңейіп, жалпылану, яғни грамматикалану үстінде тұрған, бір денотативке байлаусыз, көп денотативке ортақ стандарт құрастыруыштың енді біреуі – *қап сөзі*. Бұл сыңарлы

құрама сөздерді ҚТОС-і бірге тұлғалауды ұсынады. Атап айтқанда: *аяққап, шашқап, шынықап, кебежеқап, буынқап, кесеқап, сандыққап, көрпеқап, талысқап, жүрекқап, орындыққап, тозаңқап, желінқап, керегеқап, қазанқап, бұршаққап, теңқап*. Бұлардың бірқатары құрал-жабдық бұйымның атауы болса, бір қатары өсімдіктану терминдерін құрайды. *Қап* сөзі тілімізде “қанар”, “мешок” мағынасында жеке дара тұрып, актив қолданыла да алады. Ал “бір нәрсені қаптап қоятын қорғаушы зат; бір заттың сыртқы жамылғышы деген архисемасының актуалдануы анықтаушы сөздерге селбесуіне апарарды. “Психологическая структура значения определяется системой соотносительности слов в процессе их употребления в деятельности, а не в процессе их сопоставления как единиц лексикона” (108. 11).

“Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі” атты монография авторлары сөз мағынасының жалпылануын “күрделі сөздің тірек компонентінің мағынасы ол арқылы жасалған бірнеше күрделі сөзге ортақ болады да, олардың мағыналық байланыстылығын туғызудан” басталып, “тірек компоненттің жиі қолданылуы нәтижесінде мағынасының абстрактанып, қосымша қатарына өтуімен” түсіндіреді (28. 97) Расында да, *қолғап, керегеқап, тозаңқап* денотативтерін лексикалық бір топқа жатқыза алмаймыз. Олардың әрқайсысы әр түрлі мағыналық топтарға жатады. Бірақ олардың бір қатарға топтастырылуы *қап* сыңарының делексикаланып, бәріне ортақ “заттың сыртқы қабығы, қорғанышы” деген мағынасынан туындайды.

Шөп сыңарлы біріккен сөздер. *Шөп* сыңарлы БС-дер тілімізде 80 шақты өсімдік атауын құрайды екен. Олар: *айдаршөп, айланшөп, арамшөп, арпашөп, ашуайтшөп, әлекшөп, барқытшөп, балшөп, бауыршөп, бояушөп, бөденешөп, бұқарашөп, елекшөп, елікшөп, еменшөп, еңлікшөп, еркекшөп, жаншөп, жасаңшөп, жебіршөп, жемшөп, жұмыршөп, жұлдызшөп, жұпаршөп, жылаңқышөп, жындышөп, келіншекшөп, кенешөп, кемпіршөп, киікшөп, көкекшөп, көкбасшөп, кірпішөп, күреңшөп, қабыршөп, қандалашөп, қандышөп, қарабасшөп, қасықшөп, кенепшөп, қыяқшөп, қияршөп, қарғашөп, қояншөп, құмайшөп, қорғасыншөп, қызшөп, тұзшөп, қылтықшөп, ләйлекшөп, мақташөп, мизамшөп, ойраншөп, өгейшөп, өлеңшөп, сабыншөп, саздақшөп, сасықшөп, сауыршөп, сәбізшөп, сәлемшөп, семсершөп, сортаңшөп, соршөп, сүйелшөп, сылдыршөп, талақшөп, тамыршөп, тартаршөп, тасшөп, толғақшөп, томағашөп, тұншықшөп, түктішөп, шайыршөп, шәресшөп, шүйіншөп, шөрешөп, шайшөп, сағызшөп* т.б. Мұнда *шөп* сөзі “жер бетіне жасыл болып шығатын көкорай шалғын, балауса” (ҚТТС, 9т.) деген нақты мағынасында әр алуан сипаттағы сөздермен бірігіп, “өсімдік”, “көк” сияқты барлығына ортақ стандарт мағынасы бар өсімдік атауларын жасайды.

Гүл сыңарлы біріккен сөздер. “Түрлі-түсті, үлбіреген, хош иісті өсімдіктің” (ҚТТС, 2 т.) жалпы атауы *гүл* сөзі де елу шақты өсімдік атауларының құрамында әр сипатты сөздермен тіркесіп, бәріне ортақ “гүлді

бұта”, “түлді өсімдік” мағынасы бар атау жасайды. Мысалы: *азагүл, айгүл, ақгүл, алпігүл, әсемгүл, безекгүл, беренгүл, бөрігүл, бөрікгүл, дәстүргүл, ерінгүл, еңлікгүл, жанамәгүл, жанаргүл, жарқынгүл, жарықгүл, жатағангүл, жұлдызгүл, жұпаргүл, запырангүл, кекірегүл, кербезгүл, көкбасгүл, көкгүл, көкшегүл, қалтагүл, қозыгүл, қолтықгүл, құралайгүл, қырмызыгүл, лалагүл, меруертгүл, наргүл, намазгүл, райхангүл, раушангүл, сарыгүл, секпілгүл, себетгүл, таугүл, тегеурінгүл, тегісгүл, ұягүл, шегіргүл, шерменгүл, інжугүл, ымыртгүл* т.б.

От(ы) сыңарлы біріккен сөздер. БС құрастыратын келесі бір стандарт тұлға – “мал жейтін қоректік шөп” мағынасындағы от сөзі. Ол *ақот, аюоты, бақаоты, балықоты, бұлдырықоты, доңызоты, киізоты, киікоты, көкекоты, кереңот, қазоты, қараот, қойоты, қоянот, қыранот, маралот, мысықот, орайот, сабынот, семізот, суыроты, тартарот, тоғайот, шаянот* сияқты 23 өсімдік атауының құрамында кездеседі. Мұнда әр сипаттағы сөз жалпы мағынадағы *от* компонентінің сүйемелімен ғана белгілі бір шөп атауына айналады.

Жегі сыңарлы біріккен сөздер. “Жеп құртатын құрт, микроб” мағынасындағы жегі сөзі *ағашжегі, алмажегі, балықжегі, мамықжегі, тісжегі, тұқымжегі, шыбынжегі* сияқты атаулардың құрамында кездесіп, өсімдіктану, тәнтану терминдерінің жүйелі қатарын жасайды. *Жегі* сияқты стандарт құрастыруыштардың бір ерекшелігі – сөзжасамның дайын үлгісі бола алуында.

Балық сыңарлы біріккен сөздер. Тілде “суда өмір сүретін, желбезекпен дем алатын, омыртқалылар тобындағы су жануары” атауы – *балық*, – өзінің сүйемелімен ғана балықтың түр атауын жасайтын стандарт тұлға болып қалыптасқан. Олар: *айбалық, ақбалық, арабалық, балғабалық, бұзаубалық, жыланбалық, итбалық, кекіребалық, күнбалық, кірпібалық, қойбалық, қызылбалық, қылышбалық, майбалық, мұзбалық, семсербалық, табанбалық, теңгебалық, тунбабалық, тікенбалық, шегірбалық, шөмішбалық*. Жалпы, *балық* сөзінің жалпылама мәнге көшіп, ортақ сипат алуы танылған денотаттардың көбеюі, соған сай денотативтердің пайда болуынан шығады. *Балық* жалпы атауының сүйемелімен денотаттың “суда жүретін жануар” екені анықталады.

Ауру сыңарлы біріккен сөздер. “Ағзаның физиологиялық әрекеті мен құрылысының бұзылуы, науқас, дерт, сырқат” мағынасының жалпы атауы *ауру* сөзімен жұп құрап, белгілі бір аурудың атын білдіретін ортақ мағынасы бар *сарауру, жіңішкеауру, тамақауру, құртауру, суауру, ішауру, итауру, үйекауру*

сияқты сөздердің де стандарт тұлға сыңарлы БС -дер тобына кіруіне мүмкіндік бар сияқты. Бұл үлгі бойынша жаңа сөз жасау қажеттілігін де өтеуге болады.

Той сыңарлы біріккен сөздер. *Той* сыңарлы БС-дердің де сөзжасамдық қызметі аңғарылады. Бұл компонент біріккен *қоныстой, сұндеттой, мүшелтой, мерейтой, наурызтой, сабантой, қолатой, күмістой, алтынтой* атауларының бәріне ортақ стандарт мағына – “мереке, айтулы дата, жиын”. Мұндағы ортақ сыңар экстралингвистикалық мәнділікпен Д1 емес, Д2 қатынаста тұрғанын көруге болады: *алтынтой* отбасылық өмірдегі “ат шаптырып, ас берген, дырду-думанды” емес, “адам өміріндегі айтулы күн, өмірдеректің бір беті” мағынасын береді.

Ақы сыңарлы біріккен сөздер. Дербес қолданысынан гөрі КС-дің бір сыңары болып қолданылуы жиілеген *ақы* сөзін де стандарт тұлға қатарына жатқызуға мүмкіндік бар: *жалақы, сыйақы, кіреақы, зейнетақы, жамбасақы* т.б. *Ақы* сөзінің ҚТТС-індегі мағыналары мынадай: 1) істеген еңбек үшін төленетін төлем, еңбек өтеуі; 2) бір заттың бағасы, нарқы, құны, соған лайықты ақша, мал-мүлік; 3) аласы, алажак; 4) пара, ауызбастарық; 5) парыз, міндет, яғни мағыналардың шектесетін ортақ тұстары көп. Бұл- мағыналардың жалпылануына бастайды. Сонымен, *ақы* – әлеуметтік-экономикалық атау болса, бұл сыңарлы БС-дер әлеуметтік терминдердің қатарын құрайды екен, яғни аталған универбтердің бәріне ортақ мағына – “төлем, еңбек өтеуі. Тілімізде бұрыннан бар *көзақы, қолақы, жамбасақы, сұтақы* бірліктерінің ізімен, сөздік қорымызда алдымен *қаламақы, еңбекақы, пәтерақы* атаулары еркін қолданысқа түсе бастады. Сирек болса да, *үстеме ақы, кесімді ақы* құрамдары ажыратыла беріліп жүр. Мұның себебі алғашқы компоненттің **-ме, -імді** қосымшалы болуына байланысты. Жаңадан *жолақы* (стоимость проезда) сөзімен қатар, *жүрімақы* (проездной билет) атауы пайда болды. *Зейнет ақы, қорымақы, кіреақы* қолданысымызда берік орнықты. *Ақы* сөзінің дербес қолданыстағы мағынасын *төлем, ақша, пұл, төлеу, айлық* сөздері ауыстырды. Сөйтіп, *ақы* сөзі БС жасаудың бір тұлғасы қызметінде көбірек қолданыс тапты.

Басы сыңарлы біріккен сөздер. *Басы* сыңарлы *қолбасы, онбасы, дуанбасы, жүзбасы, рубасы, түменбасы, көшбасы, әскербасы*, сияқты көне, әскери-әкімшілік терминдер біріктіріліп, қазақ тіліндегі БС-дердің формалды белгілерінің жүйеленуі – ҚТОС-терінің (1978, 1988) тағы бір нақты нәтижесі. Мұнда “І изафет дамуындағы екінші бағыт 4 құрамындағы сөздері мағыналық жағынан жымдасып, бөлінбейтін түйдекке айналып, осының салдарынан изафеттік тіркес күрделі сөздер тобына ауысып отыратын (109. 224) процесс жүріп, *басы* сөзінің лексикалық мағынасы жалпылану негізінде БС жасаудың бір тәсілі қалыптасқан. Көп мағыналы *бас* лексикалық бірлігінің бұл жердегі мағынасы “бір іске ұйтқы болу, топтың алды, басшысы, жетекшісі болу”

(КТТС,*2 т.) десек, оның *қол, он, мыт жүз, ру, түмен, көш, әскер, дуан* сыңарларымен валенттілік құруы уәжді болмақ. Әрі олардың термин мәнде жұмсалуды тіркесті жаңа бір мағыналық сатыға көтеріп, жиынтық ұғым тудыруға, сөйтіп, универбтелуге әкеледі. Осы үлгімен *елбасы, қалабасы, отбасы, топбасы* универбтерінің қолданысы активтенді. Ал *сөз басы, түлік басы, төл басы, мал басы, жан басы* сияқты изафеттің екінші типіндегі тіркестер бөлек тұлғаланады.

* * *

Жинақтаушы құрастыруыштар. Қазақ тіліндегі БС-дердің келесі бір формалды белгісі деп *бас, ағаш, құрт, тамыр, тікен, жапырақ, аяқ, тас, сөз* тұлғаларының алдыңғы компонентпен бірге жазылу сипатын аламыз. Оларды жинақтаушы құрастыруыштарға топтауға мынадай себеп бар. Мұнда *бас, ағаш, құрт, тамыр, тікен, жапырақ* тұлғалары “бүгіннің жалпыға ортақ бөлшегі ретінде жұмсалып, белгілі бір сөздің сүйемелі арқылы ғана” (27. 60) заттың атауы болатын, стандарт мағынадан гөрі ұғымды жинақтау қызметін атқаратын, бір денотативке байлаусыз, көп денотативке ортақ сөздер.

Бас сыңарлы біріккен сөздер. *Бас* сөзі “шөптің, ағаштың, түрлі өсімдіктердің жоғарғы жағы, ұшы” мағынасында 30 шақты өсімдік атауын (*атбас, арпабас, ақбас, бедебас, берікбас, бозбас, борбас, бөгіребас, бұзаубас, бұраубас, жадыбас, жұпарбас, жыланбас, жыңғылбас, итбас, күйікбас, қиыршықбас, қоңыраубас, қоңырбас, қызылбас, қышабас, мыңбас, салаубас, сарыбас, сирекбас, сұлыбас, сіпсебас, тарғақбас, тауықбас, теңгембас, ұлабас*); құрал атауын (*безеубас, доғабас*) жасайды. Және *бас* сөзі кейбір тіркестерде “белгілі бір қасиет белгісі бар адам” деген ұғымда келеді, ол күнде де алдыңғы сөзбен бірге жазылып, *қалжыңбас, маубас, жүдеубас, жындыбас, қаңғыбас, қубас, қақбас* атауларын құрайды. Бұларға қандай *бас* немесе *басы* қандай адам деген сұрау қоюға болмайды. Ал *қауға бас, додабас, қазан бас, қасқа бас, қалтақ бас, жалаң бас* дегендерде қандай басты адам деген сұрақ қоюға болады” дейді проф. Р.Сыздықова (25.55). Жалпы *бас* сыңарының алдыңғы компонентке бірігуіне – *бас* сөзінің “кісі, адам, жан” мағынасында және “ақыл, ой, ес” ауыс мағынасында қолданылуы себеп. Дегенмен *бас* сөзі осы мағынасында *бас тікті* (“жанын пида қылды”), *бас ұрды* (“дегеніне көнді”), *басы айналды* (“масаттанды”), *басы байланды* (“айттырылды”), *басы бәлеге шатылды* (“атаққа ұрынды”), *бас бос* (“бойдақ”) сияқты адамның жалпы болмысына қатысты тұрақты тіркестер мен идиомалар құрамында кездеседі. Және *басы байлы, басы бүтін* сияқты үстеулер жасайды. *Қу басы, қара басы, қарақан басы, соқа басы* сияқты адамның жеке басына қатысты оның “жалғыз, туыссыз, ұрпақсыз” екенін білдіретін сөздер де бар. Соңғысында тәуелділіктің

үшінші жағының сөзді даралайтын қызметі көрінеді (салыстырыңыз, **-лар, ғыш, -ар** қосымшаларында сөзді ұластыратын қызмет бар еді).

Ал *қалжыңбас, қылжақбас, желбас, маубас, жүдеубас, жындыбас, шүйкебас, қаңғыбас* сөздері – *бас* сөзінің “адам”, “жан” мағынасында және “ақыл”, “ой”, “ес”, мағынасында қолданылуына байланысты, фразеологиялық тірке негізінде пайда болған БС-дер. *Бас* сыңарының бірнеше тіркес құрамында қайталанып, лексикалық мағынасының кеңеюінен *бас* тірек компоненті грамматикалануға, жалпы мағына беруге көшкен. Ал сөз мағынасының кеңеюінің басты бір себебі сол сөз білдіретін ұғымның өзгеруінде деп тану керек, ұғым сол сөзбен аталатын заттардың жалпылық белгілері арқылы абстракциялаудың негізінде қалыптасады (110.33).

Сөйтіп, *бас* әр алуан сөздермен қарым-қатынасқа түсу салдарынан жалпы мағынаға көшті. Бұрын ол лексикалық мағынасы арқылы басқа сөздерден дараланып, жекеленіп, бөлініп отырса, енді басқа сөздермен ортақ сипат алып жақындап, жалпы грамматикалық топ құрауға бейімделді.

Тікен сыңарлы біріккен сөздер. ҚТОС-інде “кейбір ағаштар мен өсімдіктердің бұтақтарында болатын, үш жағы үшкір зат, тікенек” мағынасындағы *тікен* сөзімен 15 шақты өсімдік атауы кездеседі. Олар: *әнектікен, әректікен, бозтікен, бұрметікен, жабысқақтікен, жалаңтікен, жалбызтікен, көктікен, қаратікен, сарытікен, сортікен теміртікен, түйетікен, шағыртікен, шегіртікен* т.б. Орта компонент (тікен) денотаттың дифференциалды бір белгісі болғанмен, ол атаулар құрамында қайталана келе, көп денотатқа ортақ белгіге айналып, жалпы мағына алған. Сөйтіп, аталған сыңардың көп денотатқа ортақ бүтіннің бөлшегі болуы оның әр сипатта сөздермен (*әнек, шегір, көк*) бүтін атауды жинақтау қызметіне әкеледі.

Тамыр сыңарлы біріккен сөздер. “Су мен қоректік затты жеткізіп тұратын өсімдіктің жер асты мүшесі” болып, бүтіннің бөлшегі ретінде жұмсалатын *тамыр* сөзі де БС құрастыру қызметін “жандандырады”. Ол біріккен *алтай тамыр, алтынтамыр, бұраматамыр, жертамыр, жуантамыр, жылантамыр, көгентамыр, кіндіктамыр, мыңтамыр, сабынтамыр, қаратамыр, майтамыр, маралтамыр* сияқты өсімдік атаулары экстралингвистикалық мәнділікпен Д1 Д1 қатынаста емес, Д2 Д2 қатынаста, яғни жанама байланыста тұрғандықтан, өсімдіктің бір кездегі айқындаушы белгісі бүтін атау сипатын алып, БС жасаудың үлгісіне айналған.

Жапырақ сыңарлы біріккен сөздер. Бүтіннің бөлшегі ретінде КС құрамында қолданып, БС жасаудың бір тәсіліне айналған *жапырақ* сөзін де жинақтаушы құрастыруыш қатарына қосуға болады: *бабажапырақ, балажапырақ, бөбежапырақ, бұйражапырақ, бұрамжапырақ, жебежапырақ, жүнжапырақ, жүрекжапырақ, иманжапырақ, қанжапырақ, мүйізжапырақ, мыңжапырақ, садақжапырақ, сужапырақ, сүтжапырақ, тартаржапырақ, таспажапырақ, теңгежапырақ, түйежапырақ, ужапырақ, шайжапырақ, шүкіржапырақ*. Мұнда да бүтіннің бөлшегі (жапырақ) әр текті, әр сипатты сөздермен біріге, бүгін ұғымның бүтін атауын жасайды.

Сөз сыңарлы біріккен сөздер. *Сөзбен* қатысты бір алуан шектеулі тіркестердің шегінде *баспасөз, жарыссөз, келіссөз, қарасөз* композиттерінің бірігіп жазылуына орай, бұл тұлғаны да шартты түрде жинақтаушы құрастыруыш қатарына қосамыз. Мұнда компоненттердің экстралингвистикалық мәнділікпен – *алғы сөз, соңғы сөз, қаратпа сөз, төл сөз, төлеу сөз, қос сөз, құрама сөз, біріккен сөз, қысқарған сөз, өлең сөз, жұмбақ сөз, шаршы сөз, жалпақ сөз, көркем сөз, жел сөз* күрделі атауларындағыдай – Д1Д1 қатынаста тұрмағанын трансформация әдісіне салып көз жеткізуге болады: *баспасөз* – баспадан шығарылған газет-журнал; *келіссөз* – екі жақтың өзара келісім шарты.

Тас сыңарлы біріккен сөздер. *Тас* сыңарлы КС-дің біразы бүгінде бірге таңбаланады. Бұлардың орфографиялануын проф. Р. Сыздықова былай деп ретке салады: “*тас* сөзі өзінің тура мағынасын атамай, алдыңғы сөзбен тіркесіп, белгілі бір минерологиялық, геологиялық заттардың атауын білдірсе, термин болып келсе немесе бір заттың атын білдірсе, біріккен сөз жасап, бірге жазылады: *ұлутас, теміртас, көктас, құбылтас, анартас, кеспетас, көбіктас, малатас, ләуліктас, тақтатас, бортас, зертас, сынтас, құлпытас, обатас; тұмартас, есектас, шаңтас, құмтас, қойтас, жартас, шағылтас*. Ал *тас* сөзі өзінің тура мағынасында келіп, алдыңғы сөз оның түрлі сын-сипатын білдірсе (*малта тас, дөңбек тас, жақпар тас, мұрыниақ тас, найза тас, серек тас, қой тас, үңгір тас, тектұр тас*) алдыңғы компонент осы мағынасында жеке айтылатын болса (*қайрақ, шақпақ, меруерт, маржан, лағыл*), бөлек жазылады (25. 55).

Тас сөзін “таудың қатты жынысы, соның үлкенді-кішілі бөлшектері” (ҚТТС, 9 т. 41-6.) деп алып, және олардың жоғарыда көрсетілгендей, *найза тас, жақпар тас* сияқты түрлері бар десек, *тас* мағынасы тарылады. Себебі туыс атау түр атауға көшеді. Егер “семантикалық тұрғыда сөз мағынасының кеңеюі дегеніміз – сөздің идеографиялы стилистикалық, эмоционалдық сипатын нақтылайтын кейбір дифференциалды семаларының көмескіленуі болып табылса”, “онда сөз мағынасының тарылуы дегеніміз – семантемаға дәл осындай ерекшеліктегі бірнеше

семалардың қосылуы болып шығады” (108. 84). Сөз мағынасы тарылғандықтан ол өзінің алдыңғы компонентімен босаралықпен байланысуы мазмұн межесінен шығады. Ал керісінше, бірігіп жазылатын сөздерде *тас* мағынасы кеңейеді, яғни қатты зат семасы сақталады да, таудың жынысы, үлкенді-кішілі бөлшектері деген семалары көмескіленеді. Сөйтіп, алғашқы анықтаушы сыңары селбеседі. Бұған терминдік атау болуы біріктіруді тездеткен. Дегенмен жоғарыдағы *тас* сыңарлы КС-дердің универб формасына көшуі мүмкін болмайтын құбылыс емес.

Сол сияқты, *тас* негізді идиомалар бар. Мысалы: *тас бауыр, тас жетім, тас жүрек, тас керең, тас қараңғы, тас маңдай, тас түйін, тас бұлақ, тас емшек* т.б. Проф. Р.Сыздықова бұл қатарға байланысты былай дейді: “тас зат есім ретінде қолданылуынан басқа, етістік, сын есім, үстеу сияқты сөздердің алдынан келіп, заттық ұғымда емес үстеулік мәнде қолданылады, тас сөзі монғол тілінде “мүлдем, әбден, мықты” деген мағынада жұмсалады. Қазақ тілінде өзге сөздермен еркін тіркесу қабілетінен айырылған бұл көне сөз тек белгілі тіркес құрамында тұрып, қолданылу құқың сақтап қалған” (111. 150).

Біздіңше, бұл құнды пікір *тас жетім, тас керең, тас қараңғы, тас түйін* тіркестеріне қатысты. Ал *тас бауыр, тас жүрек, тас емшек, тас бұлақ*, идиомаларындағы сөз болып отырған компонент – *тас* сияқты “қатты”, “суы* “меңіреу”, “қатыгез”, “мейірімсіз” деген ауыспалы мағынаға көшкен, тілдің өз ішіндегі транспозиция жемісі. Уәжделген коннотат пен денотаттық атаудан (К1Д1) тұратын атаулық фразеологиялық тіркестер (номинативная фразео- сочетания) универбтену алдында. Мұнда тау жынысының “қатты” деген дифференциалдық белгісі “суық” деген коннотат мағынаға көшіп, экспрессивті мәнге ие болған. Мысалы: *Апырай, үйінен қара су татқызбайтын нағыз тас бауыр сараңның өзі болмаса нетті!* (Баязитов С., Алтын.); *Таутиқ, бейшара тас жетім* болып қала берді (Аманшин Б., Көк жар.); *Тас жүректің* деген жауынгерлердің де жүрегі майда тілмен жібірліктей болды (Аялы жандар); *Іңғалаған үн тас керең* болса да, ана жүрегін қалай ғана жараламас екен (Мәдиев Б., Өрендер.); *Кұдық жұтқан тас маңдай* Тасмағамбетке ұқсап, өмірмен мезгілсіз ерте ажырасқаннан сақтасын (Сәрсенбаев О., Жиде.); *Бұғыбай тас түйін* болып жөнделіп отырды (Омаров С., Өмір.).

Сөйтіп, *тас* сөзінің ауыспалы мағынасы монғол тілінде “мүлдем”, “мықты”, “әбден” дегенді білдірсе де немесе “қатыгез”, “суық”, “мейірімсіз” мағынасына ие болса да, валенттілігі шектеулі, санаулы идиомалар құрамында ғана кездесетін, эмоционалды-экспрессивтік реңкі басым, сондықтан бөлек тұлғаланатын сөзформа болып табылады.

Аяқ сыңарлы біріккен сөздер. Тілдегі *аяқ* сыңарлы шектеулі тіркестердің ішінде *саптыаяқ, жүкааяқ, итаяқ, шоқаяқ, мамаяқ, ысқаяқ, ұшаяқ, шотаяқ*, сияқты құрал атаулары, *алаяқ, қоңылтаяқ* сияқты ұғым атаулары ҚТОС- інде бірге беріліп, *аяқ* сөзінің құрастырушылық сипаты көріне бастады. Бұл аталған сыңардың көп мағыналығынан туындайды. Ал “ағаштан ойып жасалынып, тамақ ішуге арналған ыдыс”(ҚТТС, 1-т.) мағынасындағы *аяқ* сөзінің түр сынын, сыр сынын даралап, саралап, нақтылап көрсету қажеттілігінен туындайтын *шара аяқ, шыны аяқ, ағаш аяқ* құрама атаулары *қарын аяқ, сары аяқ*, тұрақты тіркестері бөлек жазылады. Ал адам, жан-жануардың жүретін дене мүшесі мағынасындағы *аяқ* сөзімен тіркескен *жалаң аяқ, тобан аяқ, сыңар аяқ* күрделі атауларының екі сыңары да тура мағынасында жұмсалғандықтан анықтық-танықтық қатынаста құрамдары ажыратыла көрсетілуі орынды. Осы қатардан орын алуға тиісті *қоңылтаяқ* сөзінің алғашқы негізі *қоңылт* дербес тұрып, *үй қоңылтақсып тұр* деген контексте бірлі жарым кездеспесе, дербес мағынасы жоғалып бара жатыр. Сондықтан *қоңылтаяқ* атауы біріккен. *Алаяқ, (адам)* тіркесі тұтас идиомаланып, әрі дерексіз мән алуына байланысты бірге тұлғаланып жүр. *Жалаң аяқ* тіркесінің бөлек берілуін оның экстралингвистикалық мәнділікпен Д₁Д₁ қатынаста тұруынан, әрі *жалаң* сөзімен тіркесетін “бас”, “бұт”, “қабат”, “төс” сыңарларының болуынан деп түсіндіруге болады. Алайда *жалаң* сөзі- күшті валенттілік иесі. Бұл жерде жалаң болып тұрған *бас, бұт, төс, аяқ* екені мәнді болмай, әйтеуір оның жалаңданып, кеміп қалғаны маңызды мәнге ие болып отыр. Аталған сыңарларға қарағанда *аяқ* сыңарында мағыналық жылжу бар. Және *жалаң аяқтың* “кедейлену”, “күні төмендеу” деген дерексіз мағыналары бар. Егер көптік жалғауын қоссақ, тіркес тұтас идиомаланады. Сондықтан *жалаң аяқ* тіркесінің БС жасамының соңғы процесінде жүргені анық.

Құрт сыңарлы біріккен сөздер. Қазақ тілінде *құрт* соя “денесі ұзынша, өзі жұмыр, ирелеңдеп жүретін, омыртқасыз жәндік” және “ауру” деген мағыналарына сай мынадай сөздерде БС құрастыруыш қызметінде көрінеді: *алақұрт, бақайқұрт, баспақұрт, бауырқұрт, бүйенқұрт, есекқұрт, жұлдызқұрт, жұлынқұрт, жыланқұрт, жылымқұрт, көмейқұрт, қазықұрт, қанқұрт, қарақұрт, қауынқұрт, қылқұрт, миқұрт т.б.*

Ағаш сыңарлы біріккен сөздер. *Ағаш* сөзінің де “бұтақ, тап, биік өсетін көп жылдық өсімдіктің ортақ аты, дарақ” және “әр түрлі қажеттілікке жарататын ағаштан алғаш кесінділер” екі мағынасы тілімізде *әулиеағаш, астықағаш, балауызағаш, барқытағаш, жұпарағаш, қарағаш, кызылағаш, маржанағаш, рауғаш, сарағаш, тасағаш* сияқты өсімдік, шөп атауларын және *белағаш, жерағаш, жүкағаш, қолағаш, құсағаш, мамағаш, тісағаш, мойынағаш, иінағаш, азуағаш, ақырағаш, арысағаш* сияқты құрал атауларын жасайды. Мұнда, әсіресе екінші жағдайда, *ағаш* сөзінің

экстралингвистикалық мәнділікпен Д₁ қатынаста тұрмауы (*мойынағаш* Д₂Д₂; *мамағаш* Д₂Д₂) ортақ компонент біріктіруге әкелген. Және *ағаш* сыңарының сүйемелімен ғана номинация процесі нәтижеге ие болып, ортақ сыңар (*ағаш*) жинақтаушылық, құрастыруыштық қызметке жұмсалған.

Сонымен, жоғарыда айтқандарды тұжырымдай келгенде, қазақ тіліндегі БС-дердің формалды белгілерін екіге: ұласыруыштар (*-ар, -ғыш, -лар, -лық, -ты, -ыс, -қы, -қ, ма* қосымшалары) және құрастыруыштар (*хана, құмар, жанды, аралық, тану, жай, қап, шөп, басы, хат, гүл, от(ы), балық, той, жегі, бас, ара, тамыр, жапырақ, тікен, ағаш, құрт*) деп бөлеміз. Құрастыруыштардың өзі дерексіз-жалпы-нақты сипатына қарай аффиксоид, стандарт, жинақтаушы деп бөлінеді. Мұндағы аффиксоид соңғы екеуінен мағынасының дерексіздігімен, дербес қолданысының сиректілігімен, талғап жалғануымен (жұрнаққа тән сипаттың болуы) ерекшеленсе, стандарт құрастыруыш соңғы топтан өзі құрастырған БС-дің жалпысына ортақ стандарт мағына үстеуімен, сандық жағынан көп БС бере алатындығымен өзгешеленеді. Ал толық мағыналы сөздің аффиксоидталуына көп мағыналылық, сөз мағынасының кеңеюі, жалпылануы себеп болады. Ортақ сыңардың екі сөзден артық ретте алдыңғы компонентен бірге тұлғалануы оны аффиксоидталу үрдісінде екенінен хабардар етеді. Сөйтіп, бірігудің формалды белгісімен ҚТОС-індегі БС-дердің үштен бірін өрнектеледі деуге болады.

2.3. Біріккен сөз және бірге тұлғалаудың семантикалық белгілері

Сонымен, біз бірге таңбалаудың формалды белгісі мазмұн межесіндегі семантикалық тұтастық негізінде шығып отыратынын, ал арнайы форманттар ұғымның универбтенуін тездететінін көрсеттік. Сөздің берілу формасы тек жазуда ғана таңбаланбайды, алдымен ол ұғымда, санада, ауызша тілдің мазмұн межесінде таңбаланады. Сондықтан бұл сипат кейде жазуда бірден көрініс табады, кейде уақыт өте келе бейнеленеді. Соңғысы формалды белгісі жоқ түріне қатысты. КС-дер орфографиясында шешуін таппай жүрген мәселе де осы қатармен байланысты. Расында да, негіздер лексикаланып, идиомаланып, бір дыбыстық жамылғыш астына жинақталуын қалай түсіндіруге болады?

“Тіл-тілде семантикалық тәсілмен жасалған күрделі субстантивтердің статусын анықтаудың едәуір қиындығы” (28. 229), сөздерді бірге таңбалаудың ғылыми негізін түсіндірудің қиын екені (95. 276), БС-ді КС-ден ажыратуда семантикалық тұтастық белгісі – БС-дің басты белгісі бола алмайтыны, себебі семантикалық тұтастық белгісін түсіндіруде әр түрлі көзқарастар барлығы, және оның БС’-дің барлық түрінде бірдей емес екенін, сондықтан олардың түрліше сипатта көрінетіні тілші ғалымдар тарапынан айтылып келді (22. 56).

Тілдің үш қызметі: номинация, предикация, локация жалпы семиотиканың үш аспектісіне – семантика, синтактика, прагматикаға – сәйкес келеді (112. 249).

Мұндағы номинация семасиология, семантикаға тікелей байланысты екендігі айқын. Таңбаның тілдік жүйесінің типтері – сөз, граммема, морфема, фразема болса, оның мазмұн межесінің бірлігі – семема, тұрпат межесінің бірлігі – лексема. Сонда белгілі болған бір денотатқа, я болмаса құбылысқа берілетін атау, яғни лексема референттің бойындағы бірнеше белгінің, семаның сұрыпталып, қорытылуы нәтижесінде, немесе атауға негіз болатын бір белгіні актуалдану нәтижесінде, немесе мәнді ғана белгілері жиынтығы нәтижесінде (112.13) туады. Оның себебі – тілдік таңба мазмұн өресі тілдік таңбаның 1) қоршаған ортамен қатынасы (сигматика); 2) қолданушымен қатынасы (прагматика); 3) мәтіндегі басқа таңбамен қатынасы (синтактика); 4) жүйедегі басқа таңбамен қатынасы (семантика аспектілерінде қаралуында (45. 330).

Жалпы, атау референт-ұғым-атау үштік қатынасы немесе реалий-ұғым-атау (113. 249) арқылы түсіндірілетіні белгілі. Атау үшін аса қажетті және ерекше нәрсе оның ұғымдық және заттық жақтарының қатысы болып табылады. Осы қатынастан шығатын сөздің атауыштық қызметі оның “барлық басқа да мағыналары мен қолданылуының қоғам таныған негізгі тірегі” (75.) болады. Алайда атау мағынасы жан-жақты семантикалық даму, ауысу үстінде болады. “Значение – процесс, динамическая иерархия процессов” (114. 8). Олай болса, КС-дердің жазудағы біріккен тұлғасының уәждемесін олардың мағынасындағы, семантикасындағы өзгерістерден іздеу керек. Қазақ тілі оқулықтарында БС-дерге “семантикалық бір ұғымды білдіретін, бір ғана сөйлем мүшесі бола алатын, бір фоноциямен айтылатын, дыбыс үндесу заңдарына әсер ететін сөздер” (17. 9); “компоненттері мағына жағынан да, форма жағынан да елеулі өзгерістерге ұшырамай-ақ, өзара бірігіп, жинақталған біртұтас лексика-семантикалық мағына білдіретін күрделі сөздер” (18.139); “толық мағыналы екі сөздің тұтасып жымдасу нәтижесінде әдепкі лексика-грамматикалық мағынасынан айырылып (не күңгірттеніп), жаңа лексика-грамматикалық мағына тудыратын сөздер бірлестігі” (20. 200), “кемінде толық мағыналы екі сөздің тұтасып жымдасуы нәтижесінде, әдепкі лексика-грамматикалық мағынасынан айырылып, жаңа лексикалық, соған лайық жаңа лексика-грамматикалық мағына тудыратын сөздер бірлестігі” (28. 209) деген анықтамалар беріледі, яғни БС-дің негізгі белгісі делініп сыңарлар мағынасындағы өзгеріс, арасындағы қатынас айтылады. Бірақ ол өзгерістер қандай процестер негізінде жүретіні тіпті жалпы тіл білімі зерттеулерінде де айтылмайды.

Осы бағытта Н.Уәлиұлы фразеологиядағы коннотат-денотат теориясын құрама сөз сыңарларының бөлек, бірге жазылуы негізін ашуға қолданады. “Денотат в нашей концепции – реалия внешнего мира, отраженная и закрепленная сознанием в значении слова, обозначенная словом. Реалии не имеющие языкового выражения, денотатами не являются. Итак, денотативные семемы, это прежде всего образы денотатов. А лексемы с коннотативными

семемами являются дополнительными наименованиями мысленных образов денотатов, уже имеющих первичное наименование” (115. 31-32).

Осы тұрғыда Н.Уәлиұлы КС-дердің “экстралингвистикалық мәнге сәйкес келетін атау сыңары D_1 ,-(денотат 1)-мен,экстралингвистикалық мәнмен тікелей емес, жанама байланысы бар атау сыңарлар D_2 (денотат 2)-мен, “соларға ұқсас” деген сыңарлар K_1 , (коннатат 1)-мен, ал синхрондық тұрғыдан мүлде белгісіз, уәждемесі жоқ деген атау сыңарлар K_2 - мен белгіленеді. Мұндағы семалар экстралингвистикалық мәннен (D_2 ,) алшақтап (D_1 , K_2) және одан қол үзген сайын (K_2) екі құрамды күрделі есім сөздерді бірге үрдісі күшейе түседі” дейді. Және автор құрама сөздердің ішінде дұрыс жазылуы қиындық келтіріп жүрген D_1 , D_1 , D_2D_1 қатынастағы құрама сөздер екенін айтады (5. 40).

Расында да, компоненттері экстралингвистикалық мәнділіктен алшақтай қоймаған *жалақы, уыққап, итаяқ* сөздері бірігіп, ал *жер ошақ, кәрі жілік, мойын омыртқа* сияқты сөздер неге бөлек жазылады?

Мәселені шешу мақсатында БС мағынасының уәжді- уәжсіз-идиомалану сипатына қарай **эндоцентрлі БС-дер және экзоцентрлі БС-дер** деп бөліп алу жөн сияқты. Мұның біріншісінде БС мағыналарының сыңарлар мағынасынан туынадауы нысанаға алынады, яғни универбті “жаймалағанда” оның сөйлем, сөз тіркесі мағынасына сәйкес сипаты ескеріледі. Мұндай әдіс тіл білімінде **трансформация** деп аталады (бұны қазақ тілінде ж а й м а л а у әдісі деп алуға болады). Осы әдіске сала отырып, қазақ тілінде эндоцентрлі БС-дерді уәжсізденуіне қарай бірнеше топтарға бөлеміз.

Бірінші топқа экстралингвистикалық мәнділікпен D_2D_1 қатынастағы БС-дерді жатқызамыз, мысалы: *сарымай, ақбөкен, тарбақа, көлбақа, құрбақа, айғыржуа, ақбаттауық, аққаңбақ, ақсаңырауқұлақ, көктал, көккөптер, балқарағай, сиырбұршақ, бозбетеге, түйежаңғақ, уекіре, өгізшағала, тауқалақай, шайсаңырауқұлақ, қарақотыр, қаракөже, сарымия, бозарша, көкқарға, көктаяз т.б.*

Байқап отырғанымыздай, бұл қатардағы атаулардың екінші компоненті тура мағынасында қолданылып отырады. Мысалы: *сарымай* – “әбден шайқалып, сүтінен мұқият ажыратылған, қойдың қарнына ұзақ уақыт сақтала сары түсін сақтаған, басқа тағамдық майлардан құнарлылығы өте жоғары май”; *көктаяз* – “жаңадан көгеріп, өсіп келе жатқан пияздың асқа қататын сабағы”; *балқарағай* – “үнемі көгеріп тұратын, қылқанды қарағай” (ҚГТС, 2 т. 84-б.) Мұндағы мағыналық жылжуға ұшырап, D_1 ,-ді емес, D_2 -ні көрсетіп тұратын – бірінші сыңар. Әдетте синтаксистік сөз тіркесі деңгейіндегі тілдік бірліктер экстралингвистикалық мәнділікпен D_1D_1 , қатынаста болады. Мысалы, *күміс қасық* деп “күмістен жасалған қасықты”, *алтын сағат* деп “алтын жалатылған сағатты” атайды.

Ал лексикалық синтагмаларда D_1D_1 қатынаспен (*ат қора*) бірге D_2D_1 , қатынастағы (*кәрі жілік*) бірліктердің саны молая түседі. Кейін осы қатынастағы КС-дер бір денотаттың атауы болып, жұмсалып жиілігіне түсіп, терминдік мәнге ие болған сайын бірге таңбалану тұрпатын қабылдай бастайды.

Алайда бұлардың да үлгісі D_2D_1 қатынасты құрайды. Сөйтіп, КС бен БС арасындағы бұл ұқсастық емледе біраз шатасулар әкеледі.

Негізінен, D_2D_1 қатынастағы КС-дерді ҚТОС-інің үш басылымы да бөлек тұлғалауды ұсынып келді. Ал проф. Р. Сыздықова алғашқы сыңары *тау, шөл, дала, ақ, қара, түйе, сиыр, ит* болып келетін аң-құс, өсімдік атауларының бірге таңбалануы қажет екенін көрсетіп, ҚТОС-інің жаңа басылымына реестр сөз етіп береді.

Жалпы экстралингвистикалық мәнділікпен D_2D_1 қатынастағы БС үлгісі тілімізде жоқ емес, бар болатын. Мысалы: *сарымай, ақбөкен, тарбақа, көлбақа*. Алайда бұл сөздердің бірге жазылуы біраз уақыт ала-құлалықта байқалып, тұрақталып еді. Оның себебі екінші компоненттің тура мағынада жұмсалыуынан болып отыр. Осы арада мынадай ой түйіндеуге болады: құрама сөз құрамындағы екінші компоненттің мағыналық жылжуға түсуі (D_2) сөздерді біріктіру нәтижесіне жеткізеді.

Негізінен, бұл топтағы БС-дерді КС-дерден ажырату керек. Әзірше экстралингвистикалық мәнділікпен D_2D_1 қатынастағы бұл КС-дердің бірге жазылуы олардың терминдену сипатынан шығып отыратынын айтамыз.

2- топқа *жертөле, құстөсек, қонақұй, асүй, жүкаяқ, орамнан, таскөмір, жерқойма, қонақасы, қараширік, қосағасы, наурызкөже, өңіржиек, торқапшық, түскііз, есепшот, елтаңба, жолбике, көзәйнек, көкбауыр, көкжиек, қолбала, қолөнер, шоқаяқ* сияқты компоненттері экстралингвистикалық мәнділікпен D_1, D_2 қатынастағы БС-дер жатады. Неміс тілінде мұндай БС-дерді синтаксистік сөздер тіркесінің сырттай және іштей изоляциялануының нәтижесінде пайда болады деп түсіндіріледі (116).

Алғашында атау сөйлем, предикаттық қатынас формалары түрінде болатынын тілдік фактілер растайды. Қолданыста қайталана келе, жайылған ұғым белгілі бір қалыпқа, формаға түсуге ұмтыла бастайды. Бірақ ол форма – бүкіл сол ұғымның мағынасын бойына жинақтап тұруы шарт. Сондықтан кез келген сөзде жалпылық мағына басым болады. Бірақ “зат пен құбылыстың танылмаған жақтары біртіндеп танылып, олардың айырмашылықтары, ерекшеліктері де айқындала бастайды. Осының нәтижесінде адам ұғымы жалпылықтан жалқылыққа қарай тарамдалып, заттарды ажырата, айыра тани бастауынан танылған заттарға бөлек-бөлек атаулар бере бастау” (110. 55), анықтайтын анықталатын қатынастағы тіркестерді, кейін күрделі-құрама атауларды өмірге әкеледі. Ол тіркестер заттар мен құбылыстарды анықтап көрсету қызметінде жүре келе, келесі танылған зат пен құбылыстың атауға ие болуына қарай жалпылануға көше бастайды. Сөйтіп, тіл үнемі ауысу, өзгеру, даму динамикасы үстінде көрінеді. Үсті-үстіне пайда болып жататын танылған заттар мен құбылыстарды тіл өзіне таңбалау үшін атау берудің түрлі тәсілдерін қарастырады. Алғашында эксплицитті ұғым ретінде құрылатын атауды тіл ықшам формаға түсіру үшін үнемдеу заңына салып, фонетикалық элизия, апакопа құбылысын “ерте жүріп” екі лексеманы морфологиялық бірігу, кірігу, сіңісу құбылысына, болмаса, синтаксистік эллипсис, болмаса лексикалық

метонимия, синекдоха құбылысына ұшыратады, яғни атауды беретін ұғымның өзара ыңғайлас екі семасын білдіретін екі лексема бірігеді де, бір мағыналық шоғыры жинақталады, не болмаса сол ұғымды беретін бір лексема қалады да, қалғаны эллипсиске ұшырайды: *орама нан – орамнан – ораман, өре ағаш – өре, дар ағаш – дар, читальный зал – читалка, брюки из вареного материала – варенка* т.б.

Сөздің атауыштық қызметіне жету мақсатында пайда болған БС-дің бұл типінің жасалуы мына сатылардан тұрады: сөйлем – сөз тіркесі – (тұрақты тіркес – атаулық немесе лексикаланған немесе шектеулі тіркес) – күрделі сөз – біріккен сөз – кіріккен сөз – сөз – сөйлем.

Бұндай жолмен біріккен атаулар – көбінде денотативтер, яғни қоршаған ортада реалиті бар, референтті атаулар. Тіпті әдебиеттерде денотативтердің сөздікте түсіндірілуінің өзіне қарсы пікірлер бой көрсетіп жатады: деректі атаулар сөздікте бірқатар дефиницияларынан айырылады, ол белгілер суретпен ауыстырылуы керек дейді, бұл пікірді жақтаушылар (117. 98).

Сонымен бірге, бұл қатар сөздің тура және нақты мағынасымен байланысты екен. Ал тура мағына дегеніміз – атауының экстралингвистикалық мәнділікпен тікелей байланысты. Ал ол байланыстың қандай екені адамның таным әрекеттері мен мүмкіндіктеріне негізделеді. Сондықтан көбінесе тұрмыс, табиғат, қоғам семантикалық аймағындағы құрама сөздердің жазылуы уәжділікке құрылады. “Явления аналогии занимают большое место в номинативной деятельности человека” (118. 87).

Бұл тұрғыда сөзжасамда сөздердің бірігу тәсілі мазмұнына формасы сай толыққанды тәсіл болмақ. Тіліміздегі жаңа қолданыстар мен атаулардың дені аталған. Негізінен, бинарлы атау сипаттаушы элементін қосарлап атауды керек қылғандықтан пайда болады (115. 85). Мұндағы сипаттаушы элемент оның дифференциалды семасы екені белгілі. Мысалы, *қолған* БС-і қолды суықтан, желден тағы басқа сыртқы әсерлерден қорғайтын “қап”, “чехол” деген мағынаны береді, яғни қаптың басқаны емес, тек қолды қорғайтын семасы өзін тілде таңбалауды талап етеді. Ал екінші компоненттің *қан* архисемасында емес, кейінгі мағынасында (чехол) көрініс беруі, яғни D_2 қатынаста тұруы атаудың бірігуіне әкеледі. Сонда БС-дің бұл қатары қашан да мазмұн межесін лексеманың бойына сыйдырып тұрады.

Сөйтіп, бұл топтағы БС-дер кейде дифференциалды семаның, кейде сол семамен сол мағыналық өрістегі жалпы атаудың тіркесімі негізінде жасалады. Мұнда сөздердің ішкі, сыртқы валенттілігі маңызды роль атқарады. Ал сөздердің тіркесімділігі денотативтік жиілікке ұласса, екі сыңарлы атаудың номинативтік бірлік болуы аяқталады.

Ал осы кезеңдерді басынан кешірген *кәрі жсілік, мойын омыртқа* сияқты атаулар неге бірге жазылу тұрпатына ие емес? Біздіңше, бұлар – D_2D_1 немесе D_1D_2 қатынасына жетпеген сөздер, яғни екі сыңар да экстралингвистикалық мәнділіктің өзін көрсетеді, екі сыңар да тура, нақта мағынасында тұр. Оған “жаймалау” тәсілін қолдану арқылы көз жеткізуге болады. Мысалы: *ортан*

жілік – “жамбас пен асықты жілікті ұштастыратын аралық жілік” (Д₁Д₁); *жер ошақ* – “қазан асу үшін жерден кеулей қазылып жасалған ошақ” (Д₁,Д₁); *бөлкенан* – “белгілі қалыпқа салып пісірілетін нан” (Д₁,Д₁). Байқап отырғанымыздай, күрделі атау соңғы сыңары жайылма ұғымның құрамында қайталаынады. Ал универб атауларды сөз тіркесіне трансформациялағанда соңғы сыңар ұғымды түсіндіруде басқа кең мағыналы сөздермен алмастырылады: *жертезек* – “батпақты жерлерде болатын отындық зат, торф”; *жертөле* – “уақытша мекендеу үшін жерден қазылып, төбесі жабылған баспана немесе ұрыс даласындағы әскерлердің уақытша баспанасы”; *жүкаяқ* – “жүк астына қоятын төрт аяқты ағаштан жасалған бұйым”; *таскөмір* – “жерден кеулей қазылып алынатын отын”; *ораманан* – “ет, картоп, пияз, сәбіз салып, орап, буға пісіретін тағам”. Мұндағы *таскөмір* сөзінің бөлек таңбаланыш жүруі – композит мағынасын *көмір* сыңары да бере алу себебінен.

Сонымен, біз Д₁Д₂, Д₂Д₁, типтерінің дені денотативтер екенін және олардың мағынасы композиттен “көрініп тұратынын” байқадық.

Эндоцентрлі БС-дің 3-тобы *егеуқұйрық, жарғанат, қараөкпе (ауру), қоскіндік (мал ауруы), қосаяқ, кырықаяқ, қылқұйрық, сасықтабан (мал ауруы), шілдекртыр (ауру), қаламұш, үрнексары, қарақаптал (мал ауруы), сартабан, тоқалтіс, тышқанқұйрық, кезқұйрық, көксары, семсерқұйрық, қосауыз, сабауқұйрық, ақиық, бізқұйрық (құс), бізтұмсық, дөңмаңдай (балық), ементұмсық, ескектұмсық (балық), көкжал, қалқантұмсық, қаракөз (балық), қарақұлақ, сарбалақ, тараққұйрық (тышқан), балтатұмсық* сияқты бүтіннің орнына бөлшек, жалпының орнына жалқы, үлкеннің орнына кіші аталатын синекдохалық қолданыстағы БС-дерден тұрады. Бұларды Д₂Д₂ қатынастағы атаулар дей отырып, эндоцентрлі БС сыңарлары мағыналарының идиомалану сипатының күшеюін аңғартамыз. Мұнда әр компоненттің экстралингвистикалық мәнділікке қатысы жанама десек те, бұлардың бір кезде гипер-гипонимдік қатынастағы (*қосауыз мылтық, сабауқұйрық тышқан, қосаяқ тышқан, бізқұйрық құс, кезқұйрық құс, шөгелтабан бүркіт, қаратамақ құс*) атаулар болып жұмсалып, дифференциалды семасының актуалдана, бүтін ұғымның мазмұнына теңесуі, сөйтіп, атаудың өзіне айналуын тіл өз ішінде басынан кешіруі (гипоним сыңардың эллилсистенуі) бұл топтың уәжін көрсетіп тұрады (Д₂Д₂). Мұндағы гипонимдер, яғни бірігіп жазылған сыңары бүтіннің бөлшегі ретінде жұмсалып, біртұтас мағынаға ие болады. Мысалы, “Ол *қосауыз* мылтықты асынып, аңға кеттің деудің орнына, “ол *қосауызды* алып аңға кеттің десе де, сол мағына беріледі. Сөйтіп, бұл БС-дер сөз тіркесінің бір сыңары бола отырып, гипероним сыңарының барын керексінбейді де, яғни тіркестің бүкіл мағынасын бойына “сіңіріп”, сыңар дербес бой көрсетеді. ҚТОС-інде (1988) өсімдік (*биебау, бозбұға, биеқарын*), құс (*ақиық, аққұйрық*), балық (*ақмарқа, аққис, көксерке*)

атаулары - гипероним сыңарларын жасырып тұрған БС-дер. Олардың есімдік, балық, құс, көде екендері реестр жанында жақшада берілген, яғни бүтіннен шыққан бөлшек қайтадан бүтінге айналады.

Мысалы, *ақиық* атауы – “түсі қара қоңыр, басы мен желкесі сарғыш, топшасы (“иығы”) ақ, сұрғылт, құйрығының үстінде көлденең қара жолағы бар бүркіт тұқымдасына жататын жыртқыш құс” (ҚТТС, I т. 141-б.) денотатын белгілейді. *Атаулы ақиықтардың қиян тұрағы да Алатау мен Қаратау зой* (Ә.Кекілбаев, Екі бүркіт.). Мұнда бірнеше семаның ішінен айрықша бір дифференциалаушы сема - құстың қара қоңыр, басының сарғыш, құйрығының қара жолақты белгілері емес, топшасының ақ түстілігі – таңдалып алынып, тіркес құрамында қайталана, бұл гипоним сыңарының эллипсистенуі номинация процесін аяқтайды. Және белгінің заттық мәнділікті жанама атауы (құстың топшасын иық деп алу), тіркестің D_1 D_2 қатынаста тұруы, оларды универбтейді. Мұнда композит сыңарлары экстралингвистикалық мәнділіктен алшақтай қоймайды.

Тілде, сонымен қатар, *ақсақал, арамтамақ, қандағаш, айырқұйрық, аюқұлақ* сияқты композит мағынасы сыңарларының мағынасынан тумайтын БС-дер бар. Біз оларды жалпы тіл біліміндегі таптастыруға сай **экзоцентрлі БС-дер** деп алдық. Және оларды іштей **мынадай топтарға бөлдік.**

1-топ мағына ауысуының метонимиялық түрінен келіп шығады. Тілдік метонимияда бір сөздің дифференциалды семасы келесі сөздің негізгі семантикалық компоненті болып қаланады. Әдебиеттерде метонимия белгілі заттар мен құбылыстардың сыртқы және ішкі мән-мағынасының реалды байланыстылығына қарай алмастыру амалы деп сипатталады. Осы негізде *қарғатұяқ, атқұлақ, ботақұлақ, мысыққұйрық, бұзаубас, кемпірауыз, атқұлақ, аютабан, биеемшек, биеқарын (өс.), ботакөз, ботатабан, ботақұлақ, бөріаяқ, бөрікөз, бөріқұлақ, ешкіқұйрық, итқұйрық, итқұлақ, итмұрын, қазтабан, қазтамақ, қазтаңдай, қозыбалақ, қоянқұлақ, үйректұмсық, ескектұмсық, жаманқұлақ (өс.), жылантіл, итемшек, кәріқыз, күйсандық, күйтабақ, қазаниұңқыр, сусуыр, шілдеқоңыз, қасқыртаңдай (ауру), қошқармүйіз (ою), кужауырын (ауру), куқұмалақ (ауру), кутұяқ, текесақал, түйетауық, екіқабат, желжалақ, кемпірқосақ, қозыбалақ, желтоқым, шикізат, қоянқұйрық, тауықкөз, тоқтыбалақ,* сияқты БС-дерді D_2K_1 K_1D_2 қатынастағы атаулар дейміз. Мұнда қоршаған ортадағы реалды құбылыс (*мысытың құйрығы, аттың құлағы, қарғаның тұяғы*) танылған денотаттарға ұқсастығына, ыңғайластығына қарай атаулық таңба болып танылады. Сөйтіп, алмасу дифференциалды семадан атауға қарай жүреді, бөлшектің бүтінге айналу процесі толық көрініс табады.

Мысалы, *бұзаубас* жануартануда екі денотаттың атауы болып жұмсалады екен. Біріншісі – “үлкендігі 5-6 см-дей, басы жалпақ алдыңғы аяқтарымен жер қазатын, түсі сары қоңыр жәндік” болса, екіншісі – “теңіздерде, ащы суларда тіршілік ететін, дене тұрқы 50 см-ден аспайтын, басы жалпақ балық” (ҚТТС, 2-т, 485-6.). Қашан да қоршаған ортадағы танылған заттар мен құбылыстарды төрт түлікке, олардың төлдеріне, дене мүшелеріне, қорегіне байланыстыра қарайтын қазақ халқы, бұл жерде, жаңа туған бұзаудың дене тұрқына қарағанда басының үлкендігі ерекшелігін жәндік пен балық белгілерінің біріне сәйкестендіріп, әр белгінің өзара ұқсастығын сиыр төлінің атауына қатыстырып атаған, яғни ұғымда бар заттың архисемасы келесі заттың дифференциалаушы семасына айналып, әрі ол актуалдана атаулық дәрежеге көшеді. Екі лексемадан тұратын дифференциалды сема референттер арасында алмаса отырып, бүтін таңба тұрпатын қабылдауды керек етеді. Мұнда антропоцентризм бағыты көрінеді. Сонымен қатар, *бұзаутиіс қамшы*, *бұзаутиіс тиіс* мысалдарын қарастыруға болады. Бұл екеуі де – БС сыңарлы бинарлы атау. *Бұзаутиіс* қамшы - жалпақ таспадан 8-12-16 өрім етіп өрілген қамшы болса, *бұзаутиіс тиіс* – инемен әсемдеп тігудің бір түрі. Алғашқы сыңардың БС нәтижесіне жетуі әсемдікті, біркелкілікті білдіру мақсатында, анологиялық құбылысты бір дифференциалаушы белгісі негізінде салғастыра қарап, сол семаның атаулық сипатта бірігіп жұмсалуды қажет етуден шығады. Алайда *бұзаутиіс* гипероним сыңары *бұзаутиіс қамшы*, *бұзаутиіс тиіс* гипер-гипонимдік атаудың мағынасын толық беру мүмкіндігіне жеткен жоқ. Ал кішірек ақшыл қызғылт гүлді, сопақша жапырақты, тырбыып өсетін дәрілік шөпті *аюқұлақ*, тұмсығы қызыл, пішіні балта тәрізді, шекесі ақ айдарлы, қоңыр құсты *балтатұмсық* деп атау ұғымда бар затқа ұқсату негізінде жасалғаны тілді қолданушыға түсінікті. Сондықтан метонимия тәсілімен жасалған БС- дердің бұл тобы экстралингвистикалық мәнділікпен D_2K_1 , K_1, D_2 қатынаста тұрғанын көрсетеміз.

2-топ номинацияның екінші дәрежелі атау сипатынан шығады, ол – тілдерде троптар (метафора, метонимия), аффиксация және синтаксистік құрылымдар арқылы жүзеге асырылады (97. 243). Диалектика заңы бойынша ортадағы пайда болуы бар зат қозғалыста, өсу, кему, өзгеру, ауысу үстінде болады. Сондықтан орыс лингвисті Ю.С.Степанов атауды түсіндіретін үштік қатынастың дамуында сөздің варианты болып синоним (112. 14), мағынаның варианты термин, ал зат немесе денотаттың варианты метафора болады дейді (112. 15). Ал метафораның тілде таңбасы қалады. Сөйтіп, тілдік метафора арнайы сөз болуды қажет етеді. Тілдік метафора зат пен құбылысқа берілген атау өзінің негізін бастау тегінен (референтінен) үзбесе ғана пайда болады. “В функции номинации метафорический перенос включается в том, что отождествление с человеком становится основой для всех дальнейших

классификаций, и в далеко опосредованном виде этот признак доходит до таких классификаций как грамматические роды и суффиксальные классы имен и глаголов в индоевропейских языках” (112. 23).

Сонымен, ұғымдық, мағыналық абстракциялардың негізінде метафора жатады. Ал олардың тілдегі қызметі затқа, құбылысқа, адамға сипаттама беруден басталса, нәтижесі сол құбылыс, я заттың атын атаумен аяқталады (119. 254).

Міне, осыдан келіп метафораның тілдік табиғатын, атауыштық қызметін зерттеу басталады. Сөйтіп, метафора атауыш сөздер қорын толтыратын кейінгі атау (вторичная номинация) болып қалыптасады. Мұның өзі мағына өзгеруінің логикалық түріне жатады (113. 251). “Основанием номинации в грамматике служит сравнение внешнего мира с человеком, отождествление одних предметов с человеком и отрицание этого тождества за другими предметами. Мы видим, что в основе классифицирующей абстракции лежит метафора – уподобление предметов человеку, который в этом случае выступает не как “отдельная”, а как представитель человеческого рода — актишкш, действующее в мире и преобразующее мир существо” (ПЯ 130). Метафора пайда болғанда сөздің архисемасы көмескіленеді немесе ауыстырылады да, керісінше дифференциалды сема доминанттық сипат алып, ол жаңа атауға негіз болады. “Метафорический перенос может быть интерпретирован как симметричное отношение двух наименований с заменой архисем” (120. 85).

Қазақ тіліндегі мағынасы дерексіз термин, атауын сөздердің біріккен түрі, негізінен, метафора арқылы жасалған. Бұл қатар *ақсақал, ақсүйек, бойкүйез, бақталас, төлтума, қолтаңба, дүниеқоңыз, аққөңіл* сияқты атаулардан тұрады. Олардың алғашқы көрінісі фразеологизмдерден бастау алады. Сөйтіп, айналада пайда болып жатқан заттар мен құбылыстар тілдік таңбаны тек сөз тұлғасында емес, сипаттама-бағалауыштық қызметтегі фразалық тіркестер тұлғасында да алады. Фразеологизмдер тілге бұл қызметінде келгенімен, олардың негізгі категориалды мағынасы атауыштық болады. Алғашында олардың бағалауыштық – модальдық мағынасы басымдық танытады да, атауыштық мағынасы көзге көрінбейді (121. 58). Және олардың лексикалық құрамы да тұрақсызданып, кейін уақыт өте семантикалық-құрылымдық өзгешеліктерге ұшырай, тұрақты формаға көше бастауына байланысты енді олардың (фразеологизмдердің) атауыштық қабілеті көріне бастайды. Сөйтіп, фразеологизмдердің ономаσιологиялық жағы арнайы сөз болуды керек етеді (115. 9). “Ономаσιологический подход выдвигает перед фразеологии задачи глубокого и тщательного изучения номинативной специфики (фразеологических единиц всех разновидностей, установления роли и места фразеологических единиц каждого типа в иерархии лингвистических знаков” (122. 13). Фразеологическая номинация связана со стремлением человека обозначать объекты и отношение к ним при по-

мнит выразительных языковых средств, расширяющих возможности коммуникации путем заполнения лексических лакун” (115. 78.).

Сөйтiп, сөз мағынасын ауыс қолдану нәтижесiнде адам түйсiгiне эсер ететiн көркемдеуiштiк, бейнелеуiштiк қызметтегi фразеологизмдер тiл дамуында сигнификативтiк жиiлiкке (сигнификативная частотность) түсiп, лексикалық құрамының тұрақтылығына ғана ие болып қоймай, сонымен бiрге, бiр қатарлары сын есiм – зат есiм типiндегi стандарт формасын қабылдай бастайды (115. 16). Тiлдегi фразеологизмдердiң бағалауыштық, атауыштық-бағалауыштық, атауыштық деп бөлiнуi де сондықтан. Бұл рет бiр жағынан тiл тұлғаларының бүтiндiкке, фразеологизмдердiң сөз формасын қабылдауға ұмтылу сатыларын көрсетедi. Әрине, бұл сатыда тiлдiк құрылымдардың өту процесi әр тектi, әр сипатты, әр қилы болуы мүмкiн. “План выражения развивается медленнее, чем план содержания, он нередко отражает предпонятийное содержания, хотя в сознании носителей языка, возможно, уже вырисовывается целостный концептуальный образ. А усиление концептуальной природы означаемого выражается в образовании из сочетания либо сложных слов, либо аффиксальных построений (115. 85-86).

Сонымен, атауыштық сөз сипатына жеткен фразеологизмдер сөзжасам процесiне араласып, сөз түрлендiру жұрнақтарымен түрленiп, көптелiп, септелiп, жiктелу мүмкiндiктерiне ие болады. Қоршаған органы тұтас тiлдiк таңбалар арқылы тану ой тұтастығын, сананың абстрактенуiн көрсетедi. Бұл ойымызға дәйек ету үшiн проф. М.М.Копыленконың мына сөзiн келтiруiмiз жөн: “мы полагаем, что можно определить меру целостности понятия по мере целостности языковой формы, по ее нерасчлененности/расчлененности, семантической полноценности/неполноценности компонентов. Чем цельнее языковая форма, тем цельнее “понятийное”, выражаемый ею смысловой образ, чем больше компонентов в плане выражения, тем менее целостный, менее “понятийный” смысловой образ они выражают” (115. 79.).

Бiз тiлдегi атауыштық фразеологизмдердi олардың бағалауыштық, бейнелеуiштiк сынды негiзгi қызметiне көбiрек назар аударып, бөлек таңбалауды ұсынып келдiк. Алайда тiлдiк фактiлер, емле сөздiктерi бұл қағиданы бiрiздi ұстана алмады. ҚТОС-iнiң соңғы басылымында бiрқатар фразеологизмдер бiрiктiрiлiп берiлген. Олардың iшiнде терминдiк мән алғандары да (*сөзбұйдалық, алауыздық*), атаулық қызметте тұрғандары да бар. Фразеологизмдердiң сөз баламасы ретiнде емес, алғашқы атау болып қалыптасатын сипатын тiлдiк фактiлердiң өзi де растайды (123. 234).

Кейiнгi кезде *ер қаишты болу, етек басты болу, ат салысты (124), арамтамақ, алабөтен, күн көру, жан ашу, бой ұру, тiс қаққан, бел шешу* сияқты тұрақты тiркестердi бiрiктiрудi ұсынған пiкiрлер де бар, ал мерзiмдi баспасөзде бұл кұбылыс жаппай дағдыға айналған. “Фразосочетания – важное средство формирования новых понятий, предшествующее созданию одноклассных средств их выражения! (115. 82). “Фразеологиялық бiрлiктер кейде

көркемдеуіштік, бағалауыштық белгілерінен айырылып, күрделі сөзге айналып жатады (*саршұнақ, сартоқаш*)” (125. 29).

Сөйтіп, бөлек тұлғалану үрдісіндегі фразеологизмдердің бүтіндікке жетуіне, сөздің эквиваленті емес, синоним сыңары болуына нендей факторлар әсер етті? Бұл сұраққа жауап іздеу мақсатында **компоненттік талдау** мен **компоненттік қорыту** (синтез) әдісін қолданамыз.

Компоненттік талдау әдісінің пайда болуы, семантика мәселесіне деген қызығушылық ғылыми ойлаудың жалпы дамуымен тікелей байланысты. Компоненттік талдау зерттеу әдісі ретінде алғаш 60-жылдары пайда болып (126), бұл саладан көптеген еңбектердің жарық көруіне мүмкіндік туды (127).

Кейде компоненттік талдауды тіл біліміндегі субъективизмнің басы дейтін көзқарас та көрініп қалады (128. 96). '

Ал оның әдістемесі Г.С.Кузнецов, Э.В.Кузнецова, В.Г.Гак, Д.Н.Шмелев, О.С.Ахманова мен Л.Н.Васильев, Н. А. Стернин монографияларында жан-жақты көрсетіледі. " Компонентный анализ – это сугубо научная процедура, насчитанная в конечном итоге на полное представление семантики слова, которое осуществляется через семантические признаки, отграничивающие данное значения данного слова от всех сходных значений в лексико-семантической системе языка” (117. 110).

Сонымен, **компоненттік талдау лексеманың ұғымдық сатысына дендеп, оның бойынадағы семалардың атауға катысын, семалардың жиынтық мағынасын айқындау** екен. Сондықтан ол семдік талдау деп те аталады. “Семдік талдау – сөздің ары қарай бөлшектеуге келмейтін ең кішкентай бөлшегі – семаларды – қарастыратын семантикалық зерттеудің айрықша бір түрі” (129. 158).

Сема мазмұн межесінің ең кішкентай бөлшегі болса, бірнеше сема семеманы құрайды. Басқаша айтқанда, “семема – сөздің элементар мағынасы” (97. 437). Ғылыми әдебиеттерде семалардың бірнеше түрі көрсетіледі: 1) архисема кейде бұл категориалды-лексикалық сема деп аталады (130. 34). Оның себебі – архисема мағынаны берудегі ең маңызды сема болып табылады. Ол – лексемаларды белгілі бір топтарға жіктей алады және ол топтарды бір- бірінен ажырата алады. Бір топтағы лексемалар осы архисема арқылы өзара байланысып жатады, яғни архисема семалардың басын құрап тұратын жалпы сема болып табылады. Мысалы, *қайнаға* атауының архисемасы – некелік туысқан; 2) дифференциалды сема ұғымның барлық айырма белгілерін көрсетіп, жүйедегі орнын белгілейді. “Каждый дифференциальный признак мыслится бинарным, состоящим из утверждения и отрицания” (112. 42); 3) интегралды сема – семемаға іштей толықтырулар жасайтын, ұғымды беруді “аяқтайтын” сема. Сондықтан дифференциалды семалардың жиынтығы құрылым жасаса, дифференциалды семалар мен интегралды семалардың жиынтығы жүйені құрайды.

Және потенциалды, контекстік семалар бар. Бұлар – тілдің “алыс” және “жақын” мағыналарына қатысты. “Лингвистикалық зерттеуде сөздің жақын мағынасын ғана негізге алу семантикалық талдаудың өрісін тарылтады” (131. 51).

Ал тіл семантикасын ашуда тілдік емес ұғымдарды зерделеп қарап, әрі тілдік пен тілдік емес факторларды ажыратып алудың мәні зор (117. 62). Компоненттік талдау жасауда, сонымен қатар, семантикалық өріс ұғымы да қолданылады. Семантикалық өріс сол топқа енетін лексикалық бірліктердің барлығына ортақ қандай да бір семантикалық белгінің болуына негізделеді. Кейде ол – лексика- семантикалық парадигмдер деп те аталады (117. 15). Сондай-ақ, сөздің ішкі формасы ұғымы да компоненттік талдау жасауға қатысады. Сөздің ішкі формасы дегеніміз – сөз құрамындағы морфемалардың семантикалық және құрылымдық байланысын басқа сөздің бойындағы қасиеттер арқылы уәждеу (132. 66).

Ал **номинация** -1) шындықтың белгілі бір фрагментін атауға және белгілеуге қабілетті тілдік бірліктердің құралу процесі, 2) осы процестің нәтижесі (132. 243) ретінде ұғынылуы тиіс. **Ономасиология** - 1) номинация теориясы, номинативті функцияны жүзеге асыру тұрғысынан тілдің барлық бірліктерін зерттейтін ғылым; 2) тілдің лексикалық құралдары арқылы заттарды белгілеудің және ұғымдарды білдірудің принциптері мен заңдылықтарын зерттейтін семантиканың бір саласы (132. 255); **негіз** –сөздің өзектік бөлігі, ол сөздің лексикалық мағынасымен байланысты, сөздің сөз түрлендіру морфемаларын алып тастағандағы қалған бөлігі; морфемдік күрделілігін айқындау үшін сөздің құрылымын талдауға қажетті мағыналық деңгей бірлігі (132. 258); **компози́та** – бірігу, құрастыру; **контаминация** – ассоциациялық, құрылымдық немесе функциялық қатарда өзара жанасқан, тілдік бірліктердің ықпалдасу нәтижесінде олардың семантикалық немесе формалдық өзгерістерге түсуі және тілдік бірліктердің жасалуы (132 189), будандасу; **лексикалану** – тіл элементінің (морфеманың, сөз формасының) немесе элементтер тіркесінің (сөз тіркесінің) жеке атауыш сөзге, не соған ұқсас басқа бір сөз бірлігіне айналып кетуі ұғымында жұмсалады.

Сонымен, семдік талдау біздің қарастыруымызда мына сатылардан тұрады: 1) құрама сөздің алғашқы компонентінің семаларын анықтау; 2) соңғы компоненттің семаларын анықтау; 3) ортақ семаны немесе семаларды белгілеу; 4) БС-дің жалпы мағынасын көрсету; 5) ортақ семаның жалпы мағынаға қатысын белгілеу.

“Егер толық мағыналы екі сөз бір тіркесімділікте жиі қайталанып және осы жұбымен әр түрлі морфологиялық түрленімдерге түссе, онда екі сөздің лексикалық мағынасының жүйесінде өзара байланысатын кем дегенде ортақ бір семантикалық компоненттің болғаны” деген бұл бағытта орыс лингвисті Г.С.Кузнецов. Және компоненттік талдаудың сипатын былай көрсетеді: “В

компонентном анализе действует модель вычленения и отбора единиц, то на II стадии в действие вступает модель синтаксических связей таких отношений, которая соединяет отдельные абстракции в единое целое, доводя этот процесс до полного их слияния и устраняя т.о. структурную расчлененность языкового содержания и внеположность компонентов по отношению друг к другу” (117. 64.).

Мысалы, *ақсақал* сөзі “бұрынғы кездегі қазақ ауылының ру басы, билік иесі, жасы үлкен құрметті ер адам” мағынасында жұмсалатын тұрақты тіркес негізінде біріккен тұлға болып табылады.

Ақ сөзі “қар, сүт тәрізді нәрсенің түріндей, қараға қарама-қарсы түс” мағынасын береді. Мұндағы “түс” лексеманың архисемасы болса, “қар, сүт тәрізді нәрсенің түріндей” дифференциалды семасы болып табылады да, “қараға қарама-қарсы түс” интегралды семасы болып саналады. Универбтің екінші сыңары *сақал* сөзінде “түк” архисеманы, “иекке шығатын түк” дифференциалды семаны, ал “ер адам” семалары интегралды семаны құрайды. Сөйтіп, бұл аталған семалар лексеманың денотатив семаларын құрайды, яғни сөздің тура мағынасын білдіреді. Мағына қашан да даму үстінде болатыны белгілі. *Ақ* сөзінің де, *сақал* сөзінің де денотат мағыналарымен қатар коннотат мағыналары бар. Мысалы, *ақ* сөзі “асыл, таза, әділ” және “жасы ұлғайған кезде сақал, мұртқа енген ақ тал” деген ауыспалы мағыналарында жиі қолданылады. Ал *сақал* сөзі “егде тартқан, көпті көрген ер адам” мағынасында бірнеше тұрақты тіркес құрастыруға негіз болған. Мысалы: *сақалды басымен, сақалын бұлдады, сақалы сапсығаниа, сақал шықты, сақалын сыйлады, аппақ сақалымен*. Сонда *ақ* және *сақал* сөздерінде “егде тартқан ер адам”, “түк” деген ортақ коннотат семалардың болуы біреуінің жұтылуы, сөйтіп, семалардың будандасуы қатар қолданылатын екі лексеманың мазмұн өресінде универбтенуіне, жеткізу өресінде босаралықсыз таңбалануына әкеледі (1-кесте).

1-кесте

Ақсақал сөзіне семдік талдау

І лексема	денотатив семема Д ₁	конотатив семема К ₁	денотатив семема Д ₁	II лексема
ақ	[қар] [сүт] тәрізді [нәрсе]нің [түр]індей [түс]	[асыл] [таза] [егде] [тарт]қан [адам]ның [шаш]ына [сақал]ына [мұрт]ына [ен]етін [тал]	[егде] [тарт]қан [ер] [адам]ның [иег]іне [шығ]атын [түк]	сақал

Сөйтіп, *ақсақал* сөзі сөзжасам процесіне араласып, *ақсақалдай* – “көпті көрген қарт адамдай”; *ақсақалды* – “жасы үлкен қарты бар”; *ақсақалдық*, – “көпті көрген, көп жасаған адамға лайық үлкендік немесе ескі рушылдық, феодалдық” мағынасындағы сөзформаларын жасайды.

Болмаса, *бойкүйез* сөзін алайық. Бұл атау – “мойны жар бермейтін енжар, селқос, еріншек, жалқау” мағынасын беретін фразеологиялық қолданыстан біріккен сөз. Оның *бойкүйездік*, *бойкүйезден*, *бойкүйездену*, *бойкүйездеу* туынды қатары бар. Мұндағы *бой* сөзінің архисемасы – “дене тұрқы”, ал дифференциалды семасы – “адамның төбесі мен табаны аралығын қамтитын дене тұрқы”; ол *күйез* сөзінің “бұлшық ет тканьдарының қабынуынан болатын, мойынды бұрғызбай денені ауыртатын ауру” семасымен бір нүктеде қиысуына орай, сыңарлардың бірігу процесі жүргенін көреміз. Сөйтіп, “адамның мойнын бұрғызбай ауыртатын ауру” (*күйез*) *бой* сыңарымен бірігіп, адамның абстракті мәндегі қасиетін атауға жұмсалады (2-кесте).

“Құдаласқан адамның калың малдан бұрын беретін ырымы” *қарғыбау* біріккен универбімен аталады. Мысалы: *Қоқыш, Сәрсен, Жарасбай болып ақылдасып, Бәйтен ауылына қарғыбау мен қалыңмалды бірге қосып қарбытып бір-ақ беріп жіберген* (Әуезов. М. Қараш-қараш.). Мұндағы *қарғы* сыңарының архисемасы – “бау”, дифференциалды семасы – “иттің мойнына тағатын қайыс”. Ал бір семантикалық өрістегі *бау* сөзінің архисемасы – “жіп”, дифференциалды семасы “киімнің, үй мүлкінің, заттардың ұшына байланатын жіп” болып табылады. *Қарғы* сөзінің денотат мағыналары дами келе, “бұғау, құрсау, байлау” коннотат мағына- ларында көріне бастайды. Сонда “байлау” деген бір коннотат сема *бау* сөзінің дәл осындай семасымен жұтылып, тіркес универбтенеді.

Сөйтіп, ортақ бір коннотатив семаның болуы қатар айтылған лексемалардың дербестігін әлсірететінін байқаймыз (2-кесте). Сол сияқты, *қолтаңба* сигнификативі де «экстралингвистикалық мәнділікпен K_1, K_1 қатынаста тұрған БС болады. Мұндағы *қол* сөзі адамның “дене мүшесі” – архисемасынан, “ұстайтын, көтеретін, жазатын саусағы, алақаны бар дене мүшесі” деген дифференциалды семаларынан “адам, жазу, жұмыс күші” ауыспалы мағыналарында көрініс береді. Ол “ен, дақ, белгі, мер” деген архисемасы мағыналық дамуға түсіп “адамның жазуы” деген ауыс мағынасы бар таңба атауымен тіркескен. “В более широком контексте любая из отмеченных сем может акции пироваться, выйти на первый план, включиться в рему высказывания, тогда как другие семы, отражающие уже известные или безразличные для говорящих аспекты кипения, теряют коммуникативную значимость, отходят на второй план и могут совсем исчезнуть из семантической структуры слова” (42. 162). Сонда бір семантикалық өрістегі екі атаудың қосарлануы ортақ семаларының буындасуына, сөйтіп, олардың ортақ мағыналық шоғырға жинақталуына

әкеледі, “автордың өз туындысына жазған жазуы, қалдырған қолы” мағынасындағы *қолтаңба* атауын жасайды (2-кесте).

2-кесте

**Бойкүйез, қолтаңба, қарғыбау сөздеріне
семдік талдау**

I лексема	денотатив семема Д ₁	конотатив семема К ₁	денотатив семема Д ₁	II лексема
<i>Бой</i>	[адамның] [төбе]сі мен [табан]ына дейінгі аралықты қамтитын [дене] [тұрқы]	тұла бой	[бұлшық [ет] [ткань]дерінің [қабынуы]нан болатын [мойын]ды [бұрғызба]й тұла бой денені [ауыртатын] [ауру]	<i>күйез</i>
<i>Қарғы</i>	[ит] тің [мойны]на [тағ]атын [қайыс] [бау]	[бұғау] [байла]у [кұрса]у	[киім]нің [үй] [мүлкі]нің [зат]тардың [ұшы]на [байла]у [үшін] [тағылатын] [ызба] [жіп]	<i>бау</i>
<i>Қол</i>	[адам]ның [ұста]йтын [шаруа] [істе]йтін [жаз]атын [он] [саусағ]ы [екі] [алақан]ы [бар] [дене]	[адам] [жазу] [жұмыс] [күші]	[дақ] [ен] [белгі] [мөр]	<i>таңба</i>

	[мүше]сі			
--	----------	--	--	--

Сонымен, экзоцентрлі БС-дердің бұл тобын K_1K_1 қатынасында көрсетуге болады.

Экзоцентрлі БС-дердің 3-тобына *аққұс, ақлақ, ақжүрек, ақбикеши, далантопшы, күлдәрі* (үлбіреген жібек мата), *итсабын (өс), итсандық, (өс.), иттүйнек, келтешаиш (өс), кереңқұлақ (өс.), кермексабын; көрсары, қазтаңдай, қарақұс (шүйде сүйек), қоянаяқ, қызылбояу, найзақара, елтірі, саңырауқұлақ, соқырішек, соқыртеке, сүтемшек, томарбояу, томардәрі, бірқазан, шолтанишаиш (әс.), жезайыр (қару), жержастық, (өс.), көкжаулық (өс), көктеке (құс), дарқоңыр, жаңақызыл, жасбуын, жаубүйрек, кірпікшешен, соражөке, тауықсоқыр (ауру), тау-құдірет (құс)* сияқты қатынастағы БС-дер жатады. Мұнда *аққұстың* “тары илейтін тас”, *ақлақтың* “ақ ірімшіктен жасалған ыстық тағам”, *ақбикешитің* “ақталған тары”, *ақжүректің* “емдік қасиеті бар шөп” экстралингвистикалық мәнділіктеріне қандай қатысы бар екені белгісіз. Бірақ дербес мағыналы екі сөздің бірігуі бір денотатқа атау болады.

Сонда, байқап отырғанымыздай, бірге жазылатын сөздер $D_2D_1 D_2D_1$ қатынасынан бастап, K_2K_2 қатынасына дейінгі аралықтағы құрама сөздерді қамтиды екен.

Сонымен, қазақ тіліндегі БС-дердің семантикалық белгілеріне БС сыңарларының экстралингвистикалық мәнділікпен жанама байланысы; екі сыңардың бір семантикалық өрісте жатуы, ортақ семаларының болуы, сөйтіп, ортақ мағынаның пайда болуы, оның атауыштық, терминдік мәнінің артуы; бір сыңардың мағына жалпылануы; бір сыңардың дербес мағынасынан айырылуы, бөлшектің бүгін орнына жұмсалуды т.б. жатады.

Бұл қатардағы БС-дердің орфографиялық сөздіктерде кодификациялануына байланысты мынаны айтуға болады. Егер ҚТОС-інің алғашқы басылымында негізінен сыңарлары экстралингвистикалық мәнділікпен КЖ, қатынастағы сөздер біріктіріліп берілген болса, 1978 жылғы шығарылымында D_2K_1 қатынастағы сөздер біріктіріле бастады. Ал 1988 жылы шыққан сөздіктің соңғы басылымында D_1D_2 қатынастағы құрама сөздер бірге таңбалану тұрпатына ие болады да, бүгінде қайта құрастырылу үстіндегі сөздіктің жаңа басылымында қатынастағы лексикалық бірліктер біріктіріліп, реестрге шығарылатын болады.

БС-ге қатысты проблема бұнымен шешілмейтіні белгілі. Осыған орай мынадай мәселелер мен сұраулар өз зерттеу кезегін күтетінін айтамыз. Бір ұғымды білдіретін екі негіздің грамматикалық тұлғалармен

тұтас түрленуі бірге тұлғалаудың өлшемі бола ала ма? Түсіндірме сөздіктердің қазіргі жағдайында семдік талдаудың дұрыс нәтижеге жеткізуі мүмкін бе? БС сыңарларының кірігу құбылысына түсуі шарт па? Дыбыс, дауыс үндестігіне, орфоэпиялық заңдылыққа ыңғайлап жазу үрдісі дұрыс па? Буын санының шектеулігі сөздер бірігуінің алғышарты ма? Бір екпінге ие болу БС-дің белгісі бола ала ма?

2.4. Біріккен сөз және бірге тұлғалаудың фонетикалық белгілері

БС-дердің дыбыстық өзгерістерге ұшырауы – тілде бар құбылыс. Б.Сағындықұлы “сыңар мағынасының іштей көмескіленуі ол сөздердің дыбыстық өзгерістерге ұшырауының басты себебі сияқты” (133. 70) дейді. “Расында да, дыбысында өзгеріс бар сөз тіркестерінің кіріккен сөз болуы шарт” (7), яғни уәжін жоғалтқан түбір, не туынды түбір формасына түсуге, сөзайналымның келесі процесіне өтуге негіз бар. Үнемделу құбылысы бойынша ұғым мағынасын беруге араласпай, не артықтық ететін сөз тіркестері эллипсистеніп, сөз метонимия, синекдоха тәсіліне көшіп, буын элизияға ұшырап, дыбыс редукцияланады. БС-дің сөз тіркестерінен пайда болған типтерінен осы сатыларды көруге болады. БС сыңарларындағы буындардың түсіп қалуын ертедегі кіріккен сөздерден байқаймыз: *алып кет – әкет, кесел апат – кесапат, бұл күн – бүгін, білек жүзік – білезік т.б.*

Екпінге негізделген тілдерде дыбыстар мен буындардың түсіп қалуы сөздің әлсіз позицияларында болады да, екі- үш сөзден тұратын тіркес бірігеді (134. 222). Ал екпін түспеген әлсіз позиция болуы сөздің лексикалық мағынасының әлсіреуіне байланысты екенін неміс тіліндегі аффиксоидтар көрсетіп отыр.

Қазақ тілінде ритмикалық екпіннің мағына беруде үлкен роль атқаратынын айтқан проф. Ә.Жүнісбек КС-дерде белгілі бір буынның ерекшеленуі мағына ажыратуда маңызды мәнге ие бола алмайды дейді (65. 67). Ғалымның көрсетуінше, *мал қора* тіркесінде алғашқы сыңардағы [a] дауыстысына түскен екпін, екінші сыңардағы [a] дауыстысына түскен екпінге қарағанда 40% көп екен. Бұдан КС-дерде мағыналық жүкті алғашқы сыңар көтеріп тұратынын байқауға болады. Ал бүгінгі тіліміздегі *лақ* сөзі түбір бере алмаған мағынаны өз бойына көшірген бір кездегі жұрнақ : *лақ, > ылақ, > ұлақ > олақ > оғлақ > оғылақ > оғулақ, > оғуллақ*, (31. 17). Сонда алғашқы сыңардың мағына көмескіленуі немесе әлсіреуі, оған ритмикалық екпіннің түспеуі эллипсиске әкелген. Ауызша тілде дыбыстық алмасу, редукция, буынның жылысуы – “буын кему сөз бен сөздің, буын мен буынның арасында жиі” (135. 191).

Тілдегі фонетикалық құбылыстардың ұшы-қиыры жоғы рас. Ал олардың жазуда таңбалануы сөздерді фонемалық негізгі реңкі бойынша жазуға, яғни фонематикалық принципке негізделеді (5. 9). Сонымен қатар, тілдік бірліктердің морфологиялық тұрпатынан келіп шығады. Қазақ тілінің морфонологиялық құбылыстарын зерттеген А.Айғабылов: “морфонологиялық құбылыстар артикуляциялық шекке, мүмкіндікке негізделмеген, тек сөйлеу дағдысында туындаған өзгерістердің бірте-бірте тілдік дәстүрге айналуынан барып қалыптасатын өзгерістер” дей отырып, “басты мәселе мағынада, егер алғашқы сөздің соңғы дауыстысы бірден-бір мағынаға тірек болып тұрған дыбыс болса, ол дауыстының түсуі мүмкін емес” деп тұжырымдайды (136. 4,25).

Бұл пікірден қазақ тіліндегі БС-дердің дыбыстық өзгерістеріндегі басты принцип айқындалып отыр. Ол – БС-дер бойындағы дыбыстық өзгерістердің мағынаға негізделуі. Зерттеу барысында қазіргі қазақ тіліндегі БС-дердің мынадай дыбыстық ауытқулары жазуда таңбаланатынын аңғардық. 1. Мағынасы көмескіленген соңғы сыңардың алдыңғы позициясындағы қатаң **қ** дыбысының **ғ**-ға ұяндауы: *алагөбе, алагеуім, алагүлік, көгал* (мұндағы *ал* морфемасы алсын "шабылған шөптің орнына қайта шыққан көк" дегенмен этимологиялық байланыстағы сөз болуы ықтимал) (27. 29)), *көгорай, қырғүйек, жегжат, кішігірім, саргідір, байғазы, жарғанат, байғұтан, бозғонақ, сайгүлік, саргүйек, азғана, алағаншық, анағұрлым, неғұрлым, қарағұс, қолғабыс, қолғанат, жедеғабыл* т.б. соңғы сыңардың грамматикалануы себепті қатаңның ұяндауы: *бүгін, күздігүні, жаздыгүні, теугүні, алдыңгүні, түнеугүні, қолғап* т.б. 2. Морфемалар жігіндегі **ы,і** дауыстыларының жұтылуы: *мойнақ, өлара, өлтірі, сарауру, сарбалақ, сарбауыр, сарбөртпе, сарбуын, саршұнақ, сарбұға, сарқұлақ, сарсолма, сартабан, сартаңдақ, сарттұқыш, сартап, сарүйек, сарсу, бөрауыз, бөраяқ, келсап, алтатар* т.б. Бұл құбылысқа бірнеше факторлар әсер етеді. Олар: а) “қысаң дауыстының сонормен іргелес келгендегі “жұтылу” құбылысы” (27. 30); ә) дауысты дыбыстың қатар келген екі ашық буында кездесуі (136. 114); б) редукцияланатын дауыстының екі жағындағы дыбыстың өзара тіркесе алуы (136. 118); в) үнділердің басқа дыбыстармен тіркесу қабілетінің күштілігі (136. 118); г) дауысты дыбыс редукциясының мағынаға нұқсан келтірмейтіндігі (136. 123); д) сыңар мағынасының көмескіленуі, ауысуы. Мысалы, ҚТОС-інің соңғы басылымы *сарымай, сарыгүл, сарысазан, сарытікен* сөздерін **ы** дыбысымен таңбалайды, яғни мұнда БС сыңарларының лексикалық мағынасынан айырылмауы **ы** дыбысының жұтылмауына негіз болған. Ал *сартұқыш, сартап, сарүйек, қандағаш* сөздерінің екінші сыңарында мағына көмескілену басым.

3. [а] дауыстысының түсірілуі. Бұл құбылыс *қарағаш, алауыз, алауыздық, қарғауыз, алөкпе* сөздерінде кездеседі. Қалған реттерде түсіру сөз мағынасына әсер ететіндіктен редукцияланбай жазылады: *қараөрік, қараот, қараөлең, қараөкпе* т.б.

4. Композит құрамындағы негіздердің семантикалық будандасуға түсуі олардың фонетикалық будандасуына әкеледі. Проф. Ә.Жүнісбек эксперименттік зерттеу фонетикалық өзгеріске тек дауыстылар ғана емес барлық дыбыстар түсетінін көрсеткенін айтады (65. 78). Бұл –БС процесіндегі соңғы тілдік өзгерістер. Сөйтіп, қазіргі жазу нормасында жалпы фонетикалық алмасуларға қатысты дыбыстық өзгерістер жазуда арнайы таңбаланбайды да, керісінше морфонологиялық алмасулар жазуда жүйелі түрде бейнеленіп отырады (3-кесте). Тілдегі кіріккен сөздердің фонетикалық будандасуын фонематикалық принцип негізінде түсіндіруге болады.

3-кесте

Кіріккен сөздердегі фонетикалық өзгерістер

Тіркес	редукция	лингв. синг.	прог. асс.	регр. асс.
белдің бауы	+	+	-	-
бұл күн	+	+	+	-
олай ет	+	+	-	-
бұлай ет	+	+	-	-
кіші ғана	+	+	+	-
бұл жыл	+	+	-	+

2.5. Біріккен сөз және оның лексикографиядағы жайы

Сөздердің бірге, бөлек жазылуын кодификациялауды орфографиялық сөздік белгілейді. Сонда сөздерді біріктіру практикалық қажеттіліктерден туындай ма, әлде теориялық негізге сүйене ме деген орынды сұрақ туады. Орфографиялық сөздіктеріміздің алғашқы тәжірибелерінен лексикографияның бүгінгі жайына дейін көз жүгіртсек, емле қашан да практикалық дағдыға сүйеніп келгенін көру қиын емес. Бұл тілдік материалдарды жинау ісіне байланысты ма дейміз. Әдетте сөздер контекстік қоршауда тұрғанында алынады. Ал ойдың шоғырланып берілуі сөйлемде атқарылады. Эксплицитивті форманың қашан да іштей эллипсистеніп отыратынын білеміз: бір сөз формалар түсірілсе, бір сөз формалар бірігіп, кірігіп, бір сөзформалар метонимиялық қолданыс тәсіліне көшеді. Сондықтан сөздерді біріктіріп жазуда емле сөздіктері қаншалықты практикалық дағдыға икемделсе де, соңғысы сөздерді біріктіріп жазу ісінен озып отырған. Мысалы, мерзімді баспасөз *жеккөру*, *кісікіік*, *алтауыз*, *шикіөкпе*, *оталу*, *өзекжарды*, *алақұйын*, *аяққим*, *бірқыдыру*, *жандүние*, *іштарлық*, *атамзаман*, *қолбайлау*, *құлантаза*, *тоқмейілу*,

көрсеқызарлық, иткөпір, көгенкөздер, антұрған, жанкеіштілік, екіжүзді, каратобыр, жанталасу, ақкөңіл (“Ана тілі”, “Қазақ елі” (1996, 1997)) т.б. алуан түрлі құрама сөздерді біріктіріп жазуды дағдыға айналдырды. Тіпті бұларды қате деп табудың өзі сиреді. Себебі – сөздерді біріктіру абстракциялаудың ең жоғарғы сатысы болса, көркем әдебиет, публицистика тілінде абстракциялаудың басымдығы шексіз. Мысал ретінде ҚТТС-ін алайық. Онда ҚТОС-і бөлек тұлғалаған *жертөсек, жерошақ* сияқты көптеген құрама атаулар бірге таңбаланған. Бұл, бір жағынан, материал жинау ісімен байланысты болса, екінші жағынан, сөздіктің ұғым мағынасына бойлайтын спецификалық ерекшелігінен шығып жатады. Сонда сөздердің бірігіп жазылуын осы ыңғайдан шығаруға да болады. Ал емле сөздіктері осы арадағы ауытқушылықты негізге ала отырып, ғылыми тұжырымға сүйенген орфография беруі керек. Практикалық, дағдыны қуып, соның жағына икемделіп кетуге болмайтыны өз алдына, ғылыми негіздемесі бар уәжге сүйену басты мақсат болмақ.

Бұл бағытта ҚТОС-тері елеулі нәтижелерге қол жеткізіп отыр. Тіліміздің жазу жүйесін жетілдіру, реттеу, дұрыс қолдануды үйрететін алғашқы құралдардан кейін (137) қазақ тілінің алғашқы үлкен орфографиялық сөздігі 1963 жылы жарық көрді. Басылымдағы БС-дердің көлемі 360 еді дейді, соңғы үш емле сөздігін сандық, сапалық жағынан зерттеу, жүргізген проф. Б. Қалиев (138. 156). Автор олардың дені – “екі-үш сөзден құралған тіркес, осы тіркес күйіндегі білдіретін мағынасына ұқсамайтын басқа бір заттың, ұғымның атауышы болып келетіндер” екеніне мына мысалдарды келтіреді: *айнакөз, Ақбозат, бақабас, балауыз, егеуқұйрық, есекжем, итмұрын, итарқа, қылжақбас, кемпірауыз, итқонақ* (139. 38). Ғалымның айтуынша, сөздіктің бұл басылымына енбей қалған 1350 шақты БС, бірігіп жазылуы тиісті 950-ге тарта құрама сөз бар (138.156,158). Ал сөздіктің екінші басылымында БС-дер саны 1,5 есеге көбейіп, реестрдегі БС-дердің саны 578-ге жеткен (139. 38). Олар, негізінен, өсімдік, аң-құс, балық, жәндік, ойын, ырым, ауру, зат атауларынан тұрады: *айырқұйрық, аққаптал, ақсерке, арпабоз, асатаяқ, атишоңқай, бестас, ементұмсық, ешкіемер, жағармай, желтоқсан, жорғатаяқ, күйтабақ, қанжесел, қоқиқаз, қолтаңба, қоянсүйек, құртқашаи, қылқалам, мипалау, мүшелтой, сегізаяқ, сөзжұмбақ, сөзтізбе, таңқурай, тоқтыбалақ, тұсаукесер, түйебас, шайқурай, шаңқобыз, шаңсорғыш* т.б. Және мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен *алаяқ, арамтамақ, бейнежазба, гүлшанақ, қарашақаз, қарашірік, төлтума, ізашар* сөздері еді (139. 39).

ҚТОС-інің екінші басылымындағы бір жетістік – *аралық, тану, құмар, жанды* сыңарлы бір денотативке байлаусыз, көп денотативке ортақ сөздерді жүйелі түрде біріктіріп жазуды ұсыну болды.

Ал ҚТОС-інің соңғы басылымында өсімдік, фразеологиялық атаулардың жазылуына қатысты мынадай жайттар сараланды.

Қазақ тіліндегі өсімдік атауларын көркем әдебиет, ауызша, публицистикалық, іс-қағаздар, ғылыми стильдердегі ретіне қарай көпшілік қолданыстағы сөздер деп танылғандары орфографиялық сөздіктердің алғашқы басылымынан- ақ реестрге алына бастады. Б.Қалиевтің айтуынша, Қазақстан жерінде алты мыңдай өсімдік түрлері болса, оның 760- ы Қазақстан жерлерінен басқа ешбір елді мекенде өспейді екен (29. 24).

Әрине, өсімдік атауларының бәрін бірдей, әсіресе түр атауларын реестрге, жалпы сөздік қорға ала беру мүмкін емес. Қолда бар материалдарды жинақтап, мәліметтерді саралай келгенде, біз кемінде екі компоненттен тұратын өсімдік атауларының емлесіне қатысты мынадай жайттарды анықтадық:

- өсімдік құрама атауының соңғы сыңары *шөп, көк, от, құрақ, шалғын, құрай, ағаш, егін* тәрізді жалпы, дерексіз сипаттағы сөздер болып келсе: *айдаршөп, қараот, айылқияқ, ақегін, балқұрай, сарағаш* т.б. (25. 53.; 27. 61; 30. 69);
- өсімдік мүше атаулары (*тамыр, мұрт, сабақ, жеміс, қат, жидек, жапырақ, гүл, тікен, бұта*), яғни жалпыға ортақ бүтіннің бөлшегі болып келсе: *бөрігүл, бөріжеміс, айылжапырақ, бозтікен*;
- екі сыңары да, кейде бір сыңары өз дербестігінен айырылып, не ауыспалы мағынада қолданылса, бірге таңбаланады: *түйетабан, құлынөмбес, далантопшы, құртқашаш* (30. 69,110,60);
- бірінші сыңары мал, аң, құс жалпы атаулары (*қой, сиыр, аю, қоян*), болмаса *тау, шөл, құм, дала* сияқты сөздер, екінші сыңары нақты өсімдік, аң-құс аты болса бірге жазылады: *құмбетеге, сиыржоңышқа, қойқарақат, итөшаған, итбүлдірген* (бұл нормалану ҚТОС-інің жаңа басылымында қамтылады).

Бұл, бір жағынан, сөз мағынасын берудегі ғылыми (терминологиялық) бағыт дегенге саяды. Мұнда ұғымның ғылыми, терминологиялық мағынасы алға тартылады. Мысалы, *сиыржоңышқа (вика), таспажоңышқа (спорыш), түйе-жоңышқа* (донник) өз алдына жеке-жеке өсімдіктер болғандықтан олардың компоненттері дербес мағынасында қолданылып тұрғанына қарамастан бірге жазылуы керек (140. 92; 30. 111). Сол сияқты, *қараөрік* (слива) ағашы да, жемісі де өрік (абрикос) жемісіне қатысы жоқ бөлек өсімдік болғандықтан біріктірілу керек (141. 106).

Ғылыми әдебиеттерде бір сөздің мағынасына беретін түсінік төрт-бес парақты қамтитыны рас. Алайда оның лексикалық мағынаға сәйкеспейтіні өз алдына, кейде мүлде алшақтап та жатады. Бірақ та лексикалық мағына қашан да сөздің терминологиялық мағынасына ұмтылумен болады. Біз бұны лингвистикада бірінші болып А.А.Потебняның сөздің “алыс”, “жақын” мағыналарын ашуымен байланысты сараладық. “Жалпы сөз мағынасы дегенде екі түрлі сипат көрініс береді. Біріншісі – тіл білімі нысанасына енетін сөздің

жакын мағынасы болса, екіншісі – басқа ғылымдардың аясында қаралатын сөздің алыс мағынасы болып табылады” (142. 19).

Көпшілік қауым қолданыстағы терминдер мен өсімдік, жан-жануар, жәндік, құс атауларының терминологиялық мағынасын білуі шарт емес. Қатардағы оқырман *ақбас жусан* түр атау ма, туыс атау ма деп ойланып отырмайды. Немесе *қараөрік* сөзін өрікке қатысы жоқ екен деп, бірге жаза алмайды. Әрине, бинарлы өсімдік атауларының жазылуында салалық терминологиялық мағына да ескерілуі керек. Дегенмен олардың емлесі тілдік факторларға негізделуі тиіс. Өсімдік атауларының орфографиясында ғылыми, тілдік мағыналарын қатар қарастыруды ұсынатын Б. Қалиев “бинарлы атауларды жазуда мәселе туыс аты, түр аты екендігінде емес, мәселе –тіркесуші сыңарлардың морфологиялық тұлғасы мен тіркесу амалдарында” (30. 74) деп, екі бағытты өзара ыңғайластыратын уәж айтып, өсімдік атауларының лексика-грамматикалық құрамын анықтап, компоненттерін лексикалық топтарға бөледі (30. 66). Сөйтіп, біріккен өсімдік атауларының екінші сыңары я жалпылауыш, я ауыспалы мағынада қолданылатын (жануарлар дене мүшелерінің қолданылуы) сөздер екенін, бірінші сыңары я төрт түлік мал атауы, я олардың төлдері, я үй жануарлары, я құс, жәндік, бақа, шаян, я табиғат құбылыстары екенін айқындайды. Сондықтан D_1, D_2, D_2D_1, D_2K_1 қатынасына орай *аққайың, қарабидай, итқоға* сияқты 1988 жылға ҚТОС-інде бөлек берілген өсімдік, балық атаулары жана басылымда бірге тұлғаланып, реестрге шығарылады. Сөйтіп, сөздерді бөлек, бірге тұлғалаудағы лингвистикалық бағыт тілдік факторларға (грамматикалық, морфологиялық, лексика-семантикалық) сүйенуден шығады, яғни жоғарыда көрсетілгендей, бір сыңардың мағына жалпылануы (*иәп, от, гүл*), олардың грамматикалануы (аффиксоидтелуі); сыңарлар мағынасының ауыспалы мағынада жұмсалуды, лексика-семантикалық контаминацияға түсуі; тіркестің **-ған, -ген** (*ат-құттыртқан, қойкемірген*), **-ар, -ер** (*күнбағар, қантияр, тілқияр*), **-ғыш, -қыш** (*шыбынқұғыш, күнсүйгіш*) грамматикалық тұлғалармен түрленуі болып табылады (29. 35).

Ал құс, балық, жан-жануар, құрт-құмырсқа күрделі атауларының жазылуында мына принцип сақталған. Соңғы сыңары жалпы мәндегі атау (*балық, құс, құрт, торғай, теке, ешкі, жегі, бақа*) болып келсе, бірігіп жазылады. Мысалы: *семсербалық, теңгебалық, таутеке, бозторғай, тарбақа, өкпеқұрт, бүйенқұрт, қолбақа, ағашжегі, балықжегі*. Мұнда бір топтың туыс аты болып келетіндері де бар (*қараторғай* – скворец, *бозторғай* – жаваронок, *шыршаторғай* –клест) (139. 92), түр атауы болып келетіндері де бар (*тарбақа, құрбақа*). Бір топтың туыс атауы “*қысқышбақаны* бөлек жазсақ, ол молоскалар типіне жататын перловица болмай, хордалылар типінің қосмекенділер класына жататын бақалар туысының бір түрі болып шығады. Ал, шындығында, ол –

омыртқасыз жануар” (139. 93). Керісінше, “кәдімгі” бақалар туысының он бес түрі бөлек жазылуы уәжді делінеді. Ал іс жүзінде ше? *Құрбақа, көлбақа* т.б. бақа түрлері бұрыннан бірге таңбаланып жүр: көпшілік олардың қай текке жататынын ажыратып отырмайды, әрі бұлардың алғашқы сыңары экстралингвистикалық мәнділіктің дәл өзін атамайды: *көлбақа* – “көлде жүретін бақа”, *құрбақа* – “құрлықта ғана жүретін бақа” емес.

Сөйтіп, сөздің терминологиялық мағынасына назар аударып отыру кейде кездеген мақсатқа жеткізе бермейді.

Ал фразеологиялық атаулардың жазылуына келсек, ҚТОС-тінің соңғы басылымы жалпы саны тоқсанға жуық тұрақты тіркестерді біріктіріп береді. Мысалы: *арамтамақ, аткөпірету, атжалдану, ауызбірлік, ауызекі, әлімжеттік жасау, жақсыат, жаманат, жүребітті, бақталас, басараз, басбұзар, баскесер, басыбайлы, баукеспе, беталыс, бетбұрыс, бұтартар, бірқыдыру, бірізді, жатыпатар, жатыпшыер, желбас, жүдеубас, жүзқара, жүребітті, жынойнақ, итжанды, итжығыс түсу, кертарпа, кеудемсоқ, көзайым болу, көзжұмбай, көзқарас, көкейкесті көкейтесті*. Байқап отырғанымыздай, мұндағы тіркестер – мағынасы тұтас, құрылымы тиянақты, сыңарларының деактуализациялануы әртекті, қолданылуы тиянақты (143. 5-6), экспресті-эмоционалды реңкінен айырылмаған тұрақты тіркестер.

Жалпы тұрақты тіркестердің сыңарлары ажыратыла таңбалану емледе қағидаға айналғаны рас. Жазуға таңба теориясы тұрғысынан келгенде де фразеологизмдердің құрамын ажырата көрсету тұрпат межесінің де, мазмұн межесінің де үрдісінен шығады. Мысалы, *ит әуре, ит өлген жер* дегенде лексемалардың бөлек тұлғалану формасы, оның мазмұн межесіне қайшы келмейді. Бұл форма фразеологизмдердің негізгі қызметі – көркемдеуші қызметіне жауап береді.

Тілде пайда болған көркемдеуіш құралдар (троптар: метафора, метонимия, синекдоха), фразеологизмдер, өзінің семантикалық даму барысында тілдің негізгі атқаратын қызметтеріне – коммуникативті, номинативті, прагмативті қызметтеріне – ауыса бастайды. Сондықтан фразеологизмдердің де екі қызметі көзге көрінеді: 1) коммуникативті, 2) атауыштық. Тұрақты тіркестердің көркемдік қызметі мен атаулық қызметі қатар жүре келе, бір кездері таза номинативтілік жүк арқалайтын дәрежеге жетеді. Біздің ойымызша, тілде тұрақты тіркестер негізінде пайда болып жатқан біріккен атаулар осы жолдардан өткен. Әсіресе адамға қатысты фразеологизмдердің екі сыңары да дене мүшелері атауларынан тұрса, олар атауыш қасиетке көбірек ие. Мысалы: *ақ саусақ, ақсақал, ақсүйек, ақ таңдақ, бос белбеу, сақ құлақ, тоңмойын, тас жүрек, ақниет, ақкөңіл, ер жүрек*. Біздіңше, фразеологизмдердің құрамындағы *көңіл, жүрек, ниет, пейіл* сияқты дерексіз мағыналы сөздер жазудың жеткізу әресінде ауыспалы

мағынадағы түс атауымен бірге тұлғалануын қажет етіп тұрады. Бөлек тұлғалау – жазудың мазмұн межесіне жауап бере алмайды. Бұл *ақ* сын есімінің синкреттік сипатынан шығады. “Қазіргі қазақ тіліндегі түр-түс атаулары” атты монографияның авторлары *ақ* сөзінің мынадай ауыспалы мағыналарын көрсетеді: 1) әділ, істің дұрысы (*ақ сөйле, ақтық сөз, ақ көңіл*); 2) ізгі тілек, жақсылық, бақыт (*ақ тілек, ақ жол, ақ қас, ақ босаға, ақ отау, ақ жасаулық*); 3) асыл, таза, қоспасыз (*ақ алмас, ақкүміс, ақ сауыт, ақберен*); 4) бір қалыпты, бір деңгейде ұзаққа созылған құбылыс (*ақ жасауын, ақ боран*); 5) тозу, жұтау, күйзелу (*ақ сүйек қылу, ақ сирақ жұт, ақтабан*); 6) қасиетті, қастерлі (*ақ жасауып, арулау, ақ сүті ананың*); 7) хан, төре тұқымына тәндік (*ақсүйек, ақорда, ақсаусақ*); 8) әйелге тән әдемілікті таныту (*ақ, дидар, ақша бет*) (144. 59).

Сөйтіп, ауыспалы мағынада көбірек көрініс беретін *ақ*, сөзі кейде тіркескен сыңарларымен бірге тұлғалану формасына ие болады, БС жасайды. Мысалы: *ақсақал, ақсаусақ, ақбөкен, ақниет, ақкөңіл, ақсүйек, ақкүміс*. Бұлар, байқап отырғанымыздай, атаулық мәнде жұмсалатын құрама сөздер.

Түркі тілдерінде әрі сын есім, әрі зат есім болатын сын есімдердің бірі – *көк* атауы. Ол “аспан”, “шөп”, “түрік” мәндерін берген. Бұл – “о бастағы зат пен оның сын-сипаты жайындағы ұғым бір болған деген көзқарастар бойынша заттың генезистік бірлігін көрсетеді” дейді проф. М.Томанов (145. 182).

Сондықтан *көк* есімінің көп мағыналығы сөзжасам процесіне оңай араласып, біріккен атау құрауға мүмкіндік береді. Мысалы: *көгериін, көгеру* (жердің көгеруі және адамның жаман көңіл-күйінде сазарып, сіресіп қалуы), *көгал, көгорай, көгала (ауру), көгілдір, көксау, көкжиек, көкжал, көксары (құс), көк ет* (ішек-қарын мен өкпе-бауырды бөліп тұратын жұқа көк шандыр, бауыр ет), *көкбауыр, көкдәрі*. “Анықтаушы сөздің анықталушы сөзді анықтауы үшін, анық- талушы сөздің бойындағы сын есім анықтарлық қасиеті бар сөз болуы керек. Егер болмаса, онда ол өз алдына сөз болудан қалады. Міне, осындай жағдайда ғана анықтаушы сөз бен анықталушы сөз арасындағы атрибутивтік байланыс жойылып, екеуінің бірігуіне мүмкіндік туады” (146. 49).

Тіліміздегі терминдік атаулардың жасалуындағы өнімді тәсіл сөздерді біріктіру екенін, фразеологиялық атаулардың бірігуі терминдену құбылысына тікелей байланысты екенін тілдік материалдар дәлелдеп отыр. Термин деген сөздің өзі латынша шегара, ең соңғы шек деген мағынаны берсе, терминденуге бірізді жүйелілік, дефинициясының болуы, экспрессиясыздық, стильдік бейтараптық, сөздің сол терминология өрісіндегі моносемантикалығы жатады делінеді (97. 508). А.Реформатский терминдердің сөйлем ішінде қолданылуын ескермейді де, мұның өзі термин сөздердің әдеттегі жай сөздерден негізгі бір айырмашылығы деп көрсетеді (99. 51). Тіліміздегі бұрыннан келе жатқан *ақсақал, қубас, ақсүйек, қылжақбас, орынбасар, ізбасар атаулары* фразеологизмдердің БС қатарына өту процесінің басы ертеде жатқанын

көрсетеді. Оған себеп – аталған фразеологизмдердің есімнен есім тудыратын (-лық), сын есім тудыратын (-дай), етістік тудыратын жұрнақтармен оңай түрлене алуы.

Проф. К.Аханов тұрақты тіркестер мен КС-дердің арасын ажыратуда қиындық келтіретін көптеген ұқсастық барын айтқан. Алайда КС-дің атауыштық қызмет атқарып, заттың бірден-бір атауы болуы, эмоционалды-экспрессивтік қызмет атқарып, жеке сөзге эквивалент болатын тұрақты тіркестен айырмашылығы деп көрсетеді. *Көк ми, су ми, тас бауыр* деген фразеологиялық сөз тіркестері мағыналық жақтан алғанда *мисыз, ақылсыз, қатал* деген сын есімдерге эквивалент болып, осы сын есімдерге тән шырай формаларын (*көк милау, тас бауырлау, өте тас бауыр*) қабылдайды, яғни бұл сын есімдердің эквиваленті ретінде жұмсала алатындығын дәлелдейді, дейді ғалым (22. 75).

Біздіңше, эмоционалды-экспрессивтілігі күшті фразеологизмдер сипаттауыш қызмет атқаратындықтан, олар сипаттайтын тура мағынадағы сөздің алдынан “оңай орын тебуі” керек. Мысалы, *ит өлген алыс жер, көзді ашып- жұмғанша* тез арада, *сары уайым* қайғыға салынып дегенде, *ит өлген жер, көзді ашып жұмғанша, сары уайым* тұрақты тіркестері номинативті тура мағынадағы сөздерді сипаттап, көркемдеп тұр. Ал *тасбауыр қатал, көк ми ақылсыз, ақ көңіл ашық адам* деген тіркесімділік болуы күмәнді. Сонда *тас бауыр, ақсақал, ақсаусақ, ақсүйек, ержүрек* сияқты тұрақты тіркестер *қатал, қарт, батыл* деген сөздердің эквиваленті емес, оларға синонимдік қатар құрайтын сөздер болады ма дейміз.

Фразеологиялық-тіркестердің атау, дискретті емес бірлік дәрежесін алуын О.Есперсеннің эксплицитті форманың эллипсиске ұшырауын көрсететін мына тұжырымы арқылы түйіндеуге болады:

1. Экспрессия – барлық мүмкіндікті пайдалана отырып, ықшамдамай жеткізу;
2. супрессия – мазмұнға зиян тигізбей, кейбір үнемдеулерді іске асыру;
3. импрессия – тыңдаушының мәнді деген хабарды өзіне қабылдауы (147. 158).

ҚТОС-інің соңғы басылымындағы бір жетістік үстеу, шылау, есімдіктердің жазылуындағы бірізділікке қол жеткізу болды. Онда, біріншіден, есімдіктер зат есіммен тіркесіп келсе ғана бөлек таңбаланатын емле орнықты. Мұның себебі – онда анықтаушы-анықталушы қатынас анық көрініп, лексикалық мағына нақтылана түседі: *әр бала, кей адам, әлде анау, еш адам т.б.*

Ал *еиқайда, еиқандай, кайсыбір, әлдеқашан* есімдіктерінің универбтенуі құрамындағы болымсыздық және сұрау есімдіктерінің грамматикалануынан туындайды. Лексика-семантикалық контаминацияға түсіп, құрамы кіріккен үстеу сөздер де тілімізде бар: *біротала, алмағайып, жеседезабыл, жсайбарақат, енжар, әлімсақтан, екібастан. Әлімсақтан, екібастан* үстеулерінің бірігіп жазылуы олардың шығыс септігімен тұтас тұлғалануынан да болады. Ал *әуел бастан*

тіркесіндегі алғашқы сыңарды осы мағынасында *әуелден, әуелгіден, әуелде* тұлғаларында қолданыла алатындықтан бөлек таңбалауымыз орынды.

Қазақ тіліндегі шылау сөздердің тіркескен сөзімен бөлек- бірге таңбалану емлесі туралы саралауында тілші-ғалым Н.Уәлиұлы 1) жазылуы түрлі сипатта көрініп жүрген сынды шылауын *тәрізді, секілді, іспетті* ұқсату мәніндегі шылаулармен мағыналық топ құрайтындықтан бөлек жазуды; 2) *-ай, -ақ, -ау* бөлек не дефис арқылы жазылатын демеуліктері одағаймен жалғанғанда, одағайдың жеке сөз ретінде дербестігін жоғалтып, демеулікпен ұласып кету себепті біріктіруді (*япырай, япырау, ойпырау, апырымау, әттегенай, айхай, ойбай*); 3) негізгі сөзден бөлек жазылатын *ма, ме* шылауының *қанша, неше* сұрау есімдігі мен *осынша, сонша, мұнша, онша* туынды үстеулермен қатар айтылғанда сұраулық мәннен өзгеше мәнге көшу себепті бірге тұлғалауды; 4) бөлек жазылатын *да, де* ыңғайлас жалғаулықтары *қалай, қайткен, қайтсе, сөйтсе, әйтсе* есімдік, шылаулармен қатар келіп, қарсылықты мәнді шылауға айналу себепті бірге таңбалауды ұсынады (27. 66-69). Соңғы қатарға, біздің ойымызша, *өйтсе де, сонда да* шылаулары да енуі керек. Ал ыңғайлас жалғаулықтың өз мағынасында тұруы *егер де* шылауынан көрінсе, оның бірге таңбалануының негізі жоқ деп ойлаймыз.

Сонымен, біз БС-дерді номинативті аспектіде қарастыра отырып, олардың емле сөздіктерінде берілу жүйесіне назар аударуға тырыстық. Құрама сөздің универб формасы – таңбаның тұрпат межесі – мазмұн межесіндегі мағыналық жылжу, ауысу, дамуды бейнелейтін процесс ретінде қаралды. Сондықтан бір құрама сөздің бірігіп жазылуы (*шаибау, қолған, келсан*), соған ұқсас басқа бірліктердің де универбтенуіне негіз бола алмайтыны белгілі болды (*кереге бау, қол бау, қамшы сан*).

Сөздердің бірігуі әркілы, әр сипатта, әр бағытта дамуынан орфографиялық сөздіктердің оларды бейнелеуі, қашан да, өзекті мәселеге айналып отырған. Бір қызығы, жиі мәдениеті жоғары ел емледе дәстүрлілік принципін сақтап, жазудың коммуникативтілік қызметін оңайлатуға тырысады екен. Ал бұл принцип, әсіресе неше тілі орфографиясында көп қайшылыққа ұрындырмайды. Себебі – неміс тілінде бір зат, не ұғымның атауын білдіретін екі негіздің бірігу құбылысына ұшырауы сөзжасамдағы тұрақты құбылыс. Ал қазақ тілі орфографиясында құрама сөз жазылуының дәстүрлілік принципін сақтау қиындық әкеледі. Сондықтан сөздік құрамның молаюы, реестрдегі атаулардың көбеюі, көбінесе БС есебінен болып отырады. Оны ҚТОС-інің үш басылымын (1963, 1978, 1988) салыстыра отырып та көз жеткіземіз.

Ал мектеп оқушыларына арналған “Емлесі қиын сөздер” атты орфографиялық анықтамалыққа 900-дей БС-дердің жаңа қатары енгізіліп отыр. Олардың ішінде ҚТОС -нің 1988ж. басылымы бөлек таңбалаған бірқатар құрама сөздер бар. Мысалы: *оңжақ, ақбалшық, қызуқанды, атсоқты, қарабалшық,*

қарақотыр, асүй, теміржол, қалыңмал, күмістой, алтынтой, аяққим, басқим, құмсағат, құмшекер, құстөсек, жертөсек, ақтүйіршік, қызылтүйіршік, тускиіз, заманақыр, көкбауыр, күнишақ, көжеқатық, асқатық, асжаулық т.б. Біз мұнда КС сыңарларының экстрилингвистикалық мәнділікпен Д₁Д₁ емес, Д₁Д₂, Д₂Д₂ қатынаста тұруын басшылыққа алдық.

БС-дердің енді бір қатарында бірге тұлғалаудың формалды белгілерін негізге алып отырдық. Мысалы, **-лық** ұластырушы арқылы босаралықсыз жазылу тұрпатына ие болған. ҚТОС-інің соңғы басылымындағы 30 шақты БС қатарына мұнда *дүниеқоңыздық, ақкөңілділік, ақжүректік, ержүректік, жанқиярлық, жанкүйерлік, кеңпейілділік* сияқты жаңадан біріккен атаулар қосылды.

Сонымен бірге, **-ты** ұластырушы арқылы *атсоқты, сусоқты, желқақты, күнқақты, балабасты, етекбасты, жарды, күйекасты, құлаккесті, пышақкесті* сияқты тұрақты тіркестері бірге жазылу тұрпатына ие болды. **Ара** сыңарының мағына дерексізденуіне орай, БС құрастырушылық қызметін *арақатынас, арақашықтық, аражік, арасалмақ, ішінара* атаулары жандандырды”.

3. КҮРДЕЛІ СӨЗДЕРДІҢ ОРФОГРАММАСЫ

3.1. Күрделі зат есімдер

Біз құрама сөздерді тұрпат межесі тұрғысынан босаралықсыз, босарлықпен және қосаралықпен тұлғаланатындар деп үшке бөлеміз. Мұндағы босаралықпен тұлғаланатын құрама сөздердің әдебиеттерде әр түрлі терминге ие болып, кейде тіпті сөз тіркесі аясында қаралуы бұл топтың номинативтік бірлік ретіндегі мәртебесін анықтауда басы ашылмай жатқан мәселелердің бар екендігін аңғартады. Сондықтан біз грамматикалық бірліктердің (“Грамматикалық құрылыстың өзінше дербестігі, ерекшеліктері бар топтарын грамматикалық единицалар –тұтастықтар дейміз” (148. 31) бөлек тұлғалануын сөздің дербес тілдік бірлік екенін көрсететінін синтаксистік құрылымның ерекшелігі (42. 52.) деп алып, бөлек тұлғаланудың бес сатысын көрсетеміз. Олар:

- 1) сөйлем мүшелерінің бөлек тұлғалануы;
- 2) синтаксистік сөз тіркесі деңгейіндегілердің бөлек тұлғалануы (*алтын сағат, күміс қасық, кеңсе құралы, сабақ үлгімі*);
- 3) түйдекті тіркестерінің бөлек тұлғалануы (*келе жатыр, сабақтан кейін, үйдің алды, егер де*);
- 4) фразеологиялық тіркестердің бөлек тұлғалануы (*ит әуре, мысық тілеу*);
- 5) лексикалық синтагмалардың, яғни КС-дердің бөлек тұлғалануы (*тандыр нан, ат кора*) болатын.

Мұндағы сөйлем мүшелерінің бөлек тұлғалануы фонологиялық жазудың басты қағидасына айналғаны белгілі; фразеологиялық тіркестердің бөлек тұлғалануы тіпті олардың мазмұн межесінің ерекшелігіне баланды; түйдекті тіркес деп топтап отырған – негізгі сөз бен көмекші етістік тіркесі (*келе жатыр, бара жатыр, айтып отыр, көріп отыр*) және толық мағыналы сөз бен шылау сөздің тіркесі (*анам үшін, жыл сайын, келген сайын, сен арқылы, малышылар туралы, бала сияқты, сен тәрізді, үйге дейін, біраздан кейін, бұдан бұрын, үш күннен бері*) және негізгі сөз бен көмекші есім тіркесі (*арбаның қасы, қала үсті, жердің асты, ауыл маңы*). Бұлардың босаралықпен таңбалану нормасы кодификацияланды.

Сол сияқты синтаксистік сөз тіркесі деңгейіндегілердің де, оның ішінде КС-ге ұқсас қабыса байланысқан зат есім – зат есім тіркесі (*алтын сағат, ағаш күрек, темір күрек, тас үй, тас еден, күміс сағат, инженер қыз, бас қызметкер*), сын есім – зат есім (*ақ қар, боз ат, қызыл гүл, тар жол, қысқа жіп, кең сарай, жалпақ тақтай, терең көл, қалың орман, салқын су, жақсы кісі,*

әдемі қыз, сараң әйел, ащы сорпа, жуас адам, тәтті ірімшік, жеңіл сөмке, ауыр жүк), есімше – зат есім (*орылған егін, көгерген шөп, айтар сөз, барар жер, сауылатын сиыр*), есімдік – зат есім (*осы өзен, бұл сөз, барлық әлем, барлық жұрт, әр адам, күллі халық, бүкіл дүние*) тіркестерінің бөлек жазылуы қағидаға айналды.

Ал КС-дердің, әсіресе күрделі зат есімдердің орфограммасына келгенде әңгіменің басқа сипатта өрбігенін көреміз. Бұған – КС қатарындағы номинативті бірліктердің бір кезде БС тобынан орын алып отыратыны куә. Мысалы, *аяқбау, тізе бау, уық бау, шаңырақ бау, қол бау, құлақ бау* құрама сөздері бөлек таңбаланса, дәл осы үлгідегі *шаибау, белбеу, қазықбау* лексемалары бірге таңбалады. Бұндай құбылыс ортақ компонентті КС-дердің біреуінің БС қатарына өтуі (*қолған*), сол үлгідегі өзге тіркестердің де орфограммасына ауытқушылық әкеледі (*уыққан, шаиқан, кесеқан*). “Сондықтан кейбір біріккен түбір сөздер мен тіркесті түбір сөздердің аражігін айырудың билігі қазақ тілі орфографиялық сөздігіне беріліп отыр” (149. 37).

Сонымен, бөлек тұлғаланатындардың бесінші деңгейіндегі бұл топ орфограммасының негіздерін көрсетпес бұрын, алдымен лексикалық синтагма деп, яғни дәстүрлі таптастыру бойынша күрделі сөз деп нені айтамыз деген мәселенің басын ашып алу керек сияқты.

Оқулықтарда “қалайда күрделі сөздерді.... лексикалық және басқа да түйдекті тіркестерден шатастырмау керек” (148. 32) деген принципі мәселелер көтерілгенмен, қабыса байланысатын сөз тіркесі қатарында *ат қора, мал қора, шай кесе, кір сабын, қазан пышақ, өкше біз, тау теке, көл бақа, желке тамыр, төс қалта, қалта сағат, кол сағат, жел дөірмен, мал дәрігер, көз әйнек, ауыз үй, тамақ бау, қыз бала, ұл бала, алма ағаш* сияқты бір лексикалық бірлікте айтылатын тіркестер (148. 52) қаралып жүрді. Жалпы, түркі тілдеріндегі КС бен сөз тіркесі арасындағы ұқсастық тілдің жалғамалық сипатынан шыға ма дейміз.

Белгілі ғалым Ы.Маманов КС-ді “Қазақ тілінде тіркесті түбір сөздер де – біріккен түбір сөздер сияқты тұрақты тіркестің құрамындағы екі сөздің мағыналық жағынан өзара тұтасып, бір лексикалық бүтінге айналған түрі” (149. 36) деп анықтайды.

Ал сөз тіркесі деген ұғымды проф. М.Балақаев былай деп саралайды: “...лексика-грамматикалық мағыналары айқын сөздердің біріне-бірі сабақтаса бағынып барып жасалған синтаксистік тобы ғана сөз тіркесі деп есептеледі.... Сөз тіркесінің құрамында кемінде толық мағыналы екі сөз болады; ол сөздердің бірі екіншісімен сабақтаса, мағыналық және синтаксистік байланыста айтылады. Олар салаласа байланыспайды, тек сабақтаса байланысады; тіркескен сөздер анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық қатынаста жұмсалады. Басқаша айтқанда, лексика-грамматикалық дербестігі бар сөздерден басыңқы бағыныңқылы сөз тіркесі жасалғанда, ол сөздердің бұрышы мағыналары өзгеріліп, жаңа лексикалық мағына пайда болмайды, мүшелік қарым-қатынасты

білдіретін қосымша грамматикалық (анықтауыштық, пысықтауыштық немесе шақтық, мекендік, меншіктілік) мағына пайда болады” (148. 34-35).

Сөйтіп, КС бен сөз тіркесін ажырататын өлшемнің бірі - сөз тіркесінің құрамын өзгертіп айтуға болатындығы. Бұл - проф. Р.Сыздықова көрсеткен лексикаланған тіркестің мына өлшемімен астасып жатыр. Лексикаланған тіркестің алғашқы сыңары заттың тұрақты айырылмайтын белгісін білдіреді де, ал синтаксистік тіркестің анықтауыш сыңары зат пен құбылыстың құбылмалы, уақытша шартты белгісін көрсетеді (34.42). Бұған *бет орамал* сөзінің лексикаланған тіркестің бұлжымаған мысалына айналу себебін келтіруге болады. Мұнда орыс тілінің *носовой платок* тіркесі дәл аударылмай, қазақ тілі сөз тіркесімділігі табиғатына лайық атау шыққан. Егер *мұрын орамал* десе, “бет орамалдағыдай” бір лексикалық бірлікте ұдайы қайталана алмас еді. Сонда сөздердің барлығы да вариантты, барлығы да талғап тіркеседі. Осы талғам жоғарылаған сайын, сөздер тіркесімділігі даралана түседі. Сөйтіп, олар бір лексикалық нүктеге шоғырлана бастайды. Ары қарай сөзжасамның келесі процесіне түседі, яғни бұл белгілерден КС-дің коммуникативтік бірлік емес, номинативтік бірлік екені анықталады.

Үшінші, синтаксистік сөз тіркесіне қарағанда КС атаулық мәнде жиі қолданылады. Бұл атаудың экстралингвистикалық мәнділікке байланысынан туындап жатады.

Ал тіркес құрамындағы негізгі ұғымға ие сөзбен қатар құрайтындардың саны арта берсе, ол топтан КС бірліктері бөліне бастайды (150. 30-31).

Ал қандай синтаксистік құрылымдар қолданыс жиілігіне түседі? Бұл сұрақ атау, номинация мәселесіне, валенттілік теориясына апарарды.

“Номинация логика-гносеологиялық, психологиялық, биологиялық, әлеуметтік, физиологиялық және таза тілдік негіздері бар ойлау мен сөйлеудің кешенді бірлігінен тұрады” (117. 6). Ал заттар мен құбылыстарды танудың өзі екі фазадан тұрады. Бірінші фаза зат-әрекет-сөз, екінші фаза сөз-әрекет-зат процестерінен құрылған. “Первая фаза соответствует акту снятия предметного, чувственного образования понятий, формирующих прямое номинативное значение лексической единицы. II фаза – соответствует в языковой деятельности акту конкретизации обобщенного значения слова, его семантическому развертыванию в синтагматическом ряду” (151. 8).

Сондықтан кез келген толық мағыналы сөз белгілі бір затты атамайды, сол заттардың үлкен бір тобы туралы ұғымды береді (151. 26). “Сөздің өзі жалпы, абстракциялық ұғымды атайды да, синтаксистік сөз тіркесі, күрделі сөздер дәлдік, нақтылықты, айқындалған ұғымды көрсетеді (152. 29).

Оның себебі – сөздер заттар мен құбылыстардың өзіне тән ерекше белгілерінің абстрактіленуі негізінде пайда болады (153. 24, 30).

Сөйтіп, алғашында атау предикаттық қатынас, еркін сөз тіркесі, тіпті сөйлем, сөйлемдер – жайылма ұғым – негізінде көрінеді. Сондықтан да тарихи тұрғыда

атау процесі – сөйлем пайда болу процесімен тікелей байланысты (154. 200). Сондықтан атау берілген ұғымды жан- жақты көрсететін синтаксис те атаудың жалпы теориясына енеді (155. 18,209).

Хабарлау таңбасынан (от знак сообщений) атау таңбасына көшу – атау беру процесінің басы ғана (118. 86). Себебі – атау алғашында тілдік құбылысқа негізделмейді, керісінше сол нысанның қасиеттері мен өзіне тән белгілерінен бастау алады (29. 52). Бірнеше белгінің ішінен (немесе бірнеше семалардың ішінен) атауға уәж болатын бір белгіге лексема таңдау – номинация процесінің аяқталғаны. Атауға уәж болатын белгінің мәнді-мәнсіздігі адам санасының дамуына байланысты өзгеріп отырады (153. 17). Қоғам тұтынуынан сырт қалған зат атауының мағынасы оның ұғымынан әлдеқайда артта қалады, мағына қашан да ұғым деңгейіне жетуге ұмтылумен болады, алайда кейде ұғым сипатының өзі өзгеріп кетеді (112. 12) Мысалы, *сағат* деген қазіргі денотативтік-сигнификативтік атау бір кездері аспан денелерінің қозғалысына орай сәт, уақыт деген сигнификативтік атау қызметінде жұмсалған. Келе- келе түркі халықтарында уақытты белгілейтін зат, референттер шыға бастады. Мысалы, *құмсағат*. Кейін бұлар қоғамдық қажеттіліктерді өтей алмай, қазіргі секунд, минут, сағатқа бөлінген, үш тілі бар механикалық, кварцтық, көрсеткіші бар электронды сағаттардың пайда болуына әкелді. Сағат сигнификативтік немесе денотативтік- сигнификативтік атаудан гөрі, енді таза денотативтік атауға көшті. Сөйтіп, сағаттың түрлі қызметтерінің ішінен оның қолға тағатын, қалтаға салып жүретін, үйде, кеңседе қабырғаға іліп қоятын түрі бөлініп шығып, тұрақты формаға, атауға ие болды (*қол сағат, қабырға сағат*). Адам өміріне мәнді нысаналар ғана атауға ие болады (118. 36). Ал ол белгіні таңдау, бір жағынан, адамның қызметіне, тұтыну қажеттілігіне, сөйтіп барып, танымына тікелей байланысты болады. Таңдалған белгі негізінде тұрақталатын сөз тіркесі (*қабырғаға ілініп қоятын сағат*) қолданылу жиілігіне ұшыраған сайын, атаудың абстрактану сипаты күшейе түседі. Бұл – тіркескен сөздерде синтаксистік қатынастың ыдырауы, қала берді сыңарлар мағынасының ауысуы, жалпылануы, көмескіленуі сипатында көрінеді.

Сөйтіп, тіл-тілдің қайсысында болмасын зат есім-зат есім тіркесінен тұратын атаулардың номинациялануы күшті қарқынға ие болып отыр. Оның себебі – зат есім өз бойына сандықта, сындықта, тіпті қимылдықта қасиеттерді жалпылай тоғыстырып тұруынан болады (156. 84).

Былайша айтқанда, зат есімдердің дені, негізінен, референтті денотатив атаулар болғандықтан, олардың бойында өзіне тән архисема мен дифференциалаушы семалар тұрақты түрде өмір сүреді. Мысалы, *жылқы* денотативін “мінетін, сүтін сауатын, етін азық қылатын, тақ тұяқты, денесі ірі, күйіс қайтармайтын төрт түліктің бірі” десек, мұндағы “төрт түліктің бірі” –

ұғымның **архисемасы** болса, “тақ тұяқты” – дифференциалды семасы болады да, өзге семалары интегралды семаларды құрайды. Сонда денотатив өзінің бойына сандық та (“тақ тұяқты”), сындық та (“денесі ірі”), қимылдық та (“мінетін, сауатын, күйіс қайтармайтын”) белгілерді жалпылай тоғыстырып тұрады. Сондықтан екі зат есімнің тіркесімі қашан да уәжді болмақ. Бұны Э.В.Севортян “Сөзжасамның грамматикалық емес формасы негізінде жасалған” сөздер дейді (157. 113).

Сөйтіп, бұл процестің негізінде сөздің валенттілік қасиеті жатқанын көреміз. “Валентность слова есть такое свойство его содержательной стороны, которое позволяет ему иметь при себе определенный набор синтаксических позиций. Синтаксическая позиция при данном слове – это закрепленная правилами языка возможность употребления данного слова с рядом одноэтапно связанных с ним по функциям образования, которая определяет, дополняет, уточняет, конкретизирует значение данного слова” (158. 31).

Проф. Т.Сайрамбаев атап көрсеткендей, “мағыналық жағынан өзара үйлесімді ғана зат есімдер бір-бірімен тіркесе алады” (152. 87). М. Оразов валенттілікті логикалық, семантикалық, синтаксистік деп үшке бөледі (159. 99).

Сөйтіп, сөздердің өзара тіркесімділігінің күштілігі оларды қолданыс жиілігіне түсіріп, соңында атауыш сөздер қатарын молайтуға әкеледі екен. Ал сөздер тіркесімділігінің қалай жүзеге асатынын көру мақсатында мына мысалдарды қарастырайық.

Алдымен, біз КС бен сөз тіркесінің арасындағы айырмашылықты көрсету үшін *ас қасық* (КС), *күміс қасық* (сөз тіркесі) сөздеріне компоненттік талдау жасаймыз.

Ас қасық – “ас ішуге, жеуге, салуға арналған сабы, басы бар, ағаштан, металдан, пластмассадан жасалған шай қасықтан үлкендеу қасық”. Мұндағы *ас* компоненті – “адамның қоректік заты”, “ішім-жемі”, “тамағы” семаларынан тұрады, ал *қасық* – “тамақ ішуге”, “жеуге” арналған “сабы бар, көлбеу келген, шұңғыл басы бар”, “ағаштан, металдан, пластмассадан жасалған бұйым” семаларынан құралады. Байқап қарасақ, бірінші компоненттің архисемасы (“тамақ”) екінші компоненттің дифференциалды семасы (“тамақ”) болып тікелей жалғасады.

Ал *күміс қасық* деген сөз тіркесінде алғашқы сыңардың архисемасы соңғы сыңардың дифференциалды семасына айнала алмайды. Бұл тіркестің валенттілігі – бірінші компоненттің архисемасы (“металл”) мен екінші компоненттің интегралды семасының (“металдан жасалған”) ортақтығынан ғана туындайды. Ал интегралды сема - семаға іштей толықтыру жасайтын сема екені белгілі, яғни оның ұғымды беруге қатысуы, қатыспауы екіталай.

Сондықтан *күміс қасық* тіркесінің *ас қасық* тіркесіне қарағанда тұрақтылығы төмен, дистант түрінде байланыса береді: *күміс ас қасық*.

Ал компоненттерінің байланысуы берік *ас қасық* КС-інің босаралықпен жазылуы – олардың денотатив семаларының (Д₁, Д₁) ортақтығынан туындап отыр (4-кесте)

**Ас қасық , күміс қасық
лексемаларына семдік талдау**

I лексема	денотатив семема Д ₁	денотатив семема Д ₁	II лексема
<i>ас</i>	[адам] ның [қорек] тік [зат]ы [тағам]ы [іш]іп- [же]мі [тамағ]ы	[тамақ] [іш]уге [же]уге арналған [саб]ы бар [көлбеу] келген [шұңғыл] [бас]ы [бар] [ағаш]тан [метал]дан [пластмасса]дан [жаса]лған [бұйым]	<i>қасық</i>
<i>күміс</i>	[жоғары] [сапа]лы [ақ] [түс]ті [металл]; [химия]лық [элемент]	[тамақ] [іш]уге арналған [саб]ы [көлбеу] келген [шұңғыл] [бас]ы [бар] [ағаш]тан [метал]дан [пластмасса]дан [жаса]лған [бұйым]	<i>қасық</i>

Сол сияқты *түйе жүн, ат қора, тоң май* тіркестерінің КС екенін және олардың босаралықпен таңбаланатынын мына кесте арқылы дәлелдеуге болады (5-кесте).

Ат қора, тоң май, түйе жүн
лексемаларына семдік талдау

I лексема	денотатив семема	денотатив семема	II лекссмн
<i>ат</i>	[дене]сі [ірі] [күйіс] [қайтармайтын] [тақ] [тұяқ]ты [үй] [жануар]ы	[үй] [жануар]лары [тұр]атын, [ірге]сі [қорша]лған, [төбе]сі [жаб]ылған жабылмаған [орын]	<i>қора</i>
<i>тоң</i>	[жер] [қыртыс]ының [суық]тан [сірес]іп [қат]ып, [қал]ған [еріме] йтін [қабат]ы	[жан] [жануар]лардың [дене]сіне [жиналған] [су]ға [еріме]йтін [органика]лық [зат]	<i>май</i>
<i>түйе</i>	[бір] [екі] [өркеш]ті [аша] [тұяқ]ты [күйіс] [қайтаратын] [үй] ([төрт]) [жануар] ы ([түлік])	[жануар] лар [тері]сінің [сырты]н [жау]ып [тұр]атын [түк] [қылшық]	<i>жүн</i>

КС-дерді сөз тіркесінен ажыратудың енді бір белгісі ретінде КС сыңарлары арасына өзге сөз ене алмайтын идиомалық сипатын алуға болады. “Тіркесті түбірдің құрамындағы сөздердің өзара байланысы өте күшті, мызғымайтын берік болады” (149. 40). Мысалы, *қамыс қора, күміс қасық*

қабыса байланысқан сөз тіркестерін *қамыс ат қора, күміс шай қасық* деп тірек компонент пен алдыңғы сыңарды жанама байланыстырып жіберуге болады. Ал *ат қора, шай қасық* КС-дерінің номинативтік тұтастығы берік, екі сыңар арасына сөз енгізуге келмейді.

Тағы бір мысал келтірейік. Тіліміздің жаңа қолданысында *экологиялық, тазартылған, газдалған, асханалық, минерал су(ы)* деген тіркесімділік бар. Мұнда тірек компонентен жанаса байланысып тұрған сыңарлар сөз тіркесін құрайды да, *минерал су(ы)* КС болып табылады. КС-дің бұл сипаты фразеологиялық тіркестердің табиғатына жақындайды. Бұл орайда қазақ тіл білімінде тіркес атаулыны еркін және тұрақты тіркес деп бөліп, тұрақты тіркесті фразеологизмдер мен атаулық тіркестерге ажырататын негізді таптастыру бар екенін айта кеткен орынды. Ал фразеологизмдер мен КС-дер сыңарларының тіркесімділігінің тұрақтылығы оларды номинативтік бірлік ретінде қарауға мүмкіндік берген еді. “Біздіңше, фразеологизмдерді фразеологиялық талғамдар және фразеологиялық сөздер деп екі топқа бөліп қарап, соңғыларын тіркесті түбір сөздер қатарында таныған жөн болар еді” (149. 41) деген Ы.Маманов, “*жақсы атты, жаман атты* тіркестерін лексикалық бүтін болып қалыптасқан тіркесті түбір сөздер” (149. 40) қатарына жатқызған. Ал ҚТОС-інің соңғы басылымы бұл тұрақты тіркестерді біріктіріп, реестр сөз қатарына шығарды.

Проф. М.Балақаев “арнау мағынасындағы анықтауыштық тіркес құрамында жұмсалатын сөздердің өзара бірлігі күшті. Әдетте олар бөлек жазылғанмен, мағыналық, ритмикалық бірлігі жағынан біріккен сөздер тәрізді. Сондықтан олар сөйлемнің бір мүшесі ретінде жұмсалады” (148. 52) дейді.

Екі-үш сөзден құралған фразеологизмдердің бір ғана сөйлем мүшесі болуы оның бір ұғымды білдіруінен туса, екінші жағынан, сыңарлар орнының тұрақтығынан да болады. Сол сияқты КС-дердің де сөйлемде бір ғана мүше қызметін атқаруы оларды сөз тіркесінен ажырататын белгісі етеді. Мысалы, “*Ауыз үйден* ыдыс-аяқтың сылдыры естілгендей болды” деген сөйлемді алайық. “Ненің сылдыры естілгендей болды?” деген сұраққа - “ыдыс-аяқтың сылдыры естілгендей болды”, деп қос сөз (“ыдыс-аяқтың”) бір сөйлем мүшесінің сұрағына жауап береді. Сол сияқты “қайдан естілгендей болды?” деген сұрауға “ауыз үйден естілгендей болды” делініп, КС (*ауыз үйден*) бір сұраққа жауап беріп, сөйлемнің бір мүшесі болады.

Ал осы КС-дердің қолдану жиілігінің, формасының тұрақтылығы, сөйлемнің бір мүшесі болу сипаты, бір сөзбен айтқанда, номинативтік бірлік ретінде қалыптасуы – бұл топтың экстралингвистикалық мәнділікпен тікелей байланыстылығында. Мысалы, болмыста заттың неге арналып жасалғаны олардың неден жасалғанына қарағанда мәнді. Сондықтан *ас қасық* КС-інің номинативтік тұтастығы *күміс қасық* тіркесінің тұтастығынан берік.

Сонымен, біз КС-ді сөз тіркесінен ажыратудың басты белгісі деп КС сыңарларының байланысу тұрақтылығын көрсеттік, яғни екі сыңар арасына басқа сөз ену мүмкіндігінің жоқтығы. Алайда бұл өлшем БС-дерге тән. Бірақ БС

бірігіп жазылады да, бір заттың атауы болып, бір мағына беретін құрама сөздің бұл типі (КС) жазу тәжірибесінде бөлек тұлғаланады. Неліктен номинативтік бірліктердің бірігуі жоқ?

Оның негізін КС сыңарларының экстралингвистикалық мәнділікпен Д₁Д₁ қатынаста тұру себебінен іздеуге болады.

Осы орайда қазақ тіліндегі КС компоненттерінің босаралықпен танбалануының екі жағдайын көрсетуге болады.

Бірінші жағдай. КС сыңарларының Д₁Д₁ қатынаста тұрғанын оларға “жаймалау” (трансформация) тәсілін қолдану арқылы көз жеткіземіз, яғни атауды сөйлемге “жаймалағанда” екі сыңардың немесе соңғы сыңардың ұғымды беруде қайталануы екі компоненттің де тура мағынасында екендігінен хабардар етеді. Мысалы, *тоң май* – “ерітіп, қатырылған іш май”; *іш май* – “малдың ішек-қарнынан сылынып алынатын май”. Ал бұл – бөлек тұлғалаудың бір шарты.

Сөйтіп, бұл жағдайда босаралықпен жазылатын КС-дерді мынадай лексика-семантикалық топтарға бөлуге болады.

- 1) Ас-су, тағам атаулары: *тоңмай, іш май, құйрықмай, ақмай, шарбымай, сұйықмай, бүйрек май; қара шай, қызыл шай, көк шай, жайдақ шай, бойдақ шай; құнан қымыз, бесті қымыз, дөнен қымыз, құда қымыз; қой ет(i), жылқы ет(i), сиыр ет(i), шошқа ет (i), түйе ет(i) т.б.*
- 2) Дене мүшелері атаулары: *бас сүйек, өкше сүйек, төс сүйек, жамбас сүйек, шеміршек сүйек, жақ сүйек, бет сүйек; тоқпан жілік, асық жілік, қары жілік, құм жілік, ортан жілік; сан ет, бұлишық ет, қол ет, мойын ет, өлі ет, қара ет, құс ет, қызыл ет; ортан қол, сұқ саусақ, бас бармақ, ортан терек, шылдыр шүмек, балан үйрек, кішкене бөбек; ұры тіс, сүт тіс, азу тіс, күрек тіс, ит тіс, қой тіс, қабан тіс, қасқа тіс, сары тіс, ақыл тіс; ауыз омыртқа, азат омыртқа, қалбағай омыртқа; ит жауырын, қозы жауырын, тобан аяқ, маймақ аяқ, шу аяқ, малма аяқ, жалаң аяқ, жалаң бас, қауға бас, дода бас, қазан бас, қасқа бас, қалтақ бас; тоқ, ішек, ащы ішек, көтен ішек, жылан көз, қыли көз, қара көз, қой көз, көк көз;*
- 3) Күнделікті тұтыну заттары: *ақ құман, кара құман, тас құман, жез құман, шойын құман; аяқкиім, бас киім, іш киім, сырт киім, тыс киім, тіз киім, жаздық киім, қыстық киім, өң киім; аяқ бау, қол бау, бәтеңке бау, уық бау; күрек сап, үршық сап, қамшы сап, қалам сап; ибей ағаш, күрсі ағаш; сырт қалта, іш қалта, жан қалта, төс қалта, қағаз қалта, сағат қалта, қойын қалта, кісе қалта; бас жіп, кендір жіп, ұрғашы жіп, мойын жіп, өрмек жіп, күзеу жіп, тоқыма жіп, еркек жіп, өре жіп, машина жіп, ноқта жіп; ат арба, жайдақ арба, өгіз арба, қол арба; тас көпір, ағаш көпір, темір көпір; бет орамал, қол орамал, бас орамал, мойын орамал, дәс орамал; мақта мата, жүн мата, жібек мата, тоқыма мата, шыт мата; жаяу шам, жайдақ шам, ондық шам, пілте шам, бестік шам; шап айыл,*

тәс айыл, құр айыл, кер айыл, ызба айыл; ит шана, жайдақ шана, ат шана, өгіз шана, қол шана, жайма шана; тірі жүн, өлі жүн, күзем жүн, жабағы жүн, жақ жүн, түйе жүн, пұшпақ жүн, қой жүн, қылыштық жүн, мойын жүн, бауыр жүн; тас ошақ, мор ошақ; саптама етік, бастама етік, ұлтарма етік, былғары етік, жайтабан етік, жайдақ етік, мықшима етік; үйрекбас ер, құранды ер, құрама ер, жапсырма ер, құнан ер, кыргыз ер, қазақы ер, қайың ер, қаптал ер; түс қағаз, жапсырма қағаз, көшірме қағаз, ватман қағаз, қатырғы қағаз;

- 4) Мекен атаулары: *қараша үй, үлкен үй (этно.), қоржын үй, дабыл үй, жоламай үй, ағаш үй, тұрғын үй, киіз үй, қара үй, жер үй, қазақ үй, там үй, отау үй; тас жол, машина жол, жалғыз аяқ жол; көк базар, жайма базар, ат базар, жаяу базар; ат қора, қой қора, шалы қора, сиыр қора, тауық қора, шошқа қора; шыға беріс, кіре беріс, тастай беріс, жата беріс, қаға беріс.*

Байқағанымыздай, бұл қатар – алғашқы компоненттері, А.Байтұрсынұлы терминімен айтқанда, тек сын, яғни түрлерін айыратын сапалық не қатыстық сын есімдер немесе бұл заттардың неге арналғанын білдіретін сөздер де, соңғы сыңарлары ортақ болып келетін тіркестер. Тірек компоненттің бір емес бірнеше тіркесімділікте қайталануы және сол тіркесімділіктің қолдану жиілігі қабыса байланысқан сөз тіркестерін күрделі номинативтік бірлік дәрежесіне жеткізеді. Сондықтан бұл жағдайда КС-дің бөлек жазылуы атаулардың түрлерін айырып көрсету мақсатынан да шығады. Бұл – КС компоненттерінің экстралингвистикалық фактормен D_1, D_1 , немесе D_2, D_1 қатынаста тұрғанының дәлелі. Мысалы, жоғарыдағы *жілік, сүйек* сыңарларымен келетін КС-дердің бөлек жазылуы *жілік* компонентінің “жан-жануарлардың қол-аяғында болатын негізгі он екі мүшесі”, *сүйек* сыңарының “адам мен хайуанаттар денесінің қаңқасы” деген тура мағынасында жұмсалыуына негізделеді. Ал қолдану жиілігіне түскен соңғы компоненттердің кейбіреулері мағыналық жалпылану, кеңею, грамматикалану құбылысына ұшырап, аффиксид қатарына өтіп жатады. “Синтаксистік тәсілмен сөздердің бірігу, тіркесу және қосарлану арқылы жасалған лексикалық бүтіндер тілдің құрамына эволюциялық жолмен біртіндеп қана енеді” (149. 40). Мысалы, *бау, қағаз, май, сап, киім, үй* компонента КС-дер қатарынан *шашбау, белбеу, қарақағаз, сарымай, қаламсап, баскиім, иішкиім, аяққиім, қонакүй* атаулары БС-ге айналып отыр. Мұндағы *шашбау, белбеу* атаулары баудың бір түрі мағынасынан гөрі, әдеміліктің, сәннің бір элементіне айналып бара жатқандай, яғни “өрілген шаштың ұшын бекітетін алтын, күміс тиындар қадалған лента тәріздес ызған мата” (ҚТТС, 10- т., 174-6.). Бұл атау енді *шаирула* болып, туынды етістік жасауға қатысады. Ол – шаштың ұшын ғана

бекітіп қоймай, әдемілік үшін шашбау салып, шаштың түбінен бастап өруді білдіреді. Атау тура мағынасымен қатар *шашбауын көтеру* сияқты тұрақты тіркес және қошеметтеу, көтермелеу мағынасын беретін *шашбаулау* ауыспалы мағынасында жұмсалады. Мысалы: “Әй, пәленбайдың баласы, кәне, айтып жіберші, деп, *шашбаулағанда* ағылта жөнелетін болдық” (Ғ. Қабышев. Күлелең.). *Белбеу* кіріккен сөз қатарына өтуімен бірге, бүгінде сөзжасам процестерінде актив қолданылады, “болбыр” мағынасында *бос белбеу* тұрақты тіркесін жасайды. Ал *қаламсап* біріккен тұлғасында доминант мағына алғашқы сыңар үлесінде. Соңғы сыңардың эллипсиске ұшырау “қаупі” бар. Ішінде сиясы жоқ ағаш, не пластмасса сап гиперонимі бүтіннің (ішінде сиясы бар, сыртында ұстайтын сабы бар кеңсе құралы) мәніне айнала, соңында сол бүтіннің атауына көшкен. “Қаламсабыңды берші” дегенде, біз сиясы жоқ құр сапты сұрамаймыз, бүтін затты сұраймыз. Біздіңше, *күрексап, ұршыққап, қамшысап* сияқты бөлек тұлғаланып жүрген КС-дерде – бірігу процесіне түсіп, бір форманы қажет еткен құрама сөздер. Осы тұста проф. Н. Оралбаеваның мына пікірі ойымызға оралады: “Күрделі сөздің біртұтас мағынасының қалыптасуында оның құрамындағы сыңарлардың атқаратын қызметін анықтау мәселесі қазір өте үлкен қиындық туғызып жүрген теориялық мәселеге жатады. Біріккен сөздер емлесінің дұрыс шешілуімен байланысты басқа да бірсыпыра мәселелер өз шешімін табатыны күмәнсіз. Біріккен сөз ғана реестр сөз бола алады. Бұл тіліміздегі сөз санын белгілеуде кемшілік туғызады, осы жағдай басқа тілдерде күрделі сөз атаулыны бір сөз деп тануға себеп болған ба деген ойға келтіреді. Жазу мәдениеті – күрделі мәселе. Оны шешуді ешқашан назардан тыс қалдыруға болмайды” (26.39).

Ал *тобылғы сап, мүйіз сап* тіркестері өз кезектерінде саптың неден жасалғанын көрсетіп, соңғысы алдыңғысын анықтап тұруы себепті қабыса байланысқан сөз тіркесі болып табылады. Сөйтіп, бір сөздің қолданыс жиілігі – оның бойындағы кейбір дифференциалды, интенционалды семалардың көмескіленуіне, архисемасының жалпыланып, кеңеюіне, абстрактіленуге, кейін грамматикалануына әкеледі екен. Неміс тілінде бұл құбылыстың “синтаксистік жылжу” мәнін беретін *Zusammenrueckung* немесе *Juxtaposition* деген арнайы термині бар. Сонымен, біріккен атауға қарай қадам басқан КС-дің универбтенуі мынадай процесс арқылы жүзеге асады. КС-дерде алғашқы компонент доминанталық сипат алады, яғни КС-дерде лексикалық мағынаны бірінші сыңар көтеруге бейім. Мысалы: *ас қасық, ас бөлме, ат қора, жан қалта, бал қасық, қызыл ала, он бір, алып кел*. Ал егер соңғы компонент бірнеше тіркес құрамында ұзақ, ұдайы қайталана берсе, мағынасы жалпыланып, абстрактіленіп, тіпті кейде морфемдік деңгейге өтуі ықтимал. Мұндағы абстрактілену дегеніміз – заттар мен құбылыстарды оның нақты белгілері мен байланысынан ойша қол үзіп,

елестететін тану формасы. Мысалы, *сандық, қап, аяқ қап, кесе қап, уық қап, тізе қап, желін қап, қазан қап* – бір кездері (ҚТОС, 1963) сөзсіз бөлек жазылатын еді, бүгінде БС деп танылады.

Сонда, біздің пайымдауымызша, КС-де алғашқы сыңар доминанталық сипатта болады. Тірек компонент бірнеше денотатив құрамында қайталанып, мағына беру дәрежесі дерексіздене берсе, БС пайда болады. Мысалы, *тоң май, сұйық май, іш май, шарбы май, бүйрек май* сияқты ортақ компонент құрама сөз қатарынан *сарымай* сөзі БС сатысына өтеді. Бұл – бірнеше тіркесімділікте қайталанатын, ортақ сыңардың дербес мағынасынан айырылуына бастайды. Проф. М.Балақаев тірек компоненті бар құрама сөздердің құрылымын басыңқы-бағыныңқы сыңарлар деп анықтайды да (20. 74), бұл терминге валентность – актанга сәйкес келетінін айтады.

Алғашқы сыңардың мағына үстемділігіне ие болатынын ритмикалық екпіннің түсуіне байланысты да аңғаруға болады. Проф. Ә.Жүнісбектің көрсетуінше, *мал қора* тіркесінде алғашқы сыңардағы [а] дауыстысына түскен екпін, екінші сыңардағы [а] дауыстысына түскен екпінге қарағанда 40% көп екен (65. 67).

Бұл процесті қарапайым химиялық реакция негізінде де түсіндіруге болады. Судың химиялық формуласы H_2O десек, ол оттегі мен сутегінің сәйкес валенттіліктерінен құралатыны белгілі: $H_4 + O_2 = H_2O$. Жеке тұрғанда лексикалық дербестігі бар екі сөзді мұндағы сутегі мен оттегінің төрт және екі валенттілігіне тең деп алып, олардың лексика-семантикалық контаминацияға ұшырап, БС құрауын ортақ валенттік алған су формуласына теңестіруге болады: H_2O .

Ал КС компоненттерінің бөлек жазылуының екінші жағдайы бұдан өзгешелеу. Мұнда КС-дің соңғы, ортақ компонентінің эллипсистену мүмкіндігі негізге алынады. Мысалы: *пәтір нан – пәтір, жаппа нан – жаппа, тандыр нан – тандыр, төңкерме нан – төңкерме, күлше нан – күлше, көмеш нан – көмеш, шелпек нан – шелпек, бөлке нан – бөлке, қатырма нан – қатырма; рұқсат қағаз – рұқсат, куәлік қағаз – куәлік, жолдама қағаз – жолдама, қатынас қағаз – қатынас, мақтау қағаз – мақтау, шақыру қағаз – шақыру; даңғыл жол – даңғыл, тастақ жол – тастақ, соқпақ жол – соқпақ; шабақ балық – шабақ, қайыс бау – қайыс; құм сылақ – сылақ, тас қайрақ – қайрақ, қара балишық – балишық, қайыр құм – қайыр; өре ағаш – өре, жақтау ағаш – жақтау, жәке ағаш – жәке, қада ағаш – қада, сандал ағаш – сандал, әрмек ағаш – әрмек, өткел ағаш – өткел, бастырық ағаш – бастырық, дар ағаш – дар, саба ағаш – саба, білік ағаш – білік, метке ағаш – метке, тірек ағаш – тірек, қада ағаш – қада, жіпсе ағаш – жіпсе, маржан тас – маржан, лағыл тас – лағыл, меруерт тас – меруерт, гауһар тас – гауһар* болып қолданылып, мағына доминанттылығын гипероним сыңары ала алуы себепті бұл құрама сөздер бөлек

таңбалану сипатына ие болған. Соңғы сыңардың жасырын қалуы КС беретін нақты мағынаға нұқсан келтірмейді. Қайта эллипсистену нәтижесі “сәтті” аяқталады. Мысалы: “Қаптан қос уыстап бидай алып, қол диірменге зулатып тартады да, бірде *қатырма*, бірде *бәтір*, кейде *жаппа* мен *тандыр* жабады”. Соңдықтан соңғы компонент бөлек жазылады немесе түсіп, жасырын қалады. Бұл жерде бір жағынан ағаштың “древесина” мағынасында, қағаздың “жазылған” дүние (25.55) мағынасында, яғни сыңардың экстралингвистикалық мәнділікпен Д₂ қатынаста жұмсалуды негіз болып отыр.

Сол сияқты *қалың мал* этнографиялық атауының бөлек жазылып келуі қалың сөзінің екінші сыңарынсыз-ақ “айттырылған қалыңдыққа төленетін мал-мүлік” ұғымын бере алу себебінен туындайды. Және *аяқ киім*, *бас киім*, *іш киім* сөздерінің ҚТОС-інде әр түрлі таңбалануын осы үрдіс негізінде түсіндіруге болады. *Аяқ киім*, *бас киім*, *іш киім* КС-дері осы мағынасында *аяғы жаман төрді былғар*, *аяғыңды су қылма*, *бастарыңды шешіңдер*, *ішің жұқа емес пе*, *ішіңде не бар* деп, тірек компонентсіз де қолданыла береді. Сөйтіп, ортақ сыңардың эллипсистену мүмкіндігі құрама атаулардың бөлек таңбаланып жүргеніне себеп болған.

Ал, екінші жағынан, аталған лексемалардың бірге таңбалану үрдісіне ұшырауы (*аяқкиім*, *баскиім*, *ішкиім*) – соңғы компоненттің мағына жалпылануынан, аффиксоидтық сипатқа көшуі себебінен. Біздіңше, *аяқкиім*, *баскиім*, *ішкиім* атаулары бірге жазылуы тиіс. Осы реттегі пікірімізді Н.Оралбаеваның мына тұжырымы арқылы бергенді жөн көреміз: “Жазудың үш рет өзгеруі күрделі сөздердің жазылуын бір ретке келтіруге мүмкіндік бермеді. Бұл жағдай орфографияның үстемдік алуына кедергі болуы да мүмкін. Соңдықтан күрделі сөздердің басым тобы сөз тіркесі кезіндегі қалпынша бөлек жазылуы сақталып қалды...біріккен сөз бен күрделі сөздің айырмасы тек ем-леге қатысты” (26).

Сонымен қатар бау сыңарлы КС-дердің ішінде *қарғы бау* сөзі соңғы сыңарынсыз да “иттің мойнына тағатын қайыс бау” мағынасын бере алуы себепті бөлек жазылып жүр деп түсіндіруге болады. Мысалы: “Күшіктің мойнына ою-өрнекті әдемі *қарғы(бау)* жасатып тақты да, содан ұстап жүретін болды” (Мағауин М. Ақша қар.). Синтаксистік негізде шыққан КС доминанттық мағынаны бірінші сыңарға көшіреді де, соңы сыңар эллипсиске ұшыраса да, формант дәрежесінде (морфемдік жұрнақ) қалса да, атаулық сипаты өзгермейді. *Аса таяқ* сөзінің де бөлек таңбаланып жүруін осы ыңғайда түсіндіруге болады.

Сонымен, күрделі сөз дегеніміз не? **Күрделі сөз – кемінде екі негізден тұратын, әр компонент өзінің дербес лексикалық, лексика-грамматикалық мағыналарынан айырылмаған, алайда компоненттері бір ғана зат пен құбылыстың атау бірлігі болатын, сөйлемнің бір ғана мүшесі болатын, жазуда бөлек тұлғаланатын құрама сөздер.**

Бұл анықтамадан екі нәрсе айқын. 1. Әр компонент өзінің дербес лексикалық, лексика-грамматикалық мағынасынан айырылмауы дегенде КС-дің БС-ден арасы ажыратылады; 2. КС-дің өз сипаты дараланады: екі сыңар ортақ мағына беріп, номинативтік бірлік ретінде жұмсалады. Мысалы, *қалың мал, пәтір нан, саз бет, көк ала, қызыл қоңыр, он бір, он тоғыз, барып кел, ат қора т.б.*

“Күрделі сөздер барлық басқа туынды сөздер сияқты сөзжасам әрекетінің нәтижесіне жатады. Күрделі сөз мағынасы оның сыңарларының мағынасынан шығады” (26).

Қорыта айтқанда, КС-дер – БС сатысының алдында тұрған құрама сөздер, орфографиялық сөздікте дау туғызып жүрген бөлек жазылатын БС-дер, М.Балақаевтың БС классификациясындағы “жайыла БС-дер”.

3.2. Күрделі сан есімдер

Бүгінде күрделі сан есімдердің компоненттері бір бірінен бөлек таңбаланады деген қағида емлемізде берік орнықты. Ал аналитикалық тәсіл сан есім сөзжасамында басты қызмет атқаратыны белгілі. Н.Оралбаеваның есептеуінше, “миллионға дейінгі күрделі сандар 999980 екені анықталып отыр” (160. 20). Мысалы, *он бір, он екі, тоқсан бір, жүз екі, бір мың алты жүз қырық бес, бес миллион сегіз жүз қырық тоғыз мың алты жүз жетпіс екі* т.с.с. Бір ұғымды білдіріп, бір санның атауы болатын, сөйлемнің бір ғана мүшесі қызметін атқаратын осындай лексикалық бірліктердің бөлек жазылу тұлғатын тұрақты иемдену себебі неде?

Кезінде проф. М.Балақаев бұларды “бөлек жазылып жүрген біріккен сөздер” деп сипаттаған. Ғалымның айтуынша, “компоненттері өзара мүшелік қатынаста айтылмай, мағыналық, тұтастығы болып, біріне-бірі көмекші, лексика-грамматикалық мағыналарын толықтаушы, айқындаушы сөздер болып, олар сол түйдегін жазбай, белгілі құрамда бірінсіз-бірінің дербестігі болмағандықтан бірге жазылуы тиіс”. Зерттеуші *бір жүз, он мың* дегенде ғана *бір – жүзді, он – мыңды* анықтайтынын, сол себепті бөлек жазылуы заңды екенін айтады. Ал енді *он бір, он тоғыз, жиырма бес* деген күрделі сан есімдерде екі сыңар “тұтас күйінде түйдегін жазбай” тұр дейді (20. 198).

Негізінен, түркі тілдерінің ішінде татар тілі орфографиясы жиырма санына дейінгі күрделі есімдерді БС деп таниды (161. 66).

Біздіңше, күрделі сан есімдердің бөлек тұлғалануы орныққан қағидаға айналуы тиіс. Жалпы орфографиялық сөздік, емле ережелерін түзуде, баспасөз, көркем әдебиет беттерінде, іс-қағаз құжаттарын толтыруда күрделі сан есімдердің орфограммасы көп қиындық тудыра бермейтінін айта кеткен жөн.

Ендеше, күрделі сан есімдердің босаралықпен таңбалуының негізді уәждемесі болуы мүмкін. Біздіңше, олар төмендегідей.

“Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі” атты монография авторлары: “егер тірек компоненттің доминанттылығы (мағына үстемділігі) берік болса, күрделі сан есім бөлек жазылуы қажет”, деген құнды пікір айтады (28. 97).

Күрделі сан есімдердің тірек компоненті, әдетте олардың ондық, жүздік, мыңдық бөлшектері болып келеді. Бір емес, бірнеше тіркесімділікте қайталанатын *он, жиырма, отыз, қырық, жүз* сөздерінің мағына үстемділігінің болуы оның алғашқы сыңар болуында деп ойлаймыз. Әйтпесе күрделі атаудың алғашқы сыңары бүтіннің мағынасын бере алатын болса, постпозициядағы қайталана беретін сыңар дерексізденіп, стандарт тұлғадан аффиксоидталатынын (*аяққап, балақұмар*), немесе эллипсиске ұшырайтынын (*қарақұйрық (тышқан), бұзаутіс (қамшы)*) білеміз. Мұнда, сөйтіп, санның ондық мәні де актуалданады, әрі бірлік бөлшегі де маңызға ие болып тұрғандықтан, құрамы қатар көрсетіледі: *он бір, он екі, тоқсан бір, жүз екі, бір мың алты жүз қырық, бес*. Бұл бағытта Н.Оралбаеваның мына сөзін келтіруіміз жөн: “ондық атаулар ондық + бірлік моделімен жасалады да, мағына компоненттердің мағынасының қосындысынан тұрады. Ал жүздік атаулар бірлік жүздік моделімен жасалады да, мағына компоненттердің мағынасының көбейтіндісінен туады”(160. 22). Бұл – күрделі сан есімдердің экстралингвистикалық мәнділікпен Д₁Д₁ қатынаста тұрғанының дәлелі. Мысалы, *он үш* сөзі санның ондық бөлшегімен де, бірлік бөлшегімен де тура байланыс жасай атайды. “Бірлік пен ондық аралас күрделі сандардың бәрінде тірек компоненттің мағынасы сақталып, олардың мағыналастығын туғызып отырады” (160. 42).

Күрделі сан есімдердің босаралықпен таңбалануының енді бір себебі – олардың иероглифтермен берілу тұлғатынан (11,12; I, V) туындайтын сияқты. Мысалы, 11, 12, 13, 14, 109, 245 иероглифтерін дыбыстық жазуда белгілегенде, олардың ондық, бірлік бөлшектерінің тұтас таңбаланып кетуі (*жиырмаүш, қырықалты*) таңбаның мазмұн межесін дәл бере алмайды, сөйтіп, жазу-көру тілінің таңбалық сипаты айқын байқалады.

3.3. Күрделі сын есімдер

Қазақ тілінде бір сөзден тұратын түр-түс атаулары олардың жалпы санына қарағанда өте аз. “Демек, түр-түс атауларының басқалары осы сөздердің басқа түске қатысты сөздермен өзара тіркесуі арқылы жасалады екен. Оның себебі – спектр жүйесінде хроматты және ахроматты негізгі түр-түстерден басқа да сан алуан реңктердің және әртекті, қосалқы, күрделі түстердің көп болуына байланысты”(144. 45-47).

Бір түбірлі түс атауының (*қара, қызыл*) түр-түстің өзін білдірмесе де, оған жақын, сипаттаушы қасиеті бар, оны әр қырынан көрсете алатын сөздермен тіркесуі өз алдына (*ашаң қара, ашық қара, жылтыр қара, көмір қара, божбан қара*), қазіргі қазақ тілі сөздік қорында жалпылама қолданыстағы тура мағыналы күрделі сын есімдер саны баршылық. Мысалы: *көк ала, қызыл ала, ал қара, ал*

қызыл, ал қара көк, жасыл ала, сары ала, қоңыр ала, ақ ала, ақ сары, қызыл қоңыр, қара көк, қара қоңыр т.б.

Біздіңше, күрделі сын есімдер компоненттері ажыратыла таңбалануы уәжді болмақ. Біріншіден, күрделі сын есім компоненттері экстралингвистикалық мәнділікпен тура байланыста тұрады. Мысалы, *сары* – “піскен егіннің немесе жұмыртқаның сарысындай түсті” берсе, *ала* – “ақ пен басқа түстің араласуы негізінде жасалған түсті” білдіреді, сонда *сары ала* – “сары мен ақ араласқан түсті” тура атайды. Көріп отырғанымыздай, күрделі сын есімдердің тұрпат межесін негіздеуде де “жаймалау” (трансформация) әдісін қолдана аламыз.

Күрделі сын есімдердің босаралықпен таңбалануының екінші себебінде адам санасының көру-бейнелеу, көру-жазу әрекеті алға тартылады, яғни әр түрлі түр-түс реңктерін көзбен көріп, оның суретін бейнелейтін суретшіде, сөзбен сипаттайтын, жеткізетін жазушы да, ақын да, я болмаса, қалың көпшілік те нысандағы түстің реңктерін көзбен ажырата алады. Сондықтан оны сөзбен атағанда лексемалар өзара мағыналық контаминацияға түсіп кетпеуін қалайды. Мысалы, *сары ала* көйлектің сарысы мен аласы өзара комбинаторлы араласа орналасуын, *сарала көйлек* деп тұлғаласақ, түстің реңкін ашып көрсету мүмкіндігі төмендейді.

Күрделі сын есімдердің босаралықпен таңбалануының үшінші себебі лингвистикалық негіздерден туындайды. “Спектр жүйесінде хроматты және ахроматты негізгі түр- түстерден басқа да сан алуан реңктердің және әртекті, қосалқы, күрделі түстердің көп болуына байланысты” (144. 45-47) тілімізде бір сөзден тұратын түс атауларына қарағанда, екі, үш сөзден тұратын түр-түс атаулары көп. Сондықтан түс атауының дара тұлғасы (*ақ, қара, сары, ала*) әр текті тіркесімділіктерде жиі қолданылады да, тұрпаты да тұрақты форма ала алмайды: *сарала* сөзінде босаралықсыз, *қоңыр ала* сөзінде босаралықпен таңбалау жүйелілік әкелмейді. Бір түстің екі-үш түрлі реңкін немесе әр түрлі үш түсті бірден сипаттағанда олардың компоненттерін жалғастыра, ұластыра, үстемелей айтса (*сарғыш қоңыр ала*) түстің керекті сипаты көрінеді. Мұндағы әр сыңар өзін дербес лексикалық бірлік екенін көрсетіп тұруды “қалайды”. Сондықтан дербес мағыналы түр-түс атаулары (*ақ, қара*) құрама есім сыңары (*қара көк, сары қызыл*) болып жұмсалса, бөлек жазылуы орынды.

3.4. Күрделі етістік

Тілде дара тұлғалы етістікке қарағанда аналитикалық тәсіл арқылы жасалған етістіктердің қолданылу жиілігі басым. Себебі – етістіктің атауыштық қызметі дербес мағыналы етістік пен көмекші етістік тіркесі арқылы (*шақырып ал, айтып бақ, келе жатыр, айтып бер*) және толық мағыналы екі немесе одан да көп жалаң етістіктердің тіркесуі арқылы (*анарып беру, оқып біту, ішіп болу*) жүзеге асып отырады.

Ал қазақ тіл білімінде соңғы жылдарға дейін құрамы мен құрылысы жағынан ұқсас етістік тіркестері бір категория ретінде қаралып, күрделі етістік терминімен аталып келуі, аналитикалық етістік те ұзақ уақыт күрделі етістік саналып келу себебін тілші-ғалым Б. Қасым, негізінен, түркі тілдеріндегі бұл сөз табының морфологиялық және синтаксистік белгісі жағынан ғана жіктеліп, компоненттердің лексика-семантикалық байланыстары назардан тыс қалып отыруынан көреді (162. 101). Автор аналитикалық тәсіл арқылы жасалған етістіктерді күрделі етістік (*еріп шықты*), етістікті сөз тіркесі (*наздана қарады*), аналитикалық формантты етістік (*еніп алды*) және құранды етістік болып бөлініп жүргенін айтады. “Жұрнақ арқылы етістік тудыруға негіз болатын есімдер қатынасса, құранды етістік жасалады: *құрметте – құрмет қыл, үлкейт – үлкен ет...Құранды етістіктің ауыспалы сыңары көбінесе зат есімдер болып, морфологиялық табиғаты жағынан әр түрлі формада болады...Құранды етістіктің бәрі де етістіктің түрлену жүйесі бойынша формасын өзгертеді, мысалы, *жәрдем еткен, жәрдем етіп, жәрдем еткелі, жәрдем ете алады, жәрдем етпей, жәрдем етті, жәрдем етер емес*” (163. 49- 50) деп құранды етістіктің сипатын анықтайды.*

Ал күрделі етістік жасауға тек қана толық мағыналы сыңарлар қатысады. “Күрделі етістіктегі біртұтас лексикалық мағына оның құрамындағы алғашқы дербес мағыналы етістіктердің мағынасының кірігіп, жымдасуынан, абстракцияланып, біртұтас лексикалық мағынаға көшуінен жасалады. *Алып бар* деген күрделі етістіктің мағынасы алудың да, барудың да мағынасын қамтитын біртұтас күрделі қимылдың аты...олардың әрқайсысынан кең мағына” (162. 106) дейді Б.Қасым.

Ал етістіктің аналитикалық форманттары құрамындағы морфемалар бір-бірімен жымдасып кетпей, қосымша негізгі етістікке қосылып, көмекші етістік бөлек жазылатынын айтқан Н.Оралбаева “бірақ сыңардың тұтастығы – мағынасында, құрамының тұрақтылығында, орындарының беріктігінде, сыңарларының үнемі қатар қолданылуында” (164. 8) дейді. “Көсемше мен көмекші етістігінің мағынасы кіріккенімен, тұлға жағынан жымдаспай және морфемалардың арасына сөз ене алмауы, күрделенген аналитикалық формант құрамының толық сақталып, кірігуі сирек кездесуі – етістік сыңарларының көсемше жұрнағы арқылы байланысуына қатысты” екенін атап көрсетеді (164. 28).

Сөйтіп, бұл пікірлерден күрделі етістік орфограммасының негіздерін көруге болады.

Кезінде А.Байтұрсынұлы күрделі етістік компоненттерінің бөлек жазылуын былай деп уәждеген: “онан басқа тағы бір байқалып жүрген нәрсе – сөздерді қосып жазуға құмарлық, *бара алмайды* дегенді *баралмайды* деп жазу керек дейтін бар. Бұл – қосылып айтылып тұрған сөздердің біреуі көсемше етістік, екіншісі көмекші етістік. Бұл екі түрлі етістіктің бірлесіп айтылуы ылғи бір көсемше, бір көмекшіден болып отырмайды. Онан көбірек болып бірлесетін орындары бар” (6). Сонда аналитикалық тәсіл арқылы жасалған етістік сыңарларының бөлек тұлғалануы әр компоненттің дербес түрлене алуынан

шығады екен. “Түркі тілдеріндегі атауыш сөздердің ішінде тек етістікке жататын түбір сөздер сөз тіркесін жасай алмайды, яғни түбір күйінде басқа сөздермен байланысқа түспейді” (149. 8) деген Ы.Маманов.

Екі морфемадан тұратын етістіктердің бөлек таңбалануының тағы бір себебін бір көмекші етістіктен бірнеше аналитикалық формант жасалуынан да іздеуге болады. Проф. Н.Оралбаева “аналитикалық форманттар құрамында не бәрі 70 көмекші етістік қолданылатынын” (164. 77) айтады. Б. Қасым күрделі етістік құрамында қайталанатын 20 шақты тірек компонент 2000-ға жуық күрделі етістік жасайтынын, оның ішінде *кел, кет, қайт, ал, бер* етістіктері 230-80 аралығында күрделі етістік туғызатынын көрсеткен. Мысалы: *алып келді, айдап келді, айтып келді, байқап келді, беріп келді, керіп келді, еріп келді, көшіп келді, қайтып келді, біліп келді* т.б. Етістік сыңарының өте көп тіркесімділікте қайталанып, грамматикалық мағына тудыруы оларды шылау қызметіне теңестіріп, бөлек жазылуын уәжді ететін сияқты.

Сонымен қатар проф. Н.Оралбаеваның мына пікірін күрделі етістік сыңарларының бөлек жазылуының жалпы негіздерін ашуға тірек етіп алуға болатынын айтамыз: “Көмекші сөздер аналитикалық формантқа қатысты, сондықтан аналитикалық форманттың сөзге тіркесуі де жалғамалылыққа қатысты. Түркі туыстас тілдердің грамматикалық құрылысы бойынша грамматикалық элементтің сөзде жігі анық көрініп тұрады. Осы ерекшелік грамматикалық элементтің сөз құрамындағы өзіндік дербестігі деп саналады” (164. 93).

Негізінен, етістік түрлерінің ішінде құранды етістіктердің бірге тұлғалану құбылысына ұшырайтындары бар. Мысалы: *ержету, демалу, бойжету, бойұру*. Мұнда есім сыңардың түбір күйінде жұмсалуды және осы тіркестер беретін ұғымды тіл өзіне таңбалау қажеттілігі, алғашқы атау болып қалыптасуы тіркестің универбтелуіне әкелген.

Құрама сөздердің ішінде етістіктің босаралықсыз таңбалануы сирек құбылыс десек те, тіл тарихы *алып кел, алып бар, алып кет* сияқты күрделі етістіктерінің (*алу және бару, апару және беру, алу және кету*) *әкел, апар, әкет* болып қысқарып, кірігуінің куәсі болып отыр. Ал шындығында күрделі етістікке қарағанда аналитикалық формантты етістіктердің, мысалы, *келе жатыр – келатыр, бара жатыр – баратыр, ұйықтап жатыр – ұйықтабатыр* болып кірігуі уәжді еді: мұнда екінші компонент тура мағынасында жұмсалып тұрған жоқ. Бір сөзден тұратын күрделі қимыл атауы енді басқа күрделі етістік жасауға қатынасады. Мысалы: *әкеліп бер, апарып таста, апарып жаз* т.б.

Сөйтіп, жазба тіл нормаланып, кодификацияланғанға дейін құрамы кіріккен етістіктер ғана бірігіп жазылатын болды да, қалған жағдайда аналитикалық тәсіл арқылы жасалған етістік сыңарларының бөлек жазылуы дәстүрге айналды.

* * *

Қорыта айтқанда, қазақ тіліндегі бөлек жазылатын құрама сөз күрделі сөз терминімен аталып, олар номинативтік атау тұрғысында қаралады, сондықтан

сөздік бірліктері деп танылады. КС-дің жазуда босаралықпен тұлғалануы мазмұн межесіндегі ерекшеліктерді бейнелейтіні айқындалды. Ол ерекшеліктер:

- құрама сөз сыңарларының дербес мағыналарынан айырылмауынан;
- сыңарлардың басқа тіркесімділіктерде еркін қолданылуынан;
- бір макросемантикалық өрістегі денотативтерді айырып көрсетуден;
- соңғы ортақ компоненттің эллипсистену мүмкіндігінен;
- күрделі сан есімдерде иероглифтердің екі құрамы ажырата тұлғалау жеткізу өресін қажет етуінен;
- күрделі сын есімдердің визуалды сипатына сай құрамдары ажыратыла беруінен көрінеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сөздердің бөлек, бірге тұлғалануы орфография мәселелерінің ішінде шешуі қиын аса күрделі мәселе болып табылады. Әдетте сөздердің бірге, бөлек тұлғалануы күрделі сөз, күрделі-құрама сөз, құрама сөз деп әр түрлі терминге ие болып жүрген, кемінде екі сөзден тұрып, бір ғана зат не құбылыстың атау бірлігі болып жұмсалатын сөздерге қатысты айтылады.

Сөздердің бұл тобы морфология саласында, сөздерді таптастыру аясында мүмкіндігінше зерттелді. А.Байтұрсынұлының жазуда сингармонизмнің лингвалдық түрін бейнелуі құрама сөздердің үндесу заңына сәйкес келгенін бірге, сәйкес еместерін сызықша арқылы жазуға әкелген. Қ.Жұбанов кіріккен сөздің сипатын айқындап, КС-дің мағыналық тұтастық белгісін, А.Ысқақов біріккен сөз, күрделі сөз, қос сөз, қысқарған сөздің айырмашылықтарын, компоненттерінің арақатынасын көрсетеді. К.Аханов КС бен еркін сөз тіркесін ажырататын белгілерді, М.Балақаев біріккен сөз сыңарларының мағыналық жылжуға түсуін айқындайды. Біз бұларды құрама сөздердің мазмұн межесіне қатысты зерттеулер деп атадық.

Ал құрама сөздердің тұрпат межесі орфографиялық сөздік, емле ережелері, анықтағыштар көлемінде ғана қаралып, арнайы зерттеу нысанасына алған жұмыстар (Г.Жәркешова, Ә.Ермеков) БС-дің этимологиясына, яғни мазмұн межесіне көп көңіл бөлді. Сондай-ақ тұрпат межесі Р.Сыздықова, Б.Қалиев, Н.Уәлиұлы зерттеулерінде талданады.

Терминдерді реттеу мақсатында мынадай таптастыру жасауға тура келді. Сөз құрамына қарай жалаң және құрама болып бөлінеді. Жалаң сөз түбірден, туынды түбірден, кіріккен түбірден тұрады да, құрама сөз қос сөз, қысқарған сөз, біріккен сөз, күрделі сөздер тобын құрайды.

Құрама сөздердің бірге, бөлек тұлғалану негіздерін іздеуде тілдік таңбаның ассимметриялы екі жақты сипатына – тұрпат межесі (план выражения) мен мазмұн межесіне (план содержания) – сүйендік. Тілдік таңбаның жазба түрінің мазмұн межесі – фонема; морфема; морфемалардың универб, предикаттық катынас формалары болса, тұрпат межесі – әріп, бас әріп, кіші әріп; олардың босаралықпен, қосаралықпен, босаралықсыз таңбалануы болып шығады.

Сөйтіп, БС бен КС-ді тұрпат межесі тұрғысынан **босаралықпен таңбаланатындар, босаралықсыз таңбаланатындар деп екіге бөліп қарастырдық.**

Босаралықсыз таңбаланатындардың, яғни біріккен сөздердің негізгі белгілерін айқындау тіл-тілдің қайсысында болмасын бір арнаға сайды деп айту қиын. Орыс тіл білімінде сөздердің жұрнақ-жалғаумен тұтас түрленуі, ағылшын тілінде семантикалық тұтастық, неміс тілінде қосымшалардың редукциялануы, ұластырғыш жалғаулықтардың болуы және БС-дің ортақ бір екпінге ие болуы осы тілдерде БС-дердің негізгі белгісі ретінде алынады.

Қазақ тілінде **босаралықсыз жазылатындарды екі белгісіне – формалды және семантикалық белгілеріне – қарай топтастырдық**. Формалды белгіні ұластыруыштар көне құрастыруыштар деп бөлдік. Біріншісі, **-лық, -ар, -ғыш, -ты, -ыс, -к, -қы, -лар, -ма** сөз ұластыратын қызметі бар қосымшалар болып табылады. Құрастыруыштарды аффиксоид (**хана, жанды, ара, аралық, құмар, жай, тану**), стандарт (**көш, басы, шөп, от, гүл, хат, той, жегі, ауру, балық**), жинақтаушы (**бас, тікен, тамыр, жапырақ, құрт, тас, ағаш, аяқ, сөз**) тұлғалар деп үшке бөлдік. Мұндағы аффиксоид құрастыруыш соңғы екеуінен мағынасының дерексіздігімен, дербес қолданысының сиректігімен, талғап жалғануымен (жұрнаққа тән сипаттың болуы) ерекшеленсе, стандарт құрастыруыш соңғы топтан өзі құрастырған БС-дің жалпысына ортақ стандарт мағына үстеуімен, сандық жағынан көп БС бере алатындығымен өзгешеленді. Ал толық мағыналы сөздің аффиксоидқа айналуына көп мағыналылық, сөз мағынасының кеңеюі, жалнылануы себеп болады. Тірек компоненттің екі сөзден артық ретте алдыңғы компонентпен бірге тұлғалануы оны аффиксоидқа айналу үрдісінде екенін байқатады. Сөйтіп, ҚТОС-іне енген БС-дердің 30 пайызы формалды белгілердің үлесіне тиетіні анықталды.

Бұл айтылған формалды белгілер бәрін қамти алмайды. Соңдықтан семантикалық белгілерді айқындауға тырыстық. Бір зат не құбылыстың атауы болатын БС-дерді семантикалық белгілерге топтастырдық. Мұнда фразеологиядағы коннотат-денотат теориясын сөздердің бөлек, бірге жазылуына негіздеуге қолданған әдіс басшылыққа алынады. Осы сөздерді уәжді-уәжсіз-идиомалану сипатына қарай эндоцентрлі, экзоцентрлі БС-дер деп екіге бөліп алдық. Мұндағы бірінші топ БС мағынасы құрастырушы сыңарлардың мағынасынан шығу сипатын негізге алады. Бұл топ үшке бөлінетіні анықталды. 1-не экстралингвистикалық мәнділікпен D_2, D_1 , қатынаста тұратын *сармай, құрбақа, көлбақа, ақайрауық, жерошақ* сияқты сөздер жатқызылды. D_2, D_1 , қатынас КС тобына тән болғанмен, бұл топтың универбтенуі олардың терминдік мән алуына байланыстырылды. 2-топқа *жертөле, жертөсек, қонақүй* сияқты экстралингвистикалық мәнділікпен D_1, D_2 қатынастағы сөздер жатқызылды. Бұған көз жеткізу мақсатында трансформация әдісі қолданылды. Ол әдіс универбті ұғымға “жаймалағанда” композит сыңарларының біреуінің сөйлем мүшесі болып жұмсалыуына негізделді. Мысалы, *жертөле* – “уақытша мекендеу үшін жерден қазылып, төбесі жабылған баспана немесе ұрыс даласындағы әскерлердің уақытша баспанасы”, яғни соңғы сыңар сөйлемде қайталанбайды, қатынас көрінеді. Сол сияқты *баспасөз* – “баспадан шығатын газет, журнал” болып, D_1, D_2 , қатынаста тұрса, дәл осы үлгідегі *қаратпа сөз* – “біреуді өзіне қарату үшін айтылатын сөз” болып жаймаланғанда, D_1, D_1 қатынас көрініс беріп, босаралықпен таңбалану негізі ашылды.

Эндоцентрлі БС-дің 3-тобына *қосауыз, ақиық, дөңмаңдай* сияқты бүтіннің орнына бөлшек жұмсалатын синекдохалық қолданыстың атаулық қызметі негізінде жасалған БС-дер жатады. Гипер-гипонимдік қатынастағы бинарлы атаудың жалпы мағынадағы сыңарының эллипсистенуі, алдыңғы екі сөздің

универбтенуі D_1, D_2, D_2, D_1 қатынаста болуынан шығатыны айқындалды, яғни *қосауыз* сөзінің алғашқы компоненті D_1 -ді көрсетсе, соңғы сыңары ауыз емес тесікті, яғни D_2 -ні көрсетеді.

Экзоцентрлі БС-дер БС мағынасының компоненттер мағынасынан шықпау сипатына негізделіп, олар өз ішінде үш топқа бөлінді. 1-топ D_2, D_1, K_1, D_2 қатынаста тұрған метонимиялық қолданыстың атаулық қызметінің актуалдануынан пайда болған *аюқұлақ, қазтабан, бұзаубас* сияқты БС- дерден тұрады. Мұнда бір заттың архисемасы келесі заттың дифференциалды семасына айналу себебі – ұқсату негізінде болса, кейде уәжі көрінбейтін қатынастардың болуы бұл қатарды экзоцентрлі БС-ге жатқызуымызға себеп болды.

2-топ *ақсақал, ақ сүйек, бойкүйез, бақталас, төлтума, қолтаңба* сияқты метафора негізінде пайда болған БС-дерден тұрады. Бұлардың универб формасына көшу негізін іздеуде семалық талдау әдісі қолданылды. Семалық талдау бір тіркесімділіктегі екі сөздің ортақ бір семасының болуына негізделеді. Мысалы, *қолтаңба* сөзінің алғашқы компоненті қол сөзі – “адамның дене мүшесі” деген архисемасынан, “ұстайтын”, “көтеретін”, “жазатын саусағы”, “алақаны” бар “дене мүшесі” деген дифференциалды семаларынан адамның “жазуы” – ауыспалы мағынасында көрінеді. Оның “белгі, мөр” архисемасының мағыналық дамуға түсіп, “адамның жазуы” мағынасындағы таңба атауымен тіркесуі қайталанған қатар семаның біреуінің жұтылуына апарады. Сөйтіп, тіркес универбтелген. Экзоцентрлі БС-дердің бұл тобын K_1, K_1 қатынасында көрсетуге болады. Келесі топ *аққұс, ақлақ, ақжүрек, ақбикеиш, далантопшы, күлдәрі* (үлбіреген жібек мата) *итсабын(өс.), итсандық(өс.)* сияқты K_2, K_2 қатынастағы сөздерді қамтыды. Сонда бірге жазылатын сөздер D_{12}, D_1 қатынасынан бастап, қатынасына дейінгі аралықтағы құрама сөздерді қамтитыны белгілі болды.

Босаралықпен таңбалануды тілдік бірліктің дербес сөз екенін білдіретін синтаксистік құрылымның ерекшелігі деп алып, бөлек тұлғалануды бес сатыға бөлдік: 1) сөйлем мүшелерінің бөлек тұлғалануы; 2) синтаксистік сөз тіркесі деңгейіндегілердің бөлек тұлғалануы (*алтын сағат, күміс қасық, кеңсе құралы, сабақ үлгірімі*); 3) түйдекті тіркестердің бөлек тұлғалануы (*келе жатыр, сабақтан кейін, үйдің алды, егер де*); 4) фразеологиялық тіркестердің бөлек тұлғалануы (*ит әуре, мысық тілеу*); 5) лексикалық синтагмалардың, яғни КС-дердің бөлек тұлғалануы (*тандыр нан, ат қора*).

Күрделі сөздердің босаралықпен таңбалану сипатын ашу үшін оларды сөз таптары аясында қарастырдық.

Күрделі зат есімдердің бөлек жазылуының екі жағдайын көрсеттік. Біріншісінде күрделі сөз компоненттерінің заттық мәнділікпен K_1, K_1 қатынаста тұруы олардың бөлек жазылуына таяныш болды. Оған трансформация тәсілін қолдану арқылы көз жеткіздік. Мысалы: *ортан жілік* – “жамбас пен асықты жілікті ұштастыратын аралық жілік” т.б.

Ал КС компоненттерінің бөлек жазылуының екінші жағдайында соңғы, ортақ компоненттің эллипсистену мүмкіндігі негізге алынды. Мұнда *пәтір нан* – *пәтір, жаппа нан* – *жаппа, куәлік қағаз* – *куәлік, жолдама қағаз* – *жолдама,*

қатынас қағаз – қатынас, мақтау қағаз – мақтау, шақыру қағаз – шақыру; даңғыл жол – даңғыл, тастақ жол – тас- тақ, сокпақжол – соқпақ; шабақ балық – шабақ деп қолданылып, соңғы компонент жасырын қалса да атау мағынасының өзгермеуі ескерілді. Бұны “тасалау” әдісі деп атадық.

Күрделі сан есімдердің босаралықпен таңбалануының мынадай негіздері көрсетілді: ортақ сыңардың алғашқы компонент болуы универбтелуге кедергі келтіреді және күрделі сан есімдер экстралингвистикалық мәнділікпен D_1D_1 қатынаста тұрады; үшіншіден, күрделі сан есімдер кемінде екі құрамды иероглифтермен берілетіні (11,12) де дыбыстық жазуда ескерілуді керек етеді.

Күрделі сын есімдер компоненттері ажыратыла таңбалануы сыңарлардың экстралингвистикалық мәнділікпен тура байланыста тұруынан деп табылды. Мысалы, *сары* – “піскен егіннің немесе жұмыртқаның сарысындай” түсті берсе, *ала* – “ақ пен басқа түстің араласуы” негізінде жасалған түсті білдіреді, сонда *сары ала* “сары мен ақ араласқан түсті” тура атайды.

Күрделі етістік сыңарларының дербес тұлғалануы олардың морфологиялық тұтастығына кедергі келтіреді. Ал қосымшаны тікелей қабылдай алу лексеманың дербестігін көрсетеді.

Сөйтіп, қорыта келгенде, зерттеу нәтижесі мынадай тұжырым жасауға мүмкіндік беретінін айтамыз.

Тілдік бірліктердің бірге, бөлек жазылуы – адамның психо-физиологиялық табиғатына әсер ететін “көру-жазу тіліндегі” ерекше құбылыс. Ол – графикалық шарттылық емес, тілдің мазмұн межесіндегі мағыналық өзгерістерін көрсететін, тілдік бірліктердің сөзайналымдағы сипатын айқындайтын айрықша белгі. Сондықтан емле сөздіктері сөздердің бірге, бөлек жазылу нормаларын қаншалықты кодификациялап отырғанмен, қазақ жазу тәжірибесінде практикалық дағды сөздерді біріктіріп жазу ісінен алға озып отырды.

Тілдегі дыбыстар белгілі бір заңдылықпен біріккенде ғана мағыналы бірлік құрайтыны сияқты, дербестігін жоғалтқан сыңар екінші сыңарға қосылып, басқа мағынаға, жаңа қолданысқа көше алады.

Бір зат не құбылыстың атауы болатын күрделі лексема атаулық жиілікке түскен сайын бірге таңбалану үрдісіне ұшырай бастайды. Бұл – әсіресе соңғы позициядағы ортақ компоненті бар КС-дерге қатысты. Оның бір себебі – тілдің жалғамалылық сипатынан өрбісе, екінші себебі – көп денотатқа ортақ сыңардың мағыналық құрылымындағы бірнеше дифференциалды семалардың пассив элементке айналуына баланысты. Осыған байланысты мынадай ерекшелікті атауға болады. Ол – алдыңғы позициядағы ортақ сыңарлы құрама сөздер соңғы позициядағы ортақ сыңарлы құрама сөздерге қарағанда бірігу құбылысына жиі ұшырамайтындығы.

Сөздердің бірге тұлғалануы алдымен семантикалық тұтастықпен ұштасып жатады.

Сөздер бірігуіне форма жағы да әсер етеді. Көп буынды сөздер бірігуін сана “ауыр” қабылдайды. Сол себепті тілде қысқарту амалы пайда болған.

Қазақ тіліндегі жиі қолданылатын БС-дер 3000-дай болса, әр түрлі ғылым салаларының біріккен тұлғалы терминдік атаулары 2000-нан асады. Бұл сандық көрсеткіш жалпы сөздік қордағы БС үлесінің қомақты емес екенін көрсетеді. Себебі қазақ тілі орфографиялық ережелері мен емле сөздіктері жазу тәжірибесінде сөздердің ретсіз бірігуіне регламент қойып отырды.

Тіл өзінің даму барысында БС-дердің молайып отыруымен ерекшеленетін болады. Ақпараттар ағынының молаюы тілдің қоғамдық өмірдің сан алуан саласындағы қызметін жандандырып, өз ішінде үнемдеу үрдісін күшейте түседі.

“Тіл дамуына қатысты бірінші оппозицияның бірі – тілдің үнемі күрделенуін, екіншісі – оның үнемі жеңілдеуін қамтамасыз етеді. Бұл – оппозициядағы тенденциялар біріне-бірі қарама-қарсы қызмет етіп, тіл дамуындағы екі процестің тепе-теңдік сақтауын жүзеге асырады” (165. 28- 30). БС – тілдегі үнемділік заңының нәтижесі.

Сөздерді біріктіру абстракті ойлаудың жоғары сатысын көрсетеді.

Түркі тілдерінің бүкіл грамматикалық және сөзжасам жүйесінде аналитикалық тәсілдің алатын орны ерекше. КС сыңарларының дистант түрінде байланыспауы үндіевропа тілдеріндегідей БС жасай бермейді. Бұл жайт тілдің жалғамалық сипатынан туындайды.

Тілдік бірліктердің бірге, бөлек таңбалануы – психологиямен, логикамен, психолингвистикамен, жазу мәдениетімен тікелей байланысты, кешенді түрде зерттеуді қажет ететін аса күрделі мәселе. Бұл проблема төңірегінде басы ашылмай жатқан едәуір қиындықтар бар. Ал сөздердің бірге, бөлек жазылу мәселесін шешу БС, КС және сөз тіркесі тәрізді аса күрделі лингвистикалық ұғымдарының арасын айқындайтын теориялық мәселеге тәуелді.

Сондықтан тілдік таңбаның екі жақты сипатын негізге ала отырып, сөздерді бірге немесе бөлек жазу мәселесін психологиямен, логикамен, психолингвистикамен байланысты теориялық зерттеулерге сүйене отырып, анықтау болашақтың ісі дейміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Волков А. А. Грамматология. М., 1982.-176 с.
2. Уәлиұлы Н. Орфография // Қазақ тілі энциклопедиясы. Алматы: ІДК-ТІРО, 1998.- 509 б.
3. Чобанзаде М. Қазақ тілі емлесінің ірге кезендері // “Еңбекші қазақ”, 1929. 27.03.
4. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. Алматы: Ана тілі, 1992.- 447 б.
5. Уәлиев Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері // фил. ғыл. канд. ғыл. дәр. алу үшін дайындаған дисс. Алматы, 1993.-162 б.
6. Байтұрсынұлы А. Емле туралы// “Еңбекші қазақ”, 1929.27.03.
7. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: Ғылым, 1966.-361 б.
8. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. Алматы: Рауан, 1991. -216 б.
9. Уфимцева А. Семантика слова // Аспекты семантических исследований. М., 1980.-356 с.
10. Хасанов . Сөздің лексикалық мағынасының құрылымы // фил. ғыл. канд. дәрежесін алу үшін жазылған диссертацияның авторефераты. Алматы, 1997.-25 б.
11. Тектігұлова Ж. Жұбанов және қазақ тілі тарихи грамматикасының проблемалары // фил. ғыл. канд. дәрежесін алу үшін жазылған диссертацияның авторефераты. Алматы, 1994.-24 б.
12. Ахметов Ш. Күрделі сөздер мен біріккен сөздердің ережелері туралы // Қазақстан мұғалімі, 1953,4.04. № 15; Балақаев М. Біріккен сөздердің емлесі туралы //Социалистік Қазақстан,1940, 5.05. № 4.; Бегалиев Ф. Біріккен сөздердің емлесі жайлы // Ғылыми еңбектер жинағы XI том, Алматы, 1946.; Жәркешова Г. Біріккен сөздердің жазылуы // Халық мұғалімі, 1950, № 8.; Жиенбаев С. Тағы да біріккен сөздер емлесі жайлы //Халық мұғалімі, 1940, № 7-8; Қозыбаев С. Бірге жазылатын сөздер емлесі // Социалистік құрылыс, 1958, 5.01. № 4; Мышанов М. Бірге жазылатын сөздердің емлесі // Социалистік құрылыс, 22.12. 1957.; Нүсіпов М. Жаңа ереже бойынша қосылып жазылатын сөздер // Халық мұғалімі, 1940, № 4; Сарыбаев Ш.Х. Қосылып жазылатын сөздер мен қосылмай жазылатын сөздер //Жаңа жазу, 1941,17.10. № 36; Сыздықова Р. Бөлек жазылатын сөздер // Социалистік Қазақстан, 1957, 18.06.
13. Мұсабаев Ф. Біріктіріліп жазылатын сөздер // Қазақ тілі мен әдебиеті, 1958, № 6.; Мышанов М. Бірге жазылатын сөздердің емлесі туралы // Халық мұғалімі, 1951, № 2;
14. Шаменов К Біріккен сөздердің жазылуы туралы // Халық мұғалімі, 1951, № 4; Ысқақов А. Біріккен сөздердің жазылуы туралы // Халық мұғалімі, 1941, № 1-2.
15. Ермеков Ә. Семантика слитных слов в казахской лексике // автореф. дисс. на соиск. уч. степ. канд.фил. наук. Алматы, 1950. -9 с.

16. *Жәркешова Г.* Біріккен сөз бен сөз тіркестерінің орфографиялық сөздігі. Алматы, 1960. -126 б.
17. *Жәркешова Г.* Қазіргі қазақ әдеби тілінегі біріккен сөздер // фил. ғыл. канд. дәрежесін алу үшін жазылған диссертацияның авторефераты. Алматы, 1949. -6 б.
18. *Ысқақов А.* Қазіргі қазақ тілі морфологиясы. Алматы: Мектеп, 1964. -398 б.
19. *Балақаев М.Б.* Жаңа әліппе мен емле проектісі туралы // Социалистік Қазақстан, 1939, 24 тамыз; Орфографияға енетін өзгерістер // Социалистік Қазақстан, 5 қаңтар, 1940; Қазақ тілі емлесі мен терминологиясының кейбір мәселелері // Қазақ ССР ҒА-ның хабаршысы, N3, 1947; Вопросы казахской орфографии и графики // Вестник АН Каз ССР, № 12, 1951; Орфографияның бірер ережелері туралы // Қазақстан мұғалімі, 6 наурыз, 1953.
20. *Балақаев М.Б.* Қазақ әдеби тілі. Алматы: Ғылым, 1987. -272 б.
21. *Балақаев М.Б.* Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. Алматы: Мектеп, 1989. -96 б.
22. *Аханов К.* Грамматика теориясының негіздері. Алматы: Санат, 1996. -240 б.
23. *Сыздықова Р.* Бөлек жазылатын сөздер // Социалистік Қазақстан, 1957.18.06.
24. *Сыздықова Р.* Қазақ тілі орфографиясы мен пунктуациясы жайындағы анықтағыш. Алматы: Оқу пед. баспасы, 1959. -224 б.
25. *Р. Сыздықова.* Емле және тыныс белгілері жайында анықтағыш. Алматы: Рауан, 1996. -288 б.
26. *Оралбаева Н.* Күрделі сөздер // ҒА Хабарлары, 1999. № 2. -103 б.
27. *Уәлиұлы Н., Алдашева А.* Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. Алматы: Ғылым, 1988. -111 б.
28. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. Алматы: Ғылым, 1989-368 б.
29. *Қалиев Б.* Лексико-семантическая и морфологическая структура названий растений в казахском языке. Алматы: Мектеп, 1996. -168 с.
30. *Қалиев Б.* Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары. Алматы: Ғылым, 1988-160 б.
31. Қазақ тілі (фонетика мен морфология). Алматы, 1962. -316 б.
32. *Қайдар Ә.* Күрделі сөздер // Қазақ тілі энциклопедиясы. Алматы: ІДК-ТІРО, 1998. -509 б.
33. *Ахабаев Ә.* Кейбір күрделі сөздерді оқыту әдісі // Қазақ тіл мен әдебиеті. 1991. № 3.
34. *Сыздықова Р.* Бөлек жазылатын сөздер // Қазақ тілі мен әдебиеті, 1958. № 3.
35. *Қалиқызы Б.* Шектеулі тіркестердің мағыналық топтары // Қазақ тілі мен әдебиеті 1997. № 3-4.
36. *Айтбайұлы Ө.* Қазақ сөзі. Алматы: Рауан, 1997. -240 б.

37. *Исаев С. М.* Қазақ тілі тұрақты тіркестердің бір тегі жөнінде // Қазақстан мектебі, 1965. № 99.
38. *Исаев С.М.* “Қазіргі қазақ тілі (морфология)” курсы бойынша теориялық және практикалық сабақтың мазмұны. Алматы: Республикалық баспа кабинеті. 1991. -121 б.
39. *Аблақов Ә., Исаев С., Азманов Е.* Қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің дамуы мен лексикалану процесі. Алматы: Санат, 1997. -319 б.
40. *Айдаров Г.* Язык памятника Кюльтегину. Алматы: Ғылым, 1993. -280 с.
41. *Жанпейісов Е.* Этнокультурная лексика казахского языка. Алматы: Наука, 1989. -282 с.
42. *Кунин А. В.* Курс фразеологии современного английского языка. М.: Высшая школа, 1986. -336 с.
43. *Реформатский А.А.* Введение в языковедение. М.: Просвещение, 1967. -589 с.
44. *Бортничук Е.Н., Василенко И.В., Пастушенко Л. П.* Словообразование в современном английском языке. Киев, 1988. -261 с.
45. *Общее языкознание.* Минск. Высшая школа, 1983, -456 с.
46. *Амирова Т.А.* К истории и теории графемики. М: Наука, 1977. -190 с.
47. *Маслов Ю. С.* Введение в языкознание. М.: Высшая школа, 1987. -272 с.
48. *Иванова В.Ф.* Современный русский язык. Графика и орфография. М.: Просвещение, 1976. -288 с.
49. *Щерба Л.В.* Теория русского письма. Л.: Наука, 1983. -133 с.
50. *Щерба Л.В.* Основные принципы орфографии и их социальное значение // Избранные работы по русскому языку. М., 1957. -187 с.
51. *Кузьмина С.М.* Теория русской орфографии. М.: Наука, 1981. -264 с.
52. *Рождественский Ю.В.* Лекции по общему языкознанию. М.: Высшая школа, 1990. -380 с.
53. *Щерба Л.В.* Языковая система и речевая деятельность. Л.: Наука, 1974. -424 с.
54. *Истрин В.А.* Развитие письма. М., 1961. -396 с.
55. *Моррис Ч. У* Основания теории знаков // Семиотика. М.: Радуга, 1983. -635 с.
56. *Головин Б.Н.* Введение в языкознание. М.: Высшая школа, 1973. -319 с.
57. Қазақ әдеби тілінің тарихи көздері. Алматы: Ғылым, 1989. -256 б.
58. *Құдасов С Ж.* Дана Хикар сөзінің тілі. Алматы: Ғылым, 1990-120 б.
59. *Доспағамбетова М. Л. В.* Будаговтың “Сравнительный словарь турецко-татарских наречий” еңбегінің тақырыптық аясы // Ахметтану тағалымдары. Алматы: Ғылым, 1998. -294 б.
60. *Әбілқасымов В.* XIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдеби тілінің жазба нұсқалары. Алматы: Ғылым, 1988. -144 б.
61. *Сыздықова Р.* Язык Жами-ат-тауарих Жалаири. Алматы: Наука, 1989. -243 с.

62. Әбілкасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. Алматы: Ғылым, 1971. -182 б.
63. Отарбекова Ж. “Жами-ат-тауарих” тіліндегі сөзжасам // ф.ғ.к. дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. Алматы, 1997. -164б.
64. Хұсайынов К.Ш. В. В. Радлов и казахский язык. Алматы: Наука, 1981. -182 с.
65. Джунисбеков А. Сингармонизм в казахском языке. Алматы: Наука, 1986. -78 с.
66. Исаев С.М. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы: Мектеп, 1989. -192 б.
67. Мешков О.Д. Словообразование в современном английском языке. М.: Высшая школа, 1985.,-187 с.
68. Реформатский А.А. Упорядочение русского правописания //РЯШ, 1937.
69. Петерсон М.Н. Система русского правописания. М., 1955. -108 с.; Шатира А.Б. Русское правописание. М., 1961. -245 с.; Розенталь Ф.Е. К вопросу о правописании сложных слов // Вопросы русской орфографии. М., 1964. -136 с.; Вопросы словообразования и фразообразования в германских языках, М., 1980.-246 с. Вып.164.; Степанова М.Д., Фляйшер Б. Теоретические основы словообразования в немецком языке. М., 1984. -213 с.
70. Гвоздев А.Н. Основы русской орфографии. М., 1954; -119 с.
71. Марр Н.Я. Основные вопросы истории языка. Л.,1937. Т.IV. -328 с.
72. Десницкая А.В. Вопросы изучения родства ивдоевропейских языков. М.-Л., 1955. -331 с.; Ахманова О. С. О разграничении слова и словосочетания // автореф. дисс. на соиск. уч. степ. докт. фил. наук. М., 1954. -37с., Жирмунский В.М. Общее и германское языкознание. Л., 1976. -692 с.; Кодухов В.И. Введение в языкознание. М., 1979. -351 с.
73. Кодухов В.И. Введение в языкознание. М., 1979. -351 с.
74. Жирмунский В.М. Общее и германское языкознание. Л.,1976. -692 с.
75. Виноградов В.В. Вопросы изучения словосочетаний //Вопросы языкознания, 1954, № 3.
76. Комарова Л.Н. К вопросу о правописании сложных прилагательных // Нерешенные вопросы русского правописания. М.: Наука, 1974. -304 с.; Алгазина Н.Н. Трудные случаи правописания. М.: Ак.пед.наук РСФСР, 1961. -83 с.
77. Копыленко М.М., Шубов Я. И Правописание сложных слов // О современной русской орфографии. М.: Наука, 1964. -159 с.
78. Кайдалова А.И., Калинина*И.К. Современная русская орфография. М.: Высшая школа, 1973. -287 с.
79. Новикова Н.Н. Синсемантика существительных и именное словосложение в современном немецком языке // Сборник научных трудов. Вып. 118. М., 1978. -255 с.

80. Полякова Л.И. Внутренняя валентность коллоквиальных глаголов современного немецкого языка // Сборник научных трудов. Вып. 118. М., 1978. -255 с.
81. Степанова М.Д. Словообразование современного немецкого язык. М., 1953. -375 с.
82. Ахманова О. С. О разграничении слова и словосочетания // автореф. дисс. на соиск. уч. степ. докт. фил. наук. М., 1954. -37 с.
83. Копыленко М.М. Правописания сложных слов// О современной русской орфографии. М.: Наука, 1964. -159 с. Букчина Б.З., Калакуцкая Л.П. Лингвистические отношения орфографического оформления сложных слов // Нерешенные вопросы русского правописания. М., 1974. -304 с.
84. Белова АЮ. Мотивированность терминов естественных наук // Активные процессы в языке и речи. Саратов, 1991. -142 с,
85. Обзор предложений по усовершенствованию русской орфографии. М., 1965. -497 с.
86. Ваиунин В.С. Субстантивные сложные слова в немецком языке. М.: Высшая школа, 1990. -159 с.
87. Котова О А. Номинативные формы имплицитной реализации предикативного знака в речи // Словообразование и проблемы номинации в германских языках. Горький, 1985. -120 с.
88. Ваиунин В. С. Дефиниционная аналогия в процессах композитообразования современного немецкого языка // Словообразование и проблемы номинации в германских языках. Горький, 1985. -120 с.
89. Кукушкина А. Т. Особенности языковой экономии в структуре сложного слова // Теоретические вопросы немецкой филологии. Горький, 1974. -147.; Pavlov V.M. Die substantivische Zusammensetzung im Deutsche als syntaktisches Problem.-Munchen,-S. 179.; Polenz P. Wordbildung// Lexikon der germanistischen Linguistik. Tudingen, 1973. -S. 164.
90. Райхштейн А.Д. О механизмах экспрессивно-оценочной номинации в современном немецком языке // Словообразование и проблемы номинации в германских языках. Горький, 1985. -120 с., Колпакова Г.В. О типах ассиметрии и номинации в системе экспрессивного немецкого словосложения. Солдатова О.П. Особенности номинации сложных слов., Глушак Т.С., Черкас М.А. Голикова Н.Н. Номинационный потенциал субстантивного композита в немецком языке // Номинация и словообразование. Калинин, 1989. -136 с.
91. Кирсанов А.Л. Именное словосложение в немецком языке. Одесса, 1976. -61 с.
92. Бутов А.П. Полуаффиксы как проблема переходных категорий в словообразовании // Словообразование и проблемы номинации в германских языках. Горький, 1985. -120 с.
93. Мешков М.Д. Семантические аспекты английского словообразования. М., 1975. -208 с.

94. *Ысқақов А.* Қазақ тіліндегі кейбір жұрнақтарының қызметі мен қолданылу өресінің кеңеюі жайында // Тіл мәдениеті және баспасөз. Алматы: Ғылым, 1972. -223 б.; Қазақ терминологиясының мәселелері. Алматы: Ғылым, 1986. -168 б.
95. *Исаев С.* Қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты Алматы: Рауан, 1998. -304 б.
96. *Ленин В. И.* Философиялық дәптерлер // Толық шығармалар жинағы. Алматы: Қазақстан, 1980. 38т. -664 б.
97. Лингвистический энциклопедический словарь. М.: Советская энциклопедия, 1990. -437 с.
98. Қазақ терминологиясының мәселелері. Алматы: Ғылым, 1986. -168 б.
99. *Реформатский А.* Что такое термин и терминология // Вопросы терминологии. М., 1961. '225 с.
100. *Хмелик Л.Я.* Комбинирующая форма с системе средств английского словообразования // автореф. на соиск. уч. степ. к.ф.н. Киев, 1973. -29 с.
101. *Садуақасов Ж.* Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің жақ категориясы. Алматы: Маржан, 1994. -128 б.
102. *Щербак А. М.* Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков. Глагол. Л, 1987. -149 с.
103. *Цыбова И.А.* Определите значение слова. М: Международное отношение, 1981. -104 с.
104. *Айдарбек К,* Ономазиологический анализ именованя лиц // автореф. дисс.на соиск.уч.степ.к.ф.н. Алматы, 1999. -26 с.
105. *Бартков Б. И.* О статусе некоторых постфиксальных словообразовательных формантов в современном английском языке // Особенности аффиксального словообразования в терминосистемах и норме. Владивосток, 1979. -143 с.
106. *Рустемов Л.* Қазіргі қазақ тіліндегі араб, парсы кірме сөздері // Қазақ терминологиясының мәселелері. Алматы: Ғылым, 1982. -168 б.
107. *Алдашева А.* Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. Алматы: Арыс, 1998. -215 б.
108. Семантическая структура слова. М.: Наука, 1971. -263 с.
109. *Дмитриев Н.К.* Грамматика башкирского языка. М.-Л., 1948.-213 с.
110. *Барлыбаев Р.* Қазақ тілі сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы. Алматы: Мектеп, 1968. -69 б.
111. *Сыздықова Р.* Сөздер сөйлейді. Алматы: Санат, 1994. -272 б.
112. *Степанов Ю. С.* Основы общего языкознания М: Просвещение, 1975. -271 с.
113. *Манкеева Ж.* Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. Алматы: Ғылым, 1997. -272 б.
114. *Леонтьев АЛ.* Психологическая структура значения // Семантическая структура слова. М: Наука, 1971. -213 с.

115. Копыленко М.М., Попова З. М. Очерки по общей фразеологии. Воронеж, 1989. -190 с.
116. Н. Paul Prinzipien der Sprachgeschichte. Aufe. 2, Halle, 1886. Степанова М.Д. Словообразование современного немецкого языка. М, 1953. -375 с.; Б.И.Бартков О статусе некоторых постфиксальных словообразовательных формантов в современном английском языке // Особенности аффиксального словообразования в терминосистемах и норме. Владивосток, 1979. -143 с.
117. Кузнецов А. М. От компонентного анализа к компонентному синтезу. М.: Наука, 1986. -123 с.
118. Кубрякова Е.С. Части речи в ономаσιологическом освещении. М.: Наука, 1978. -113 с.
119. Серғалиев М. Метафора // Қазақ тілі энциклопедиясы. Алматы, 1998. -509 б.
120. Гак В.Г. Семантическая структура слова как компонент структуры высказывания // Семантическая структура слова. М.: Наука, 1971. -263 с.
121. Жуков В.П. Семантика фразеологических оборотов. М.: Просвещение, 1978. -160 с.
122. Бондаренко В.С. О номинативном аспекте устойчивых фраз // Проблемы русской фразеологии (Семантика фразеологических единиц). Тула, 1975. -137 с.
123. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық- мәдени аспектілері // фил. ғыл. докторы ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. Алматы, 1998. -264 б.
124. Сыздықова Р. Тілдегі жаңалықтардың сыры неде // Ана тілі, 1991, 12 желтоқсан.
125. Байтелиев А.А., Баймаханов Т.М. Об одном типе фразеологических единиц // Сложные синтаксические конструкции и их текстообразующая функция. Алматы, 1988. -77 с.
126. Степанова М.Д. Вопросы компонентного анализа в лексике // Иностранный язык в школе. 1966, № 5; Степанова М.Д. Методы синхронного анализа лексики. М.: Высшая школа, 1968. -146 с.
127. Гулыга КВ., Шендельс ЕЖ О компонентном анализе значимых единиц языка // Принципы и методы семантических исследований. М.: Наука, 1976. -377с.; Бережин С.Г. Семантическая эквивалентность лексических единиц. Кишинев, 1973. -131 с.; Гинзбург Р.С. Компонентный анализ и компонентная структура значения слова // Проблема семантики. Сборник научных трудов. Рига, 1982. -208 с.; Зевахина Т.С. Компонентный анализ: современное состояние и перспективы // Проблема семантики. Сборник научных трудов. Рига, 1982. -208 с.
128. Кузнецов Г.С. О языке и речи. Вестник МУ. 1961. № 4.
129. Васильев Л.М. Семантика русского глагола. М.: Высшая школа, 1981. -184 с.

130. *Кузнецова Э.В.* Лексикология русского языка. М., 1989. -216 с.
131. *Богданов В.В.* О ближайшем и дальнейшем значении и о "ближайшей" и "дальнейшей" лингвистике // Проблемы комплексного анализа языка и речи. Л.: ЛГУ, 1982. -219 с.
132. Тіл білімі сөздігі. Алматы: Ғылым, 1998. -544 б.
133. *Сағындықұлы Б.* Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. Алматы: Санат, 1994. -168 б.
134. *Мартине А.* Принцип экономии в фонетических изменениях. М., 1960. -260 с.
135. *Мырзабеков С.* Қазіргі қазақ тілі фонетикасы. Алматы: Қазақ университеті, 1997. -217 б.
136. *Айғабылов А.* Қазақ тілі морфонологиясы. Алматы: Санат, 1995. -136 б.
137. *Аманжааов С., Кеңесбаев І.* Қазақ типінің орфографиялық сөздігі Алматы, 1941. -123 б.; Балақаев М. Емле сөздігі. Алматы, 1948. -124 б.
138. *Қалиев Б.* Біріккен сөздердің жазылуы жайында // Сөз өнері. Алматы: Ғылым, 1978. -184 б.
139. *Қалиев Б.* Қазақ тілі орфографиялық сөздігі туралы // ҚР ҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы, 1984. № 2.
140. *Жиенбаева А.* Биология терминдері жайында // Тіл мәдениеті және баспасөз. Алматы: Ғылым, 1972. -224 б.
141. *Қалиев Б.* Өсімдік атауларына байланысты кейбір ерекшеліктер және олардың сөздіктегі көрінісі // Қазақ терминологиясының мәселелері. Алматы: Ғылым, 1986. -168 б.
142. *Потебня АА.* Из записок по русской грамматике. т.І-ІІ. М., 1958. -535 с.
143. *Уәлиұлы Н.* Фразеология және тілдік норма. Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1998. -128 б.
144. *Қайдаров Ә., Ақтамбердиева З., Өмірбеков Б.* Қазақ тіліндегі түртүс атаулары. Алматы: Ана тілі, 1992. -160 б.
145. *Томанов М.* Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Алматы: Мектеп, 1981. -264 б.
146. *Шакенов Ж.* Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім категориясы. Алматы, 1961. -79 б.
147. *Есперсен О.* Философия грамматикi. М., 1958. -404 с.
148. *Балақаев М.* Қазіргі қазақ тілі. Алматы: Ана тілі, 1992. -246 б.
149. *Маманов Ы.* Қазіргі қазақ тілі (лекция текстері). Алматы, 1973. -88 б.
150. *Шанский Н.М.* Лексикология современного русского языка. М., -1964. -327 с.
151. Языковая номинация. Виды наименований. М.: Наука, 1977. -359 с.
152. *Сайрамбаев Т.* Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі сөз тіркестері. Алматы: Мектеп, 1981. -200 б.

153. Хусаинов К.Ш. Звукоизобразительность номинации в казахском языке // Дисс. на соиск. уч. степени д.ф.н. Алма-Ата, 1988. -331 с.
154. Мещанинов И.И. Члены предложения и части речи М., 1945. -322 с.
155. Арутюнова Н.А. Синтаксис // Общее языкознание. М, 1972. -338 с.
156. Ильясова Н. Қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің номинативті мәні туралы // Тілдік жүйе және құрылым. Алматы: Ғылым, 1997. -233 б.
157. Севортян Э.В. соотношению грамматики и лексики в тюркских языках // Вопросы теории и истории языка в свете трудов И.В.Сталина по языкознанию. М., 1952. -186 с.
158. Морковкин В.В. Опыт идеографического описания лексики. М., 1977. -166 с.
159. Оразов М. Қазақ тілі семантикасы // ф.ғ.д. ғылыми атағын алу үшін жаз. дисс. Алматы, 1983*-415 б.
160. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасам жүйесі. Алматы: Ғылым, 1988. -104 б.
161. Опыт совершенствования алфавитов и орфографии языков народов СССР. М.: Наука, 1982. -226 с.
162. Қасым Б., Шаймарданова К. Күрделі етістік проблемасы // Қазақ тілі грамматикасы және лингводидактика мәселелері. Алматы, 1991. -116 б.
163. Қасым.Б. Құранды етістік // Қазақ тілі грамматикасы және лингводидактика мәселелері. Алматы, 1997. -116 б.
164. Оралбаева Н. Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттарының құрылысы мен мағынасы. Алматы: Ғылым, 1979. -195 б.
165. Оралбаева Н. Қазақ тілінің грамматикалық құрылысының совет дәуірінде дамуы // ҚазССР ҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы, 1981, № 1.

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШАРТТЫ АТАУЛАР

БС – біріккен сөз

КС – күрделі сөз

ҚТОС – қазақ тілінің орфографиялық сөздігі

ҚТТС – қазақ тілінің түсіндірме сөздігі

БІРГЕ және БӨЛЕК
ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕРДІҢ
ОРФОГРАФИЯСЫ

Редакторы
Марат РЫСҚҰЛОВ

Техникалық редакторы
Санат ТӨРЕБАЙҰЛЫ

"Комплекс" баспаханасы
050010, Алматы қаласы, Құрманғазы көшесі, 29
тел: (3272)61-01-79

Теруге 07.02.2005 жіберілді. Басуға 10.03.2005 қол қойылды. Пішімі 84x108 1/32 .
Қаріп түрі "Таймс Каз". Көлемі 9,25 баспа табақ. Таралымы 500 дана. Тапсырыс
№ 590

